



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ

# ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

XIV ТОМ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

# ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

СӨЗДЕР, СҮХБАТТАР

XIV ТОМ



KULTECIN

АСТАНА

2013

УДК 342  
ББК 67. 400.6  
Н 86

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитеті "Әдебиеттің өлеуметтік маңызды түрлерін  
басып шығару" бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Жобаның авторы: М. ЖОЛДАСБЕКОВ,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор

**Ғылыми кеңесші: М. ҚАСЫМБЕКОВ,**  
саясат ғылымдарының докторы

**Жалпы редакциясын басқарған: Е. СЫДЫҚОВ,**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Н 86 Нұрсұлтан Назарбаев:**  
**ЕЛМЕН СЫРЛАСУ.** – Астана: – Құлтегін баспасы, 2013.  
Т. 14. – 272 б.  
ISBN 978-601-7318-36-9

"Елмен сырласу" – Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, оның тұнғыш Президенті Н. Назарбаевтың халық алдындағы тарихи парызын терең сезіне білетін азаматтық жауапкершілігін, тұрақтылық пен ұлтаралық татулық идеясын Қазақстан аясында ғана жүзеге асырып қоймай, әлемдік деңгейге көтерген көрегендігін, әлемдік деңгейдегі қайраткерлігін айқара ашып көрсететін көп томдық шығарма.

Басылымда Н. Назарбаевтың қоғам дамуының 1997 жылдың екінші жартысындағы өнегелілікпен өрілген баяндамалары, мәлімдемелері, ақпарат құралдары өкілдеріне берген сұхбаттары, оқыған дәрістері енгізілген.

Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, саясатшыларға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ өз елінің тарихын танып білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

УДК 342  
ББК 67. 400.6

ISBN 978-601-7318-36-9

«Құлтегін» баспасы, 2013.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н.Ә. НАЗАРЕЦЕВТЫҢ КХР ТОРАҒАСЫ ЦЯЛЫ ҚАЗАНИНГ  
ЖОЛДАҒАН ЖЕДЕКСІРІ

Астана, 2 наурыз 2007 жыл



Кезіндегі  
жадындағы  
жербенде  
көмекшілік  
тәсілдердің  
бірнеше  
бұлактары  
демек, көмекшілік  
жербенде  
көмекшілік  
факты, сондай  
тапсынын  
безақарлығы

Себеzi қале-ніберд, жатай  
шілде, жибсыз міншеттес  
пен олардың түрлі тәсілдердің  
жадындағы  
жербенде көмекшілік  
тәсілдердің  
бірнеше  
бұлактар

*Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты - қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастыры, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Егер біз қоғам мен халықтың түрлі топтарының қажеттіктерін дұрыс ескеруге, басымдықтарды дәл айқындал, олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге қабілетті болсақ, онда бұл ақиқатқа айналады.*

**НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚХР ТӨРАҒАСЫ ЦЗЯН ЦЗЭМИНЬГЕ  
ЖОЛДАҒАН ЖЕДЕЛХАТЫ\***

*Алматы, 2 шілде 1997 жыл*

Қазақстан халқы мен жеке өзімнің атымнан Сізді және бүкіл қытай халқын тарихи оқиға – Қытай Халық Республикасы егемендігінің Гонконгта қалпына келтірілуімен құттықтаймын. Ұлы Қытай үшін көптен күткен осы күн, оның басшылығы мен халқының бұдан бұрын бөліп алынған аумаққа қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі көп жылдық күш-жігерінің жемісі болғанын білдіреді.

Қытай Халық Республикасы мен оның халқына гүлдену, игілік және бақыт, сондай-ақ Қытайдың бейбіт жолмен бірігу ісінде жаңа табыстар тілеймін.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 2 шілде 1997 жыл.

**ТЕЛЕГРАММА**  
**ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА**  
**ПРЕДСЕДАТЕЛЮ КНР ЦЗЯН ЦЗЭМИНЮ\***

---

*Алматы, 2 июля 1997 года*

От имени народа Казахстана и от себя лично сердечно поздравляю Вас и весь китайский народ с историческим событием – восстановлением суверенитета Китайской Народной Республики над Гонконгом.

Этот долгожданный для великого Китая день венчает многолетние усилия его руководства и народа по восстановлению исторической справедливости в отношении ранее отторгнутой территории.

Я пожелаю КНР и ее народу процветания, благополучия и счастья, а также новых достижений в деле мирного объединения Китая.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 2 июля 1997 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ МӘДЕНИЕТТІ, БІЛІМДІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК  
БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕ ҚОРДЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТТІК СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ 1997 ЖЫЛГЫ  
СТИПЕНДИАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСУ КЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

Алматы, 3 шілде 1997 жыл

**ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ  
БАСТЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ**

— Қоғамдық өмірдегі құнды да баянды байлық – өнер мен әдебиет. Бұл біздің рухани негізіміз, қашан да елдің бағасы оның мәдени дәрежесімен өлшенеді. Сол мәдениетті жасап жатқан мына Сіздермен кездесу, пікірлесу бүгінгі күн талабынан туып жатқан өзекіларды мәселелердің бірі.

Қытайдың ұлы философы Конфуций айтты: "Егер адамды тек заңмен ғана тәрбиелесе, ол заңнан қорықканнан ғана қылмысқа бармауы мүмкін. Адамға қылмысты жек көргізу үшін оны ізгілік, адамгершілік рухында тәрбие-леу керек", – деп.

Ал философ айтқан адамгершілік рухын бойға сініретін күш – мемлекеттік билік жүйесі емес, өнер мен әдебиет.

Ендеше, өнерсіз, әдебиетсіз өркениетті қоғам орнату мүмкін емес.

Екіншіден, біздің, шын мәнінде, өзге іргелі елдермен терезе теңестіретін жетістігіміз – осы өнер мен әдебиет. Біздің әдеби мұраларымыз өте бай. Сонау әйгілі жыраулардан бастап, данышпан Абай мен ұлы Әуезов бастаған алыптар тобы – бізді ешбір елдің алдында ұялтпайтын рухани асыл қазыналарымыз.

Сондықтан осы қазынаны жүдептей, оны байыту, дамыту бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі.

Рас, елге түскен қыындық мәдениетке де түсіп тұр. Оны жасыра алмаймыз.

Экономикалық проблемалар өмірдің барлық саласына өз әсерін тигізуде.

Еліміздің еркесі болған талантты ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері бұл күнде тұрмыс тапшылығын бастан кешуде.

Баспалар, театрлар, шығармашылық одактар, басқа да мәдени салалар осындағы бір қын кезеңнің қыспағында тұр.

Егер Италиядагы атақты Ла Скала опера театры негізінен меценаттардың көмегімен өмір сүрсе, бізде әзірге ондай жанашыр іскерлер болмай жатыр. Үкімет бөлген қаражат бар тесікті бітеуге жетпейді.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 4 шілде 1997 жыл.

Бірақ біз мынаны естен шығармауымыз керек. Біріншіден, мұндай өтпелі дәуірді бастаң өткерменетті ел жоқ. Бұл айналып өтуге болмайтын тарихи құбылыс. Екіншіден, біз бүгін экономика саласында ең қызын межеден өттік деп айта аламыз. Яғни "көрі кету" процесі тоқтады. Енді осы азғантай табысты үстістан шығармай, ілгері қадам жасауымыз керек. Мен бұл туралы жақында Ақмолада өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының IV сессиясында да толығынан айтып өттім.

Алайда бұл арада басқа мәселені қозғағым келіп отыр. Бүгінгі саясаттың мәні мен мақсаты, ел намысына тиетін қиянқы сездер мен қайсыбір кертартпа күштерге берілер жауап – осының бәрі тек Президенттің аузымен ғана айтылуға тиісті ме?

Ұлт мұддесін көздейтін қоғамдық күштер қайда? Озық ойлы азаматтар қайда?

Тұрасын айтсақ, бүгінгі тарихи процестерге белсене араласу да, қоғамды рухани сауықтыру мен халықтың бірлестігін, татулығын нығайтуда – біздің зиялы қауым өкілдері өз мүмкіндіктерін жеткілікті пайдалана алмай жүр.

Қайсыбір ақын-жазушыларымыз өздерінің шығармаларында бүгінгі нарықты құбыжық етіп көрсеткеннен әрі аса алмайды. Халықты нарықпен қорқытудың қажеті жоқ. Ол социализм секілді қолдан жасалған эксперимент емес, барлық өркениетті елдер ұстанған дамудың табиғи жолы. Сондықтан елді үрейлендірмей, керісінше жігерлендіру жағын қарастыру керек.

Ана жұзді, мына жұзді айтып, жеке бастың кикілжідерін қоздырып, елге іріткі салудың қажеті жоқ, халықты сабырға, бірлікке, татулыққа шақыру керек. Қазақ өзімен-өзі тату болмай, өзгемен ешқашанда тату бола алмайды. Осы бір қарапайым нәрсеге кейбір белгілі азаматтардың түсінбеуі мені қатты қынжылтады.

Бір кезде өз жерінде азшылыққа ұшыраған қазақ халқы тәуелсіздіктің арқасында өзінің ғана емес, өзгенің де қамын ойлайтын іргелі халыққа айналып келеді. Зиялы қауым өкілдері осы жауапкершіліктің деңгейінен көрінуге тиісті.

Ол үшін ең алдымен өзіміз ауызбіршілікте болуымыз керек. Бүгінгі жетіспеген ертең жетіседі. Бүгінгі кемшілік ертең түзеледі. Бүгінгі қыындық ертең азаяды. Ал, бүгінгі бірлік бұзылса, оны қайтадан қалпына келтіру оңай шаруа болмайды. Біз осыны естен шығармауымыз керек.

Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек. Осыларды бойға сіңіргенде ғана біз бүгінгі тәуелсіздікті сенімді ұрпақтың қолына табыстай аламыз.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң  
ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ КЕЗІНДЕ ОБЛЫС  
АКТИВІМЕН, ОБЛЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР МЕН АУДАНДАР ӘКІМДЕРІ,  
ОБЛЫСТЫҚ ВЕДОМСТВОЛАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН  
КЕЗДЕСУІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

*Қарғандау, 4 шілде 1997 жыл*

— Өмірімнің ең бір тамаша жиырма жылын Теміртау мен Қарағандыға арнадым. Осында өмір мектебінде ысылдым, кемелдендім, ең жақын достар таптым, сондықтан облыстың жағдайын әсте назардан тыс қалдырған емеспін.

Облыс экономикасы терең дағдарыстан біртіндеп шығып келе жатқандығы қанағаттандырады. Жекешелендіру қарқынды жүргізілуде, тиімді пайдаланылған шетелдік инвестициялар нәтиже бере бастады. Мәселен, "Испат-Кармет" акционерлік қоғамы басқарып отырған металлургия комбинаты мен шахталарда жағдай жақсарған. "Испат-Карметтің" кеншілері мен металлургтері жалақыларын уақытында алады.

Биыл жалақы өнім өндіруде екі процентке, өнеркәсіп өнімін өндіруде үш процентке артты.

Республикада мұлдем құлдыраған бүкіл ауыр өнеркәсіп жекешеленген болды. Жекешеленген көсіпорындар енді жақсы жұмыс істей бастайды.

Мұнай, химия, қара және тұсті металлургия, энергетика, теміржол салаларының мәселелері шешілді. Ауыл шаруашылығы да көтеріле бастауға тиіс. Осының бәрі алдағы 20-30 жылға стратегиялық жоспар жасауға мүмкіндік береді. Қазір бұл жоспардың жобасы жасала бастады. 1999 жылдан бастап Қазақстанға көп көлемде қарражат түссе бастайды. Оған байланысты мәселелердің бәрін шештім. Айтальық тек бір ғана Теніз жобасы 150 миллиард доллар пайда береді. Жұмсалған қурделі қаржыны, салынған инвестиацияны алып тастағанда Қазақстан таза 76 миллиард долларға ие болады. Бұл тек бір ғана обьектінің беретін игілігі. Құмкөл, Қарашибаған, Ақтөбе көніштерін айтып отырғаным жоқ. Сондықтан болашағымыз жарқын екенін түсініп, білек сыйбана ел үшін, жер үшін қызмет ету – бәріміздің парызымыз.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 5 шілде 1997 жыл.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ  
ЛАУРЕАТЫ МҰХТАР ҚҰЛ-МҰХАММЕД ПЕН САЯСАТКЕР,  
"ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН" ГАЗЕТИНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ  
УӘЛИХАН ҚАЛИЖАНҒА БЕРГЕН СҰХБАТЫ\***

---

Алматы, шілде 1997 жыл

**ХАЛЫҚТАН ЖАСЫРАТЫН ЕШТЕҢЕ ЖОҚ**

**Сұрақ:**

– Қадірлі Нұрсұлтан Әбішұлы!

Біздің тәуелсіздігіміздің 6 жылдығы жақындал қалды. Осы жүріп өткен жолдың ішінде Қазақстан едәуір экономикалық-саяси мәселелерде өзінің үнін көрсетті, әлемге танылды. Бұл реттегі Қазақстанның бүгінгі әлем көз тіккен ел екендігі де анық болып жатыр. Өзінізben болған сапар кезіндегі Қазақстанға, өзінізге деген көзқарастарды газетімізде жарияладап жатырмыз. Жақында ғана Ақмола қаласында үлкен Ассамблея өтті. Сонда бір толғақты мәселелер төңірегінде баяндама жасадыңыз. Осы ұлтаралық келісім, ұлттық татулық, Қазақстанның болашағы туралы ойларыңызды көнірек айтып берсөніз.

**Н. Назарбаев:**

– 1991 жылғы біз тәуелсіздік алғаннан бері қарай алты жылға толмаған уақыт өтті. Мұның аржағында қалай боларын білмей жол ізdegен кезең болды. Жан-жағымыздың бері жауға ұқсан, қолдайтын, қолтығынан демейтін мемлекет жоқ сияқты көрінді. Қазақстанның болашағы әлі бұлдырып сияқты болып тұрған кезде, әрине ел тұтқасын ұстаған маған оңай болған жоқ. Ал ең бірінші қолға алған мәселе, 1991 жылдың басынан бастап ешкімге айтпастан жасырын түрде өзіміздің ақшамызды – тәнгемізді шығару мәселесі қолға алынғанына өзіме-өзім кейде риза боламын. Ресейге де, басқаларға да білдірмей, рубльдің төңірегінде жүріп жаттық. Бірақ та рубльдің өзінің қағазының жаңағы, нағыз ақшасын бізге несиеге беріп, оны долларға сараптап барып, бізге қарыз деп жазатын бәле шықты. Оны кейін "Байқоңыр" ғарышы жөнінде келісімге келген кезінде жойдық. Әйтпесе, 1 миллиард долларды Ресей біздің мойнымызға артып қойғысы келді. Сол кездегі айтқан сездерді еске түсірсек, оның мазмұны мынаған саяды: қазақ ешуақытта мемлекет бола алмайды. Горбачевтың идеясы солай болатын. Себебі, мұнда бұрын мемлекет болған емес. Ресей, басқа мемлекет болмаса, ол

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 5 шілде 1997 жыл.

құриды. Мұны бір деңіз. Екінші, Қазақстанды өздері басқара алмайды. Жалпы қазақ басқаруды білмейді. Қазақтың басқарып отыргандығы Мәскеудің де-меуімен ғана, компартияның басқаруы нәтижесі, деген мәселелер болды. Ол кезде неше түрлі пікір айтылды. Мұның барлығы түсінкті мәселе еді. Себебі империяны ешқайда жібермей, баяғыдай бодандықта ұстап отыру мәселесі болды.

Мінеки, құдайға шүкір, ел болдық, Қазақстанды жер жүзінің бәрі таныды. Күннен-күнге Қазақстанның абырай-беделі артып, нығайып келе жатыр. Реформаның өзін алатын болсақ, сол Ресейден асып түспесек кем емеспіз. Реформалық бағыттарымызды Ресейдің өзі де, дүниежүзі мемлекеттері де мақұлданған отыр. Біз басқаны былай қойғанда, Ресейдің өзінен реформадан бір адым алдында келе жатырмыз. Әрине, бұл реформаның барлық нәтижесін халық әзірше дәмін татып жатпаған шығар. Дегенмен, халқымыз реформаның жемісін Ресейден бұрынырақ көретініне олардың көзі жетіп отыр. Ел арапап жүріп оны өзіміз де байқаймыз. Осының барлығын айтқан кезде Қазақстанға деген көзалартушылық көбейе бастады. Мысалы, қазіргі саясат оңтайлы, жан-жағымыз тыныш, құдайға шүкір. Ал, Ресейдің басшылығына бір әпербақан адам келіп, ертең Қеңес одағын қайта құрамын, өздерін келіп Беларусьтың жолымен бе, басқаның жолымен бе, біздің қолтығымызға еніңдер. Әйтпесе күштеп қосамыз, деуі мүмкін ғой. Ел басқарып отырганда барлығын болжап, мемлекеттің мұддесін жан-жақты ойлап журу керек. Себебі, Ресейдің өздерінің ішінде саяси-экономикалық ахуал әлі орнығып болған жоқ. Сондықтан да халқымыз, қазағымыз еліміздің тәуелсіздігі мен жерінің тұтастығын сақтап қалуға дайын тұруы керек.

Біз енді халқымыздың саны жағынан, өзінің байлығы жағынан Чешенстанға қарағанда әлдекайда зор екеніміз анық. Бірақ та сол халықтың өзін ойлап қарасаң, табан тіреп, бірлік жасады. 17 адам Президентке баламамен сайлауға түсті. Олардың ешқайсы бір-бірін балағаттап, жамандаған жоқ. Сайлау барысында әрқайсының айтқаны: 17-міздің қайсымыз сайлансақ та бәріміз соған қызмет істейміз, деген бәтуалы байлам жасаған жоқ па? Мінеки, сондай халық аз болса да топталып, аз болса да ауызбірлігімен құшті. Аз халықтың басы қосылған кезде ешкім қамалды ала алмады. Бұл қазаққа сабак.

Егер әртүрлі саяси толқындар бола қалса не болмақ? Өзіміздің ішімізден ақшаға немесе лауазымға сатылып, сол жаулап алғысы, қайтадан империя құрғысы келетіндер қатарына шығып кетіп жүрмей ме?

Сондықтан әркез оқиғаның алдын алып, не істеу керек деген ойда жүремін. Бүкіл саясат осыдан шығады. Соның ішінде көп мәселелердің ең біріншісі, дүниежүзі мемлекеттерінен кепілдік алдық, 1995 жылдың аяғында Будапеште Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбритания, Ресейдің өзі, ұлы ядролық мемлекеттер атынан Франция, содан кейін Қытай қосылған бес мемлекеттен Қазақстанның тәуелсіздігі мен жерінің тұтастығына кепілдік береміз деген құжатқа қол қойылды.

Іле-шала Ресейменен достық және өзара көмектесу жайында үлкен шартқа қол қойдық. Өздеріңіз білесіздер, Қытайменен келісім-шартқа қол қойылды, Қазақстан шекарасымен дау-дамай аяқталды. Бұл тарихи үлкен оқиға. Ал енді оңтүстік жағымыздағы көршілерімізді айтатын болсақ, Өзбекстанмен, Қыргызстанмен мәнгілік достық шартына қол қойылды. Оның мәнін көп адам мүмкін ескермеген шығар. Бірақ, шарттың өр сөзінің мағынасы болады. Соның ішінде бір-ақ сөз бар. Егер де осы мемлекеттің біреуіне сырттан жау келіп тиетін болса, қарулы құштерімізben, халқымызben бірге сол елді қосылып қорғаймыз, деген мәселе бар. Әрине ондай күнді қазақтың басына ешқашан ешкім түсірмесін. Сондықтан мен осы тәуелсіздігімізді, осы бағытты, бостандығымызды, қазақтың мемлекеттігін сақтап қалатын Қазақстан елі, қазақ халқы бар деп ойлаймын. Қазақ халқының саны бүгін Қазақстан халқының жартысынан асты. Бұған да тәуба! Бұдан былай енді бізге ешкім тың игереміз, бесжылдықтың екпінді құрылыштарын құрамыз деп қаптап келмейді. Енді барлық сала жанданып, реформаларымызды ойдағыдай жүзеге асырған кезде Қазақстан елі, қазақ халқы өркениетті елдер қатарына енеді. Сыртқы жағдай, сыртқы саясатымыз орнықты. Енді өз ішіміздегі ұлттық татулық пен өзара келісімді өрістете беруіміз қажет.

Енді Ассамблеяның жұмысы туралы бірер сөз. Биылғы жылы менің Жарлығыма байланысты саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу және Жалпыұлттық татулық жылы деп жариялануы халықтар достығын паш етіп қана қоймай, бірлігімізді нығайтады. Осы күнге дейін ойландыратын әртүрлі жағдайлар бар.

... 1989 жылы Совет одағы мен коммунистік партия аман, тік түрган кезде мен Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болып сайландым. Сол кезден бастап Компартияның, Совет одағының лауазымдылық мәселелерінің барлығына мүше болдым. Қолымда шексіз билік болды. Тіпті Горбачевтің өзі Социалистік Еңбек Ері атағын берейін деп екі рет ұсыныс жасады. Бірақ біреуін Браунға бергіздім, екіншісін Бибігүл Төлегеновага ұсындырыдым. Бұл солай болуға, солай шешілуге тиісті мәселелер болатын. Олардың сыйлығы – халқымның сыйлығы, өзімнің сыйлығым деп қарадым.

Үлғи аузымызға құм құйылып, жабылып келген мәселені айтальық. Қазір есімізді жинап, жан-жағымызға қарасақ, біз коммунизм құрамыз деп жүріп көп нәрседен артта қалып қойыпсыз. Енді өткен күндердің кеселін көре отырып, тарихты таразылай алсақ та, кейде өткенді аңсаушылар, соны тамызық етушілер барлығы ойландырады. Бірақ тарих дөңгелегі көрі бұрылмайтыны анық.

Біздің елдің болашағы үлкен. Аманшылық болса, жақсы күндер көрініп тұр. Қазір алдағы 20-30 жылға қарай болашақты мензейтін бағдарлама жасайтын мүмкіндігіміз бар. Әрине, мұны көргісі келмейтін аздаған "өкпешіл" топтардың бар екенін де жасыра алмаймын. Олар Қазақстанды қайтадан Ресейдің қол астынан көргісі келеді. Сол бағытта неше түрлі бағдарлама жазады. Оның бәрін оқығанмын. Жаңа заманда жаңаша ойлау ләзім. Жан-жағы-

мында құрық болғанын енді айтуға да болар. Кезінде Қазақстан экономикасын сыртқа шығармай түйіктау саясаты болды. Олары болмады. Қазақстан өндірісі тек Ресеймен байланған. Кіндік жіп үзілсе технология бұзылады, Қазақстан өндірісі тоқтайды деп сөүегейлейді. Оларының жолы болмады. Кедергілерден кідірмей өттік. Екі жағынан бірдей бұрынғы Ресеймен сауда-саттық 95 процент болып отыратын болса, қазір 50 проценттік көлемінде. Басқа рынокқа шықтық. Ол – бірінші. Екіншіден, мынау көршилермен бұларды төбелестіру керек дейтіндер де табылады. Әсіресе, Өзбекстанмен екеуін жанжалдастырсақ, екеуі де әлсірейді-дағы, содан кейін екеуін де қалпақпен ұрып алуға болады, дейтін саяси күштер жоқ емес, бар. Бірақ, бауырлас өзбек пен қазақ арандану саясатын түсінетін шақта екенін айтқан жөн.

Ушінші мәселе, Қазақстанның атақ-даңқы, оның басын біріктіріп отырған ел басшысы Назарбаевқа байланысты. Ендеши сол Назарбаев төңірегінде өсек-аян, әңгіме таратып, халықтың алдында беделінен айыру қажет дейтін саясат бар. Түпкі мақсаттары Ресейді жақтайдын солқылдақ басшы... Енді бір саясатшылар мен толтар Қазақстанның ішіндегі орыстарды желіктіріп, бөлініндер деп қазақтарға қарсы қойып, іштен бүлінуді ұстанады.

Мінеки, сарапал айтсақ осындағы жағдайлар бар. Мұны халық білсін деп таратып айтып отырмын.

Жақында Өзбекстан Президенті Ислам Каримов ресми сапармен келді. Онымен әңгіме болғанда жеке мәселелер де көп талқыланды. Ертеңінде де ауылға барып, біраз әңгімелестік. Сондағы айтқан мәселеге келсек. Ол былай. Өзбекстанда біраз қазақтар бар. Сол қазақтар бері қарай көшейік десе, үйлерін сата алмайтын көрінеді. Тиісті құжаттарын бермейді. Қазақ тіліндегі мектептердің саны қысқара бастапты. Қазақша оқыған біздің балаларымыз өзбектің жоғары оку орындарына түс алмайды. Екінші мәселе, Мақтааралда тұратын қазақтар Өзбекстанның жерінен басып өтіп, Қазақстанға келуі керек. Өзбекстанның өзі, Мақтаарал арқылы ең үлкен бізге шығатын жолы Қазақстан арқылы өтеді. Сонда енді қалай болады? Біз ана шекарада оларды жібермесек, сендер бізді жібермендер, сонда біздің достығымыз қайда? Осындағы-осындағы өзекті өткір мәселелер ортаға салынды. Дос болатын болсаң адалын айттайық. Сен де маған ренжіме, көнілде кірбің болса айт актарып. Мен де ренжімеймін саған. Бірақ та ашығын айттайық. Себебі, ауруын жасырған өледі дегендей, жасыратын түк жоқ. Ислам Каримовқа рахмет. Көп мәселелер төңірегінде түсіністік, ой бөлістік, ортақ шешімдер қабылдаудық. Бұл жақсылық емес пе?

...Откенде Мәскеуде Өзбекстан басшысымен мен тағы кездестім. Сол кезде Қытайға қарай мұнай құбырын тарту мәселесін сөйлестік. Содан кейін Шыңжандағы болып жатқан уақығаға байланысты ол өз пікірін айтты. Екеуміз бұрыннан доспыз, сондықтан ешнәрсені жасырмаймыз деп келіскенбіз. Ол Қазақстанның келетін адамдар тарапынан Шыңжанда іріткі салу бар екендігін ескертті. Мұны айғақтап, ақ-қарасын анықтауға болады. Өз тарапынан мынаны айттым. Қытайда жүз қазақтың жанұясы барлық жүктерін, теңін

тендеп, арбаға салып ертең Қазақстанға қарай жүреміз деп отыр. Бірақ қажетті документін ала алмайды. Олардың туысқандары бар. Жаппай екі миллион қазақты бір күнде бері қарай жібер деп мен айта алмаймын. Бірақ, дегенмен халықтарыңыз көп қой. Бір миллиард екі жұз миллионның ішінде бір миллион қазақ не қылады?...

Әрине бәрі де жағдайға байланысты ғой. Сол қазақтарға жеңілдік жасасақ, болмаса туысқандарына, жақындарына келеміз дегендерге, соларға рұқсат берілсе дедік.

Сондықтан сол қазақтар тұратын елдерменен біз достығымызды, сенімізді арттыра берсек, сол жердегі тұратын біздің отандастарымызға бізден жақсылық келеді. Осы жолмен ғана біз олардың бері қарай қайтуына жол сала аламыз. Осы достықтың, сенімдік жолымен ғана біз оларға қамқорлығымызды, өзіміздің қанатымызды жайып, отандастарымызға көмек жасай аламыз.

Ал енді Ассамблеяның мәселесіне келетін болсақ, енді қазақтың басынан өткен нәубетті жастарымыздың басына бермесін. Біздің кезімізде болмаған тарих деп оны зерделемеуге болмайды. Егер тарихтан ешқандай қорытынды шығармайтын болсақ, онда қалай алға қарай жылжитын ел боламыз. Сондықтан мынау 20 – 21 жылғы аштықта қырылған 29 – 32 аштықта, 37 жылғы репрессиядан шәйіт болған азаматтарды еске ала отырып, солардың аруағына басымызды ие отырып, жарқын болашаққа қызмет етуіміз керек. Сол кезде асыл азаматтарымыз, оқыған, білімді қазақтың топжарғандары құрбан болды. Ер басқаратын елдің басын кесіп алғанымен бірдей болды. Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлін сияқты боздақтарымыз кеткеннен кейін олардың орны 60 жылдың ішінде босап қалған жоқ па. Қазақ үшін сөз айтып, қазақ үшін қолын көтеріп, қазақ үшін жаңын қиямыз деген азаматтар жоқ болды да, түп-түгел жаңағы мұрның тескен өтіз құсан Ресейдің артынан жүрдік те отырдық. Осыны ұмытпауымыз үшін, жаңағы Ассамблеяның жұмысын сан-салалы қызметке қатыстырып, жүргізіп отырмыз.

### **Сұрақ:**

– Құрметті Нұраға! Кез келген саяси тәуелсіздік экономикалық реформаларсыз баянды болуы мүмкін емес. Осыған орай жақында Қазақстанда дүние жүзінің аса ірі компаниясының басшылары бас қосқан үлкен инвестициялық Саммит болып өтті. Қазақстандағы экономикалық реформаларға шетелдің сарапшыларының үлкен қаржы-қаражат топтарының он көзбен қарай бастағандығы қазір жүрттың барлығына мәлім. Жалпы бізде жүргізіліп өткен түбекейлі экономикалық реформаға өзініздің Елбасы ретінде көніліңіз тола ма?

### **Н. Назарбаев:**

– Айтып отырмын ғой, неше түрлі жағдайдан өттік. Әрине, алғашқыда тәжірибелі болған жоқ. Сондықтан біраз қателіктер де жіберіп алдық. Егер

барлығын қайта бастайтын болсақ, осы жолменен журу керек еді, әрине. Дегенмен, мысалы теңгені ертерек енгізуге болар ма еді? Кадрлар мәселесі жөнінен ә дегенде шетелдіктердің үлкен мамандарын алып келіп, солар арқылы бағдарламамызды жасап, осы жолға тез түсіміз керек болды. Жұмыс істемесең қателік те жасамайсың. Жұмыс барысында әмір болған соң кемшілік болмай тұрмайды. Өйткені мынандай, тарихи өте үлкен, ғаламат кезеңдерде, әрине, неше түрлі сәттер болады. Дегенмен, біз соңғы кезде дұрыс жолға түсіп алдық деп есептеймін. Бұл қазақтың өз жолы, әрине, өзіндік силаты, келбеті бар. Бірақ та нарық жолы дүние жүзі мемлекеттерінің барлығының өткен жолы. Сондықтан шынында да шет елдердегі финанс органдары, шет ел мемлекеттерінің сарапшылары, аналитиктері, солардың барлығының айтуына қарағанда, жалпы бізге деген көзқарас дұрыс. Ол, әрине, менің Елбасы ретінде басқа мемлекеттің ел басшыларымен қарым-қатынасым байланысты. Бұл бір күнде тумайтын мәселе. Талай кездесулерден өту керек. Жаңағы Америка Құрама Штаттарының, мысалы Қазақстансыз-ақ әмір сүретініне ешкімнің күмәні жоқ шығар. Ол өзі өркендеген, өскен мемлекет, бай мемлекет, Қазақстан қанша сол мемлекетке керек, керек еместігі екіталаі мәселе. Ал бірақ та талай кездесулерден өтіп жүріп, солардың көнілін Қазақстанға бұру деген үлкен мәселе. Мысалы, жақында Клинтонның әкімшілігі Конгреске арнайы хат жіберді. "Мына Солтүстік Каспийде, әсіресе Қазақстанға біздің Америка Құрама Штаттары үшін керекті аймақ деп саясат жүргізуіміз керек" делінген ол хатта. Сондықтан біздің байлығымыз көп деп қарап отыра беруге болмайды. Жердің астындағы байлығы ол жердің астында жатқан тас пенен құм. Оны жердің үстінен шығарып, оның барлығын қорытып, рудадан алтын, темір, күміс, мырыш жасап, сатып, халыққа ақшасын беру – екінші мәселе. Соны жасау үшін өз қаржатымыз бүгін жетпейді. Көп инвестиция керек. Бұл тұста барлығын сатып жатыр екен деп халық ойлап қалмасын. Жағдайы нашар жерлерде біз 20 процентін ғана жекешелендіруге сатып беріп жатырмыз. Көп мәселеде 40 процентін ғана сатып, 60 процентін қалдырып жатырмыз. Бұл ертеңгі күні өзіміздің бизнесмендер, өзіміздің талапкерлер шығып, қаржы табылған кезде солар акциясын алып, ие болсын деген мәселе. Сондықтан екі жағында тиянақталған, шет елдіктер де оның бәрін екшеп отыр. Сондықтан Қазақстанға ең бірінші келген "Шеврон" компаниясына жылдың басында мен айтқан едім: "Сіздер бізге бір көмек жасаңыздар, осында дүниежүзілік қауымдастықтың іскер адамдарын алып келіп, бізben кездестіріңіздер" деп. Соның ішінде келгендердің біразы, оншақтысы американдықтар, басқа 70-80-нен артығы басқа мемлекеттердің іс адамдары. Жиырма мемлекеттен астам елдің өкілдері келді. Оларды өздерініз көрген шығарсыздар, Еуропа банкі. 200 миллионға Қазақстан темір жол мәселесін шүғыл жаңартуға жұмсамақ. Олардың көпшілігі өздерінің өкілдіктерін осында қалдырып кетті. Сондықтан аманшылық болса, бұл Батыстың іс адамдарын, Батыстың бос қаржаттарын тек қана мұнай, газ, көмірге ғана емес, ауыл шаруашылығына да,

халыққа керекті тауарлар өндеу, өндіру мәселесіне де, жол салуға, ұшақтар өкелуге тарту ортақ іске көп көмегін тигізеді деп ойлаймын. Бұл Қазақстан халқының жағдайын жақсартуға, өсіреле, кіші бизнес пен орта бизнес мәселелерін жақсартуға ықпал етпек. Халықтың көвшілігі осы күні соған бейімделіп, әрқайсысы өзінің жұмысын бала-шагасымен бірге атқарып жатыр. Аз да болса өз жұмысын жасап, өзінің күнін көріп отыр. Жастарды соған ынталандыру керек.

### **Сұрақ:**

– Құрметті Нұраға! Жақында ғасырдың үлкен жобасы деп аталған Каспий құбыр тарту консорциумының жұмысы аяқталып, бұған дүниежүзінің аса ірі компаниялары өзінің қатысатындығын мәлімдеп, олардың акцияларының мөлшері де белгілі болды. Бұл енді бірнеше жылдан бері қарай созылып келе жатқан жоба еді. Бірақ осы кезеңдегі үлкен жаңалықтың бірі – Қазақстандағы мұнай-газрыногына Қытайдың аса ірі Ұлттық компаниясының келуі. Осының болашағын Сіз қалай көресіз?

### **Н. Назарбаев:**

– Мұны да халыққа түсіндіріп отыру керек. Мысалы Солтүстік Каспийден Қаратеңізге баратын Ресей арқылы өтетін құбыр 2,5 миллиард доллар тұрады. Ол 1999 жылды аманшылық болса іске қосылады деп отырмыз. Бұл құбыр арқылы 67 миллион тонна мұнай жіберуге болады. Сол құбырдың жалпы табысының 20 проценті біздікі. Ресейдікі біреу айтады көп дейді. Оның мәні мынада: Ресейдің жері арқылы өтетін бүгінгі дайын құбырдың ұзындығы біздікінен көп болғаннан кейін олардікі – 24 процент. Егер де "Шеврондай" алатын болсақ, ол біздің мұнайды апарады, 15 процентке жаңағы 20-ны қосыңыз. Сонда 35 процент болмақ. "Мобиль" бізден апарады, ол – 7,5 процент. Сонда бәрін қоссаның қанша болады, 42,5 процент болады. Ал Ресей өзінің "Госнефтісін", мұнайын қосқанда барып 40 процент деп отыр. Оның ішінде әлгінде айттып кеттім, 15 проценті "Шеврондікі", 7,5 проценті "Лукойлдікі", тағы 7,5 проценті "Бритиш Газ Аджиптікі". Олар Ресейге ешуақытта иелендірмейді. Тек қана жалғыз Ресей қожа боп өзінің билігін жүргізе алмайды. Ешуақытта. Мәселе сонда. Ал бұлардың өзі біздегі мұнайды апаратын болғаннан кейін біздің құқымызды қорғап отырады.

Мәселе үлкен саясатта жатыр. Ол дұрыс. Екіншіден, тек қана американдыштар, тек қана ағылшындар болмауы керек. Біздің Қытай мемлекетінің басшысымен келісіміз бойынша Қытайдың ең үлкен мемлекеттік мұнай компаниясын тендерге қостық. Тендер деген енді конкурсқа түскенмен бірдей ғой. 7 компанияның ішінен бізге қаражатты ең көп берген, бізге ең тиімді жобаны берген Қытай мемлекетінің компаниясы болғаннан кейін Ақтөбедегі тендерді жөніп алды. Контрактының ішінде Қытайдағы Қарамай деген, Шығыс Қазақстанмен шекараға жақын жерде өздерінің мұнай қоры бар.

Сол Қарамайға біздің қорды алып баратын болсақ, Қарамайдан ары қарай өздерінің қоры бар. Сонда біз шексіз базар табайық деп отырмыз.

Ешқандай шегі жоқ. Қанша жіберсең де кете береді. Қазірдің өзінде теміржолменен, цистернаменен Қытайға бір миллион тоннадай мұнай жіберу мүмкіншілігі бар.

Бакуғе де жіберіп жатырмыз. Ақтаудың портына ақша бөлініп, ол салынып жатыр. Бұл порт жөнделіп, ол жерден танкер жүретін болған кезде біз тікелей Бақуға 5 миллионнан 7 миллион тоннаға дейін мұнай жібере аламыз. Одан кейін ары қарай теміржолмен Қара теңіздің Супса деген портына барады, ары қарай Түркияға кете береді. Ол бірінші жоба. Мінеки, Алиевпен кездескендегі келісіп отырған мәселеміз тұра Қазақстанның, Маңғыстаудың онтүстігіндегі Ералиев ауданынан тікелей Түркменстанға бармай, Каспий теңізі арқылы тұра Бақуға құбыр тарту. Мен олардың мамандарынан сұрап алдым. 100 метр тереніндігі бар теңізben құбыр тарту қыын көрінбейді. Сондай-ақ, Жаңа өзенде тендер де тұрғой. Қытайлар оған да қатыспақ. Егер Қытайлар ол жерден жеңетін болса, олар Иран арқылы ең жақын құбыр салып, Парсы шығанағына шықпақ. Американдықтармен қытайлар санаса бермейді. Сондықтан өздерінің саясатын жүргізеді. Ресей де, біз де санаспай жүре алмаймыз. Ал Қытайдың ешқандай оларменен келісімі жоқ. Сондықтан болашақтағы экономикалық тәуелсіздік үшін әр жақтан құбыр салу, әр мемлекеттермен қатынас орнатып ешкайсысына мойынсұнып ішіне кіріп кетпеу саясаты бізде орнықты болуы керек.

### **Сұрақ:**

– Нұреке, экономикалық мәселелер төнірегінде, оның ішінде өнеркәсіп мәселелері біраз айтылған секілді. Ал біздің негізгі халқымыз елде, ауылда тұрады. Осы ауылдағы реформа, оның болашағы алдағы күндерде қалай болмақ? Халқымыздың ауылшаруашылығын көтеру мәселесінде Сіздің ойыңызша, біздің үкімет ұсынған жобалар бар ма? Бұл қандай бағытта өрбімек?

### **Н. Назарбаев:**

– Ауылшаруашылығы Қазақстан үшін ең бір қыын саланың бірі. Жалпы, ауылшаруашылығы көтеріле бастаса, біздің экономикамыз қаулап көтерілетін болады. Сондықтан ауылшаруашылығында астықты шетке шығаралмыз. Бұл үшін тиімді жұмыс істеу қажет. Ал енді Жапонияның үлкен компаниялары келіп, Қызылордада күрішті қолымызға алып, суару мәселесін және технологиясын алып келіп, өзіміз ақша саламыз, деді. Біз айттық, ақша салындар, шыққан күрішті алындар, соның бағасын бағалап бізге тиісті салығын төлеп отырасындар. Мінеки, олар соған келісіп отыр. Әлі де Азия банкісінен былтыр 50 миллион доллар, биыл тағы да 50 миллион доллар қаржыны ауыл шаруашылығына жіберіп отырмыз. Мысалы, айтайық онтүстікте шығарылатын жеміс-жидек, көкөністің барлығын өндеп, одан неше түрлі шырын қайнатпалар шығаратын болсақ, бағасы да басқа болады. Ет, сүт өндейтін болсақ, ауыл шаруашылығы өнімінің бағасы өскен сайын ел дәүлеті де біршама арта береді.

Ауыл шаруашылығындағы мәні қобалжытатын екі мәселе бар. Қазір жердің бәрін халыққа несиеге үзак уақытқа беріп отырмыз ғой. Малды да қанша өсірем десе де еркінде. Бірақ та асыл тұқымды малды, суармалы жерлерді содан кейін мынау Ауыл шаруашылығы академиясына қарайтын кейір үйімдардың тармағын біз мемлекеттің қарамағында ұстап отырмыз.

Себебі, асыл тұқымнан және астықтың тұқымынан, басқаның тұқымынан айрылып қалмауымыз керек. Асыл тұқым өнімінің 30 процентін беретін сала болып табылады. Ендігі мәселе мал өнімдерін қалай сату жөнінде. Мемлекеттің мойнында тұрған мәселе сол, ауыл шаруашылығындағы адамдардың тапқан өнімдерін сатуға мүмкіншілік жасал көмектесу де, сонан кейін өзінің ақшасына керекті ауыл шаруашылығы құрал-саймандарын сатып алудың қамтамасыз ету.

Мінеки, биыл ауа райы, табиғат жақсы болып тұр ғой, жұрт малдың азығын жинайды. Кейбіреулер жаздай селкілден көбелек құсап ары-бері жүреді-дағы, құзге қарай малдың бәрін қырып салып, базарға апаратын болады.

Ал енді айтатынным бір-ақ мәселе. Мысалы, қазаққа жерін бердік, егінінді ек, шаруанды жаса дедік. Сондай-ақ малын алдына салып бердік, қанша ұстасаң өзің біл, деп ешқандай оған шек қойып отырған жоқтыз. Ендеше жұмыс істеген адам қалай жаман өмір сүреді деп ойлаймын. Әрине, тәртіп болуы керек. Әркім өнімін сатып, оның ақшасын уақытысымен және төмендетпей алуы керек. Бұған мемлекет тарапынан көмек жасалады.

Дегенмен қазір жастар қалаға қарай жылжи бастады. Одан қорықпау керек. Бұл қорқынышты мәселе емес. Қазақтың балалары, жастар қалаға келе берсін. Оларға ешкім дастарқан жайып бере салмайды. Ешкім дайын үй де бермейді. Бәріміз де баяғыда қалаға ешкіміміз жоқ кезде келдік. Еңбек етіп, өмір сүріп, үй алдық. Қазіргі жағдай басқаша. Жұмыс істесен, қаржы тапсан – үйінді сатып аласың. Несиеге де аласың. Барлық жағдай солай. Мысалы, үй саламын деген адамдарға заң бойынша менің ұсынысымменен салық та салынбайды, ақшаны қайдан алдың деп сұрау да жоқ. Үй салған ақшага декларация берілмейді. Дұрыс. Осыны халық білмей отыр. Бірақ та архитекторлардың айтуымен сәнді үй салуы керек. Сондықтан бұл сұрағын өте дұрыс. Және де ел ішінде көп сөздер айтылып жатады. Аштан өліп жатыр, ауыл қырылып жатыр деген қаңқу сөздер бар. Ол асыра айтушылық, әр адам, әр жекеменшік иесі өз басыменен, өз жанұясының қамын ойлауы керек, мәселе де сонда. Жаппай жұмыс істеуі керек. Мемлекет бізге не береді деген сөзден арылу қажет.

Мемлекет елді қорғайды, мемлекет елдің ішінде тәртіп орнатады. Әр адамға заң жүзінде қорғану құқығы беріледі, жеке меншігіне қол сұғылмайды. Еңбектің кез келген түрімен айналысуға шек қоймайды.

Сондықтан тұяқ серіппей жатып алып, аузыма су тамыз деген көзқарастан құтылу керек. Бірақ, біздің ағайыншылығымыз, қазақшылығымыз, бауырмалышылдығымыз болуы керек. Басқадан біреу алып береді деген мәселе жалпы үят қой. Ата-бабамыз бізге біреуден ештеңе сұрама, телмір-

ме деп үйреткен, ол жігіттің басына сын емес пе? Солай болатын болса, мүмкіншілікті беріп отыратын болса, неге терлеп-тепшіп жұмыс істемейміз? Жалқау болсаң, ештеңе болмайды.

### **Сұрақ:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз экономика, саясат мәселелерінің төңірегінде журналистермен көп сұхбаттар жүргізіп жүрсіз. Біз де Мұхтар екеуміз сондай бір құрметке ие болдық. Ал енді жұрт Елбасы ретінде оқырман мен көрермен Сіздің азаматтық бейненізді, отбасыңыз, көnlінізде жүрген көптеген ойларды білгісі келеді. Сондықтан мынау ресми мекемеде, қызмет орныңызда отырып сөйлескенде, әрине, біз саясатқа кетіп қалып жатырмыз. Сіз рұқсат берсеңіз, табиғат аясында, болмаса саяжайыңызға барып әңгімеллессек деп едік.

### **Н. Назарбаев:**

– Рұқсат болсын. Жайбарақат отырып әңгімелесейік. Бар жағдайды айттым. Жеке өмір. Бала-шага. Жанұя дегендей. Адамбыз той бәріміз де. Осының барлығы бар. Халықтан жасыратын ештеңе жоқ. Мениң өмірімнің барлығы халықтың көз алдында. Туғаннан бүгінгі күнге дейін.

### **Сұрақ:**

– Нұреке, Сіздің балалық шағының қынын, зобалаң соғыс аяқталған кезге сәйкес келді. Сол кезде Сіздің беске толар-толмас шағының екен. Соғыс жылдарының балалары ерте ержетеді. Сол жылдардағы балалық кезеңдегі есте қалған сәттерді айтып берсеңіз?

### **Н. Назарбаев:**

– Мениң тағдырым сол кездегі менімен замандас туған балалардың тағдырынан ешқандай айырмашылығы жоқ деп санаймын. Жағдайдың елімізде қынын болғанын бәріміз білеміз. Ата-анамыздың жағдайы да жақсы болған жоқ. Жоқшылық. Мениң бір айтып кеткенім бар. Кейіннен ата-анамнан сұрасам, сол 5 – 6 жаста болсам керек, 1945-46 жылы сол соғыстың біткен күнін біз Сарытауқұм деген құмда, мынау Алатаудан әке-шешеміз етекке түсіп, жайлауда қарсы алдық. Себебі сонда есте қалған көрініс бар. Біздің ауылда тұратын орыс халқы құмның ішінен тасбақаны ұстап, оны қайнап тұрған қазанға лақтырған кезде бала сияқты шыңғыратын. Сол шыңғырған дауыс әлі күнге дейін құлағымда тұр. Содан кейін есімде қалғаны, жаңағы тасбақаны екі доңғалақты үлкен арбаға салып келгенде, кейбіреулері жерге түсіп кетіп, кетіп бара жатқанда, үстіне шығып алатынмын. Ол мениң салмагымды елең қылмай, жылжы жүріп кетеді. Сол тасбақаны ыстық суға салған кезде қауырсыны түсіп қалады да, ішіндегі етін адамдар жейтін көрінеді. Шешем марқұм жүгіріп келіп, жаңағы тасбақаны жеп қоя ма деп қолымнан ұстап дедектетіп, ертіп алып кететін.

Кезінде тоталитаризмнен азап көрген азаматтарды, қыршындарды, сол мерт болғандарды еске аламыз. Әр түрлі деректер бойынша сол соғыста 27 миллион адам, соның ішінде 0,5 миллионға жуық қазақстандықтар қаза тапты. Соның ішінде біздің ауылдан да, жақын-туысқандардан да қайтпаған адамдар көп болды. Әкем бір қолынан мүгедек болғаннан кейін соғысқа бара алмай қалды. Бірақ та ертеден кешке дейін жұмыс істейтін. Мен ұйықтап жатқан кезде жұмысқа кетеді. Мен кешке ұйықтаған кезде жұмыстан келетін. Дегенменен, шешемнің жалғыз ағасы Айдапқел деген кісі мына Қордайда тұратын, осыдан 3 жыл бұрын ғана 98 жаста қайтыс болды. Бір аяғынан 21 жасында айрылып, соғыстан келді. Әкеммен бірге туған бауырының баласы барып, шейіт болды. Біздің ауылдан ет-жақын туысқан-туыстарымыздың көвшілігінен қара қағаз келді. Солардың біреуінің қолы, екіншісінің аяғы жоқ... Солардың әңгімелерін естіп естік. Сондықтан менің есімде қалған елдің бір жағынан қуанышы, екінші жағынан 5-6 жастағы бала болғаннан кейін ол қуаныштың парқын ол кезде түсініп, білмеген екенбіз. Соғыстың, женістің не екенін кейін сезіндік қой. Бірақ та, менің есімде қалған мәселелер: 1947 – 1948 жылдары мектепке бардым. Барғаннан кейін 1949 – 1950 жылдары 1-2 класта едім, үйде ішетін тاماқ жоқ, барлық үйдеі балалардың қарап отырғаны жалғыз сиыр, қара бие. Сол сиыр бұзаулаған кезде, уызы бар, айраны бар, жүгерінің талқаны бар, содан кейін өзім айтқан әллі кезекке тұрып алатын қара наң бар, Фабричный поселкесіне барып алып келетін. Сол кездер өте жи еске түседі, деп айттар едім.

### **Сұрақ:**

– Нұраға, Сіз әкеніздің 37, ал анасыздың 35 жасында зарықтырып көрген перзенті екенсіз. Сіз дүниеге келерде ата-анаңыз Райымбек батырдың басына зиярат етіп, содан барып өулие аянымен дүниеге келді деген сөз бар. Осы рас па?

### **Н. Назарбаев:**

– Осы өнірде туып-өскеннен кейін біздің әкей марқұм Жамбылмен де, Кененмен де таныс болғанын ылғи айтып отыратын. Менің қазір есімде жоқ. Соғыстың жүріп жатқан кезі болса керек, Жамбыл өле-өлгенше атқа мініп таудың бектерін аралап жүрген кісі ғой, Кенен де солай. Кенен бе, әлде Жамбыл ма осы жаққа қарай келе жатып, біздің үйге тоқтап, менің 1 жасымда ма, 2 жасымда ма, тізесіне отырғызған деседі. Қашшалықты нақты екенін білмеймін, бірақ біздің әкейлер, үлкен кісілер бір-бірімен араласып жүрген адамдар. Жаңағы айтқанның барлығы дұрыс. Өзің туганынды, не болғаныңды соның барлығын әкен, шешен әйтпаса қайдан білесің, расында да көпке дейін бала көтермеді деп, шешемізге әкейдің туысқандары біраз қысым көрсетіп, "мынаны кетіріп, басқа әйел ал" деген әңгіме болыпты. Оған енді әкем де қиналса керек. Екеуі Райымбек бабамыздың бейітіне келіп түнеп, сол кеште шешем түс көрдім дейтін. Зираттың қарауылы түс көресің, түс

көргенінді ертеңіне айтындар, содан кейін біз жоримыз деп айттыпты. Сол айтқан әңгімесі бойынша шешем марқұм айтушы еді. Түсімде бір мәлдір үлкен көл суы бар екен, не екенін білмеймін. Еш уақытта көл көрмеген адам ғой. Енді суға түсемін дейді, су басымнан асса да демім тарылмайды. Жүріп келемін, жүріп келемін судың түбінде ұзыннан-ұзын аппақ темірден, күмістен жасалған ұзын мылтық жатыр екен дейді. Сол мылтықты мойныма мосы құсан іліп, ана жағадан жүзіп келіп, жаңағы мосының ұзындығы солқылдан, екі жағынан жерге тиғендей болып алып шыққам дейді. Таңертең түсімді жорып, Райымбек бабаның бейітін қорыған кісі айтты. Ұл табасың, мықты болады, жасы ұзак болады. Сол кезде қалай түске өнді, солай болады деп айтады ғой. Сондықтан осы ұлың сені мақтандырады, ел қорғайды деп айттыпты. Ана мылтық болғаннан кейін, ел қоргайтын адам болады десе керек.

Одан кейінгі өмірбаянды өздеріңіз білесіздер. Шынында да Шапырашты тайпасының жауға шапқандағы ұраны болатын Қарасай батыр, бұл енді Абылайханнан ертерек, XVII ғасырдың басында Жолбарыс ханың тұсында болған оқиға. Тарихи деректерге қарағанда ол кісі өте зор, кереген абыз болған. Ол кісінің әкесі Алтынай абыз деп аталады екен. Абыз деген сез кереген, айтқаны келетін, болашақты болжайды дегенді білдіреді. Алтынай абыз ханың төңірегінде жүретін кенесшісі екен. Ханға айттыпты: биылғы жыл жұт болады, жылқынның барлығын далаға айда, жұтта қаласың дейді. Ой, жұт болса да, малы көп хан не болады дейді ғой. 16 жастағы Қарасай біраз жылқыны далаға айдалап әкетеді. Жазда жылқысын құлышындағы, үйір-үйірімен айдалап келгенде, жаңағы хан екі мұрнына саусағын тығып тұяқсырап отыр екен. Сонда абыз баласына: "Мына малдың тең жартысын ханға апарып бер ел басқарып отырған" депті. Содан мал апарып бергеннен кейін ризашылығын білдіріп хан: "Елді, абройыңды сақтап, малды аман алып қалдың. Не сұрайсың бізден?" – деген екен. Сонда Қарасай: "Осы қара шаңырағыңды бер" маған депті. Сол қара шаңырағыңды бер дегенде, ханың оң жағында үйретілген жолбарыс отырады екен әр уақытта. "Жарайды онда бар тілегің осы болса" деп хан үйінен шығып жүре берген, сонда жолбарыс босағаны аттап барып, қайтадан келіп 16 жастағы Қарасайдың қасында қалыпты дейді. Сол Қарасайдың баласы – Көшек, Көшектен біз тараймыз. Сол хан Көшек деген атау жоғарыдағы аңыздан қалған. Ханың үйі ордалы шаңыраққа айналады. Сол босаға әлі қүнге дейін мынау Алматы облысы, Жамбыл ауданында туыстарының бірінде бар дейді.

### **Сұрақ:**

– Әңгіме Қарасай батыр туралы болғаннан кейін қазақта жеті атасын білу деген дәстүр бар. Ендеши сол бабаларының есімдерін айта кетсөніз?

### **Н. Назарбаев:**

– Жеті бабасын білмейтін қазақтың баласы жоқ. Сондай кемпір-шал асырап өсірген қазақтың баласымын. Мен де жеті атамды білемін. Қарасай

батыр бабам менің тікелей сегізінші бабам болып шығады. Қарасайдың баласы – Көшек, Көшектің баласы – Айдар, Айдардың баласы – Мырзатай, Мырзатайдың баласы – Егембай, Егембайдың баласы – Назарбай, Назарбайдың баласы – Әбіш, Әбіштің баласы мен болып шығамын.

### **Сұрақ:**

– Бауырларыңыздың ішінде, іні, апа-қарындастарыңыз бар ма? Сол туралы әңгімелеп берсөніз. Жүртшылық бұл жөнінде де білгісі келеді ғой.

### **Н. Назарбаев:**

– Мүмкін, дұрыс шығар. Қызмет бабымен, жұмыстың жөнімен жүре береміз. Біздің де құдайға шүкір, туған-туыстарымыз бар. Менің артымнан ерген інім жеті жыл бала болмағаннан кейін, оны да өрен дегенде көріп, атын Сатыбалды қойған. Себебі ырым жасай берген ғой. Тұған баланы бір үлкен жасы үлкен кемпірге беріп жібереді еken де, қайтадан сатып алады еken. Сатып алғанда жаңағы бір баурым қурайға, бір қап ұнға, жаңағы жеті күлшенің барлығын береді. Содан кейін аман болсын деп тerezеден кіргізіп алады еken. Соны сатып алғаннан кейін атын Сатыбалды деп қояды. Елдің бәрі сол Сатыбалдыны Қарасай бабасына ұқсаған деп айт羞ы еді. Қарасай батыр үлкен тәбедей қара атына мінген кезде екі аяғы жерге түсіп тұратын ете үлкен азamat болған. Сол жаңағы менен кейінгі туған Сатыбалды да зор болып туды. Жас кезінен спортпен шұғылданып, бес-алты адамға бой бермейтін жігіт болып есті. Бірақ мәшиненің қақтығысымен ертерек апат бол, 34 жасында қайтыс болды. Одан Қайрат пен Самат деген екі бала қалды. Үлкен баласы мынау бұрынырақта, Алматының әскери училищесін бітіріп, сол салада қазір өзінің мамандығымен жұмыс істеп жүр. Екінші баласы әскери институтта жұмыс істейді. Әкесі болмағаннан кейін әскери оқу орнында жүрсе тәртібі бұзылmas деп кезінде осы әскери өмірге бергенмін. Одан кейінгі туған Әнипа деген қарындастым Қарағандыға, мен Қарағандыда жұмыс істеп жүргенде бізге кеп, сол жаққа күйеуге шықты. Қазір Шамалғандағы әкеміздің үйінде тұрады. Одан кейінгі інім – Болат. Болаттың екі қызы, бір ұлы бар. Ол да Шамалғанда машина жүргізуші болды. Теміртауға келіп, металлург болмын деп училище бітірді. Сонымен ары қарай оқыған жоқ, өзінің шаруасымен ауылда жанұясын ұстап жүріп жатқан жағдайы бар. Қалаға келмеді. Одан кейінгі енді менің үйімдегі балаларымды өздеріңіз білесіздер. Үлкен қызымыз Дариға, Москвандың университетін, тарих факультетін бітіріп, диссертациясын қорғады. Қазір теледидарда қызмет істейді. Оның күйеуі Рахат еліміздің белгілі дәрігері Мұхтар Әлиевтің баласы. Ол да дәрігер, медицина ғылыминың докторы. Бірақ та бизнеспен шұғылданып, қазір мемлекеттік қызметке ауысты, салық жүйесінде. Екінші қызымыз – Динара, Москвандың театр институтын экономика жағынан бітіріп, қазір КИМЭП-те оқып жатыр. Оның күйеуі – Тимур. Ол Москвандың Ломоносов атындағы университетінің экономика факультетін бітірді. Қазір "Қазақойл" деген компанияда жұмыс

істеп жатыр. Кішкентайымыз қолымызда. Құдайға шүкір, Дариғадан екі немереміз бар. Үлкеніміз мінеке Нұралы деген 12-ге шықты. Екіншісі – Айсұлтан. Динара мен Тимурдан Алтай деген немереміз бар. Өздеріңіз оның барлығын білесіздер. Олардың өз алдына жанұясы, өз алдына жұмыстары бар. Сол менің қолым босаған күні әсіресе, жексенбі күні дастарқан басына бәріміз жиналамыз. Үйішілік әңгіме болады, олар көрген-білгендерін айтады, пікір білдіреді. Ой айтады. Дұрыс емесін дұрыс емес дейді. Екі қызымыздың, алып келген екі ұлымыздың ата-аналары бар, әрине. Жаңағы айтқан Мұхтар Әлиев пен Асқар Құлышбаев. Олармен қандай қарым-қатынас жасау керек? Сондықтан менің өмірден алған тәжірибем бойынша, ағайынмен сіз-біз десіп, алыстан сыйласып, анда-санда кездесіп тұрған жөн. Басқаша жақындықтың қажеті жоқ деп ойлаймын. Рахмет оларға. Әр уақытта менің жағдайымды, қызметімнің бабын ойлап сез келмесе еken деп отырады. Әр уақытта көп кездескі де келмей, онша көп кенсеге де келгісі келмей жүретін адамдар. Мен оларға ризамын. Ол да құдайдың бергені шығар, құдаларым сыйлы адамдар.

### **Сұрақ:**

– Нұреке, мынау әңгімеміздің басында ата-бабаларымызға байланысты аңыз нәрселерге де біраз назар аудардық. Жалпы өзіңіз дінге, түске, аянға, әруақтарға сенесіз бе?

### **H. Назарбаев:**

– Жақында маған Әлжаппар Әбішев деген ақсақал келді. Қенседе қабылдап, екеуміз отырдық. Әр уақытта келген сайын сол кісілер халықтың ішіндегі әңгімені алып келеді. Шынын айтады, ренжіген мәселелерін де айтып жүреді, өздеріңіз білесіздер. Соның ішінде айтқаны: "Қарағым, осы сен мешіттер мен шіркеулерге бара беретін болдың. Шынымен де, соған сендің бе, қалай?!" деген сұрақ қойды. Бұл мәселе бұлай емес пе?! Шынын айтсақ, біз пионер, комсомол болып өстік. Одан партияға өттік. Бұрынғы саясатпен құдай жоқ деп атеист бол өстік қой. Дегенмен, менің білуімше, жаңағы жазушы ағаларымыздың өзі де, біз де егер де ол қазақтың баласы болып туатын болса, ол үйде бабасына сыйынбайтын, әруаққа сыйынбайтын, құдайға сыйынбайтын адам жоқ. Қанша құдай жоқ деп тәрбиелеп жатса да, бізге үйде бағаның әруағына сыйын, құдайына сыйын деп отырады. Солай емес пе, Мұхтар? Саған ше, Ұәлихан? Айтты ма, жоқ па? Бұл Әлжаппар ағамызға жауап болсын. Тоқсанға келген аға да ішінен сыйынатын шығар деп ойлаймын. Сондықтан біз, сіздер мен біз, тіпті діншіл болып кеттік, Құранның барлығын білеміз, Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің барлығын оқыдық деп айтсақ, ешкім сенбейді. Оны айтудың да қажеті жоқ. Бірақ та әр адамның көкірегінде, жүрегінде бір сенім болу керек деп ойлаймын. Біз коммунизмге сендік, болашақ жарқын болады деп жүріп, біздің әкелеріміз қартайды. Мінеки, біз де қартая жаздадық. Ол болашаққа жетеміз деп жүріп. Ол болашақ болған

жоқ. Сол біздің әкелеріміз, осы ғасырдың басында, туған ғасырдың аяғында дүниеден қайтқан әкелеріміз ешбір жақсылық көрмей кетті. Мысалы, мен шет елді арапап жүргенде қазір ойлаймын, егер де менің әкем шет елде таңың атысымен, күннің батысымен жұмыс істейтін болса, оқымаса да сол жердегі миллионердің, миллиардердің біреуі болар еді. Сол еңбекті, мысалы, Американың фермері бол немесе Канаданың фермері бол жұмыс істейтін болса деп ойлаймын. Бірақ та ондай жақсылық олардың басында орнамады. Сондықтан дінге деген мәселе былай болу керек деп ойлаймын. Қазақтар – мұсылмандар, мұсылмандардың ішіндегі сунниттерміз. Сондықтан халық Алласына, Тәңіріне сеніп, ертеңгі күнін, ар жақтағы, ана дүниеге баратын күнін ойлап, дүниедегі мынау бүгінгі күннің қуйбенімен жүре бермей, жаңағы Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне сәйкес өмір сүрсе деймін. Хадистер бойынша адамды жазықсыз жәберлеуге, өлтіруге болмайды. Өзіне ғана жақсылық тілеме, басқаға да жақсылық ойла. Жақыныңа жаманышлық жасама. Елінді сыйла, ел басқарған адамға қызмет ет деген Құранда жазылған сөздер бар. Сондықтан мұсылман дініне қарай елдің ауғаны дұрыс деп ойлаймын. Қай кездерде біз нағыз мұсылман бола аламыз ба, бола алмаймыз ба, кім біледі. Дегенмен, нағыз молдалықты, нағыз мұсылманшылықты келтіруге мен қызмет істеп жатырмын. Сондықтан Мысырға барған кезде сол елдің Президенті Мұбәракпен жыл сайын елу баланы үлкен университетте оқытуға келісіп келдік. Исламабадқа барғанда да біз солай келістік. Мысалы, басқа елдерде де оқыттық. Нағыз молдалар көбейіп келе жатыр. Мына жерде Мұбәракпен мениң келісімім бойынша үлкен мұсылман университеті ашылайын деп жатыр. Әл-Фараби көшесінде қазір ғимараты салынып та қойылды. Мұбәрак Президент келетін болса, құдай бұйырса, биыл оны ашатын боламыз. Сондықтан дінге деген қарым-қатынас жақсы болуы керек те, бірақ дінді ұстаймын деген адам ұстасын, басқаша ойлайтын адам өзінің еркімен жүретін болсын.

### **Сұрақ:**

– Енді бір сұрақ. Әңгіме сол сіздің жастық шағының туралы өрбіп жатыр ғой. Сіздің өзіңіздің жолдастарыныңызбенен, кластастарыныңызбенен кездесіп тұратындығынызды, қабылдан тұратындығынызды білеміз. Бірақ өзіңіздің қолыңызға ең алғаш қалам ұстатқан алғашқы мұғаліміңіз есіңізде ме?

### **Н. Назарбаев:**

– Есімде, әрине. Шамалғанның ортасында мен табалдырығын аттаған мектеп бар. Қаскелендеңі өзім оқыған Абай орта мектебі әлі күнге дейін бар. Ең бірінші мектепке келген күнім еш уақытта естен шықпайды. Оның бір тарихы бар. Ең бірінші қалам ұстатып, әліппені қолыма ұстатқан Тәку Смайылова деген мұғалимамыз осыдан төрт-бес жыл бұрын ғана қайтыс болды. Қарым-қатынасымызды еш уақытта үзгеміз жоқ. Бірінші кластан төртінші класқа дейін барлық пәннен сабак берген сол кісі. Ол есте қалды. Бірінші класқа барған күннің есте қалатын себебі, мениң әкем Әбіш марқұм,

шешем Әлжан марқұмдар біздің ауылдағы ете бір көнілді, отырған жерін күлдіріп отыратын, суырыпсалма ән шығаратын, кәдімгідей даусы бар жақсы, жарқын адамдар еді. Ауылдағы қазіргі тірі жүрген замандастардан сұрасаныздар, көзben көрген адамдардан білсеніздер мұны растайды. Әсіреке, шешем ете көнілді адам еді. Сол құрбы-құрдастарымен қатты ойнайтын ол кезде. Қазақтарды білесіздер ғой, құрдастарымен ойнай береді. Қазір ондай қалжынды көтеретін құрдас жоқ-ау. Мысалы, әкем шешеме бірдемеге ренжіп отырса, құрдасы оған қой деудің орнына шешемді одан өрі ұрса жөнетін. Бір құрдасы өлең үйретіп, мектепке барғанда айт деп жаттатқызыатын: оның мәнін мен қайдан білейін. Тойбай деген марқұм болып кетті, балалары мені кешірер.

Өзі әдемі, соғыстан келген, бір қолы жоқ болса да шырайлы жігіт еді. Екі беті қып-қызыл, көркем адам болатын, соған былай деп жазыпты:

Шамалғаның басында Тойбай отыр,

Беті қызыл қатынды қоймай отыр.

Екінші досы Жұмахан деген марқұм. Оның балалары бар Нұсіпхан деген. Балаларымен бірге оқып шықтық. Ол ірі-қара мал бағатын. Соған бір шумақ өлең жазыпты. Сол ауылдағы барлық құрдастарына жаңағыдай қып мен тақтаға шығып тарсылдатып тақпағымды айтып отырғанда, барлық отырған мұғалімдердің ішек-сілесі қата күлетін. Директорға дейін шақырып "қайтадан айт, қайтадан айт" деп, кішкентай ауыл болғаннан кейін мұғалімдердің барлығы жаңағы адамдарды біледі ғой. Жақында ғана сол кезде заувуч болып жұмыс істеген ұстазым Исаев аға келді. Мектебіміздің 60 жылдығы екен. Соны қалай өткізуге ақылдасуға келіпті. Мектепті бірге бітірген Сәдуақас, Қыдырғали, Нұсіпхан деген үш досымызбен әлі күнге дейін аласып тұрамыз. Былтыр Жамбылдың тойында кездесіп, олар киіз үй тігіп, бірге болдық. Екіншіден, жақында ғана тағы кездестік. Олар еш уақытта келіп менен бірдене сұрап, мазалайтын адамдар емес. Бірақ та келгенде тұра бетіңе барлық шындықты айтатын жігіттер. Сонысына ризамын. Сол ескі достарымды нағыз достарым деп санаймын.

Бұдан кейін Теміртауда 1958 жылы комсомолдық жолдамамен барған кездегі, содан бері қырық жыл бірге келе жатқан екі-үш достарым бар. Біреуі Сәрекенов Қабиден деген Батыс Қазақстанның Шыңғырлау ауылының жігіті. Әлі күнге дейін менімен қарым-қатынаста, жақын жүреміз. Екіншісі Ибраимов Сатыбалды деген Шымкенттің жігіті, онымен ылғи қатынасып тұрамыз. Тағы басқа Шымкентте, Жамбылда, Шығыс Қазақстанда тұратын дос-жарандар бар.

Сондықтан сол ескі достардан еш уақытта айырылмауға тырысып келемін.

### **Сұрақ:**

— Мынау жастық шақ туралы әңгіме болып жатқан кезде біз енді Сіздің әмірбаяныңызға қатысты біраз деректерді жинастырып жүреміз. Сол жаңағы

замандастарыныз, мектепте бірге оқыған кластастарыныз, Сізді жас кезінізде спортпен айналысқан, оның ішінде палуан болған, жауырыны жерге тимеген деген сөздерді айтады. Сол палуандық кезініз туралы айтып берсеңіз қалай болар еди.

**Н. Назарбаев:**

– Бұл енді артығырақ айтқан сөз болса керек. Жауырыны жерге тимейтін палуан болып мен көсіби палуаншылықпен шүғылданып қойғам жоқ. Бізді 1958 жылы Қазақстан Магниткасына металлург қызып даярлау үшін мектеп бітірген жұз қазақтың жігітін іріктең, Украинаның Днепродзержинск қаласына, сол кездегі Қазақстан үкіметінің келісімімен шарт жасасып екі жылға оқуға жіберді. Біз техникалық училищеге барғанменен, техникумның төңірегіндегі екі жылдың ішінде білім алып қайттық. Ол енді менің ер жетіп, жігіт бола бастаған кезім. Сол 1956 – 1959 жылдар ғой. Сол кезде "Тарзан" деген кино шықты, өздерініз білесіздер. "Первая перчатка" деген боксерлердің киносы қойылды. Содан кейін бір палуандар жөнінде кинолар шығып, бүкіл жаппай ауыл болып біз спортпен шүғылданған болатынбыз. Әркім өзінше бейімделген, біреу боксшы болып жатады. Біз ауылда шөпке шығып алып, жас бала кезімнен күресіп жататынбыз. Менімен бірге өскендердің балалығы мен жастығы екі қолдың құшімен өткен жоқ па? Мысалы, сиыр бағамыз, оған он жасымнан бастап шөп шалтый. Сиыр қораны тазалау керек, суару қажет, жылқы бағу тағы бар. Қектем болысымен оңтүстік жақ болғаннан кейін бақша салып, көкек айынан картоп егеміз. Ол шілдеде піседі. Әкей шілдеде оны қекбазарға әкеп сататын. Содан кейін алма ағаштың тілін білетін Мичурин сияқты адам еді марқұм. Алма ағаштың бір бұтағында алма, екінші бұтағында алмұрт өсетін. Ол алманы баптап, күзге дейін қолыңмен жұлдып алып, жерге тиғізбей, тақтайдың үстіне қойсан ғана, қыстай сақтауға келеді. Қектемде әкеп сатсан, оның бағасы басқа болады. Сөйтіп, жұмысқа машықтанып өскен біздер күшті болмағанда, кім күшті болады. Ұлғи қара жұмыс істейсің. Мектептен келе сала кітабынды тастап жұмыс істейсің. Сендер – сондай болған жоқсындар ма?

**Жауап:**

– Эрине, солай болдық.

**Н. Назарбаев:**

– Жоқ, әлде басқаша өстіңдер ме?

**Жауап:**

– Бәріміз ауылда өстік.

**Н. Назарбаев:**

– Иә, біреулар ойлайтын шығар мен аспаннан салбырап жерге түсіп қалды деп. Президент болғаныммен, бүйрекім жерге бұрып тұрады. Мен көрген

Тіршілік әлі өзгере қойған жоқ. Сондықтан да өмірді көріп өскенімді жасыра алмаймын. Сиырды да бұзаулаттық, биені құлышнадатуды да көрдік. Бері есте. Сондықтан жаңа оқып жүрген жерде жағдай жақсы болды. Ол жерде машиқтандыратын тренер бар. Бізде әлі металлургтердің Сарайы бар. Сол кезде мені жаңағы тренер қөрді де сенен палуандық шығады деп жаттығуға шақырды. Өзім қатарластарды ә дегенде қара күшке салып жыға берсем керек. Кейін айла-тәсілін үйренгеннен едәуір тәселдім. Содан соң әлгі Микола Митошко деген Украинада жургендегі досыммен салмағым бір болып белдестік енді.

### **Сұрақ:**

– Қандай салмақта?

### **Н. Назарбаев:**

– 79 килограмм. 18 жасымда сондай салмақта едім. Бүгін салмағым – 84 килограмм. Сол 79 килограмда орта салмақта белдескен сайын, оны ылғи жеңе бергеннен кейін, ол арықтап 76 килограмға түсіп кетті. Енді ол өз салмағы бойынша жеңетін болды. Мен 79 килограмда жеңетін бол, Днепродзержинскінің, Днепропетровск облысының жүлдегері болдық. Сол кезде бірінші разряд берген болатын. Одан басқа менің әлгі жауырыны жерге тимейтін палуан болғаным жоқ. Дегенмен, сол жас кездегі спортқа машиқтанғаным өмір бақи жадымда қалады.

### **Сұрақ:**

– Сіздің жастық шағының сол кездерде көбінесе романтикалық зерде болып табылатын халықтар достығының үлкен бір ордасы деп жазатын Қазақстан Магниткасында өтті. Украинада өтті. Бірақ сонымен бірге, сол кезеңнің өзінің де толып жатқан қыындықтары болдығой. Осылар туралы не айтып кетесіз? Мәселен, әйгілі Теміртау оқиғасы туралы...

### **Н. Назарбаев:**

– Ол кезде Кеңес әкіметі, Компартияның саясаты ұлтаралық мәселені түгел шешті деп жүрдік қой. Қазір қарап отырсақ, олай емес екен. Егер ол шешілген болса, Қарабақтағы, Тәжікстандағы қантөгіс, Приднестровьеедегі оқиғалар болмас еді. Югославияны айтайық, құдай сақтасын, соның бәрі болар ма еді? Грузияны ше? Оу, осылай деп айтайық, доспыз деп айтпасаң құрисың деп, ұлтшыл боласың деп қорқытқаннан барлығы жым болып жүрді. Ол Кеңес әкіметі күйрекеннен кейін белгілі болды. Бірақ та, біздің ауыл Шамалған деген қазақ пен орыс, украиндықтар арапас тұратын ауыл еді. Мен тұрган көшеде, әкемнің орыс достары тұратын. Сол жақында ойыма түсті. Шаповаловтар, Никифоровтар қайда кеткенін білмегеннен кейін фамилиясын атап, сұрау салғанмын. Шаповаловтар аман екен, тауып алдық. Таспаға түсіріп алды. Орыстармен, украиндармен, қазақтармен, Кавказдан кел-

ген халықтар чешендер мен ингуштар барлығы бірге болып, солармен арасынан өстік. Сол кезде біз басқа үлт деп, шынында да ойлағанымыз жоқ. Жас жігіт болдық, арамыз ажырасқан жоқ. Ондайға жалпы мен үйрентем. Ал бірақ Теміртауға келгенде, мысалы "Комсомольский путевкамен" З мың қазақтың жігітін алып келді ғой. Сондай-ақ жер аударылған, тұрмеден босатылған адамдарды жинағы.

Днепропетровскіден, Одессадан, Брянскіден, Ленинградтан, Москвадан әкелді, үйіп текті. Сол жердегі жағдай ете қызын болды. Құнде төбелес. Бүкіл микрорайонның бәрі жас. Қазақтың балалары жеңе жатақханада тұрамыз. Аман қалу үшін үйымдастып бірге жүргуге тұра келді. Топ болып жүріп келе жатқанымызда бізге келіп соқтығысып, бізді де соғып кеткен кездер болды. Ол кезде, әрине, талай нәрсеге ұрыну мүмкін еді. Құдай сақтап, аман қалдық. Сондықтан қазақ пен украиндар, орыстар болып, грузиндер мен орыстар болып, қазақтар болып, талай төбелестер болды. Ал енді Теміртаудағы 1959 жылдың оқиғасы дәл менің Днепродзержинске оқып жүрген кезіме тура келді. 1960 жылдың бірінші майында біз Теміртауға келдік. Сол кезде жаңағы оқиғаның барлық сарыны сол жерде бар болатын. Әлі қунға дейін ол тарих ашылған жоқ. Ол жерде біздің әскерлер халыққа қарсы оқ атпағаннан кейін "Дзержинский" деген дивизияны Солтүстік Кавказдан алып келді. Өзіміздің жеттоқсанда алып келген дивизия сол ғой. Сол дивизияны 1958 жылы Теміртауға алып келіп, қырып таstadtы. Оның қанша адамды қырғанын әлі қунға дейін ешкім білмейді. Кісі өлімі ете көп болды, оның ішінде талай адам сотталды, атылды, Новочеркассқіде болған оқиғаны жана-жана айттып жүр ғой. Сондықтан тоталитарлық жүйенің ол кездегі адамдарға деген берген зардабы ете көп болды. Ол кездегі көп мәселені біз білмейміз. Тек қана қарсы шықсаң, күшпенен жаншып, күшпенен құрту болды.

Өзіміздің бай-кулак деп әке-шешелеріміз қалай болды? Мысалы, Сара Алпысовнаның әкесі Алпыс, Алпыстың әкесі Қонақай ауқатты адамдар болған екен. Ауқатты адам болған соң кеңес өкіметі олардың барлық малын сыптырып алып, кемпір мен шалды киіз үйінде қалдырып кеткен. Алпекен, Сараның әкесі еңгезердей үлкен адам еді. Сол кезде Кеңес өкіметіне қарсы шыққаны үшін қудаланып, кейін ғана ақталды. Анандай сұмдықты қөрген-нен кейін қандай адам болсын әділетсіздікке тәзе ме? Бай-кулактың баласы деп, Сараның әкесін кейінгі кезге дейін қудалап келді. Бірақ одан кедей адам болған жоқ сол кезде. Мінеки, кеңестік жүйенің кесірі.

Біздің қайын жүртіміз сол Арқаның белді адамдары болып келеді. Нұраның бойында туған жетпіс жеті атасының барлығы сол жақтан. Сондықтан олардың ішінде белгілі, елінде сөзін жүргізетін адамдар болған. Олардың қөргені осы. Басқа туралы не айтуға болады? Осының бәрін айтқанда, үлтаралық мәселенің қалай шешілгені жөнінде не дерсін? Мысалы, Қазақстанның төңірегіндегі концентрационный лагерьлерді айтайық. Ол лагерьлердің барлығын Қазақстанда Сталин тұрғызыды. 1930 жылдары Қазақстандағы лагерьлердегі бір жарым миллион адам отырды. Біздің мемлекет, біздің

өкімет, Кенес өкіметі өз халқын жойды, өзін-өзі жеді. Біз бұған Сталин ғана жауапты дейміз. Жоқ, қазіргі деректерге қарағанда, Лениннің барлық резолюциясында "кулактардың барлығын атып, қырындар, он адамның бір адамын оныншы адам деп санап, оныншы адамды өлтіріндер, осы уақытқа дейін барлығын неге атпадындар, мынау казактарды неге қырмадындар" деген сөздер жазылған. Елге қанша айтсам да, әйтеуір түсіндіре алмай жүрген сияқтымын. Бізді де тәрбиелеген сол кенес өкіметі, біз де коммунистік партияның идеологиясында жүрдік. Дегенмен, ойлап қарасандар, егерде 1917 жылы төңкеріс болмаса, Ресейдің өзінде Столыпин бастаған реформа жүзеге асқан болар еді. Мүмкін сонда Ресеймен бірге біз де Батыс мемлекеті деген күнге жетер ме едік. Бұл 1917 жылы күрт тоқтап қалды, 75 жыл бойы біз бір орнымызда тұрып қалдық, өскеніміз жоқ, өркендергеніміз жоқ. Сондықтан бізге асығу керек, мынау реформаны тез жүргізу қажет. Жекешелендіруді тез жүргізуге тиістіміз. Жекешелендіру дегенді барлық дүние-мұлікті біреуге бөліп беру, деп ойлайды кейбіреулер. Олай емес, әр нәрсенің өзінің қожайыны болуы керек. Әр нәрсе үнеммен пайдаланылуы тиіс. Сол қожайын болған адам халыққа жұмыс береді. Жұмыс бергеннен кейін жақсы істеп, жақсы ақша тауып, экономикалық жағынан тәуелсіз болғаннан кейін, ол адам еш нәрсеге де тәуелді болмайды.

Кеменгөр адамдардың барлығын оқып отырсаңыз айтатыны адам баласының басындағы ең зор бақыт – бас бостандығы дейді. Ендеше, қазақтың баласы осы бостандықты сақтап қалуы үшін аянбай қызмет істеуі керек. Барлық жасап жүрген жұмысымыз, негізгі мақсатымыз біздің сол.

#### **Сұрақ:**

– Нұреке, Сіз жаңа партия туралы айттыңыз. Өзіңіз мынау өндірісте партияны басқарып отырған шағынызда әлдебір себептермен партиядан шығып қала жаздады деген сөздерді естіміз. Осының ақ-қарасын айтып бере аласыз ба?

#### **Н. Назарбаев:**

– Мұның барлығын іздесендер документтердің ішінен тауып аласындар.

#### **Сұрақ:**

– Дегенмен, өз аузыңыздан естіsek...

#### **Н. Назарбаев:**

– Мен 1958 жылды келіп Қазақстан Магниткасында жұмыс істей бастадық деп айттым. 1960 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Магниткасының домнасы бірінші шойын бергенде, мен сол бригададағы шойын беретін горновой болатынмын. Жас кезімнен атағым шыққан кезде еңбек озаты да болдық, коммунистік еңбектің де екпіндісі атандық, қызыл жалауды да, наградалардың да барлығын алып журдік қой. Менің жас кезімнен комсомол деп

атым шығып, 20 жасымда комсомолдың Орталық Комитетінің мүшесі болатынды да сондықтан. 1960 жылдан 1962 жылға дейін жұмыс істеп, комбинаттың стипендианты болдым. Қарағанды политехникалық институтының бірінші курсына оқуға түстім. Содан 1965 жылға дейін, Қарағанды металлургия комбинатына барғаннан кейін жаңағы зауытпен есептесіп, 3 жыл студент болып, бітіргеннен кейін біздің факультетімізден жоғары техникалық оқу орны деген институт ашты. Соны бітірдім, 1965 жылдан бастап жұмыс істедік қой. Жұмыс істеп, металлург болып атағымыз шықты, Сара екеуіміз үйленіп, шынын айтқанда, табысымыз жақсы болды. Қарын тойып, тапқанымның жартысын әкеме жіберіп түрдым. Жұмысқа барамын дегендеге сол әкемнің қолындағы қыыншылығын өз мойныма алайын деп бардым ғой. Әйтпесе маған қай институтқа түсемін десем ол кезде мүмкіндігім бар еді. Көп ақша теледі, енді тұрасын айтқанда, 1961 жылдан кейінгі реформадан соң 400 сом алу деген, ол обкомның хатшысының жалақысымен бірдей еді. Мен оны білген жоқтын. Соның 200-ін әкеме жіберемін. Әкем ауылдың азаматтарын жинап, мінеки Нұрсұлтаннан ақша келді деп, келген сайын таратып береді екен. Мен оған қемектесем деп жіберіп жүрсем, ол кісі елдің жағдайын ойлады. Сейтіп жүрген кезде "сен комсомолсың, Орталық Комитеттің мүшесің, енді горком комсомолға хатшы бол" деді басшылар. Бір жағынан, горком комсомолдың жалақысы 120 сом, мінеки – 400. Екінші жағынан, ең негізгі мәселе – менің оған қарсы болған себебім былай болды. Қанша қыын болса да металлургтің жұмысы, айтуға болмайтын жеке мәселе. Біріншіден, 1500 градуспен металл су сияқты ағып шығады; екіншіден газ, қапырық; үшіншіден, соның ішінде жүріп жұмыс істеу керек. Сегіз сағат терлегенде жарты шелек су ішесің. Соған қарамай инженер болған кезде Ресейден келген инженерлер сенен бірдене шығады деп айттын. Металдың түсіне қарап, сол кезде химиялтық құрамының бәрін айтып беруші едім. Барлық ой-арманым – металлургияның түбіне жететін маман еді. Зауытты, комбинатты басқарсам деген арманым еді. Басқа ешқандай ойым жоқ болатын. Саясаткер боламын деп, хатшы боламын, ел басқарамын деген ой кіріп-шыққан жоқ.

### **Сұрақ:**

– Горкомға бармадыңыз деп партиядан шара қолданды ғой, қорқытып...

### **Н. Назарбаев:**

– Шақырып алды. Зауыттың директоры да бір, парткомы да горком бюросының мүшесі болатын. Олар мені қуаттады. Қазақтан шыққан тұнғыш металлург, қайтесіндер, горком-комсомолға адам табылар деді. Ал қалалық комсомол комитетіне ұсыныс жасаған басшылар жас коммунист неге айтқанымызға көнбейді, дегенді алға тартады. Адамның тағдыры түк емес оларға, тек қана айтқаның орындау керек өлсөң де, тірілсөң де. Мәселе принципте ғой. Басқа ешқандай мәселе жоқ. Сейтіп, үш рет бюроға келдім. Үш рет көнбедім. Үшінші ретінде қалалық комитеттің бірінші хатшысы Катков партиядан шығару керек деді. Әрине, қорықтым, ол кезде партиядан шықсан бітті.

Барлық мәселеде, металлургия саласында да алға жылжу жоқ. Басқа жерде де саған жол жабық. Мен айттым: "Мені не үшін партиядан шығарасындар?" – деп. Зауыттың директоры Шуменков, парткомның хатшысы Суржиков екеуі мені жақташықты. Бұғандегі осы кісілердің екеуі де марқұм болып кетті. Әйтеруір солардың арқасында қатаң сөгіс алғып, аман қалдым. Сөгісті жазып үлгерді ме, үлгермеді ме, обкомның бюросы менің сұрауыммен бір жарты айдың ішінде оны қайтадан алғып тастанды. Осындай жағдай болған еді бір кезде.

### **Сұрақ:**

– Жас кезінізде палуан болғаныңызды айттыңыз. Сіздің спорттық баппен жүретініңізді үлкен спортпен, үлкен тенниспен, тау шанғысымен айналысадыныңызды, гольф ойнайтыныңызды, атқа мінуді де ұнататыныңызды білеміз. Міне, осындай жағдай дene шынықтыру тұрғысында ғана емес, өз жұмысыныңдағы саяси мәселелерді шешуге де әсер етіп, көмектесе ме?

### **Н. Назарбаев:**

– Өте көп әсер етеді. Халық біле бермейді: мен Қазақстанға Елбасы болып халқымызға ең бір қызын-қыстау кезінде келіп отырмын. Менімен бірге қызмет істеп жүрген азаматтар да еліміздің тарихи, ең жауапты шағында өз өншісіне тиесілі міндеттін атқарып келеді. Бізден кейін келген ұрпаққа жеңіл болады. Біз сол үшін жұмыс істеудеміз. Анау деген, мынау деген әңгімелердің бәрін естімін. Оның бәріне ренжи беруге болмайды.

Сондықтан күндіз-түні миң да, дененде жұмыспен жүрген кезде ширақ болмасаң, ел басқара алмайсың. Біз ескі біліммен келдік, менің басымда сондай жағдай болды. Күндіз-түні оқып, мына экономиканы менгеру керек. Күндіз-түні өркендеген мемлекеттердің тәжірибесін үйрену қажет. Олардың экономист, қаржы-қаражат ғалымдары жазған дүниелерін тоқыған жен. Соның барлығына үлгеру үшін де Елбасына арнайы кестемен жұмыс істеуіне тұра келеді. Әр сағатың, әр минөтің жазулы болсын. Егер де құр әншайін таңертен жұмысқа келіп, келгендерді қабылданап отырсаң ешуақытта ешнәрсені шешпейсің. Барлық шешем деген жұмысыңа апта сайын, ай сайын қайтып оралып отыру керек. Сонда ғана нәтижеге жетесің.

Міне, осының бәріне көмектесетін спорт болады. Спортпен барлық жастарымыз шүғылдану керек. Мәселең, бизнесмен болатын адам күндіз-түні тынбай шапқыламаса, басқа адамдармен тіл табыса алмаса онда ешқандай нәтиже бола қоймайды. Сонымен бірге денсаулығы мықты, білімді адам болуы керек.

Ол үшін, уақыт, денсаулық керек емес пе?

Спорт – денсаулық кепілі. Бір нәрсені айта кеткім келеді. Елдің ойынан шығып кетеді: баяғыда еуропалықтар Америка құрлығын жаулап алар кезде жас баладай табиғаттың арасында жүрген адад, сол кездің тұрақты халқы үндістерге, арақ-шарап беріп, жылтыраған заттармен алдап барып сол елді жеңіп алған.

Біздің қазақтарымызды Ресей патшасы да, отаршылдардың бәрі де сөйтіл женіл алған жоқ па?! Маскүнемдікке салынған адам дүниеде артта қалады. Ол ешнәрсеге қолын жеткізе алмайды. Ата-бабаларымыз бала кезден үйреткені осы пәледен аулақ болу ғой.

Еліміз егеменді болып, тәуелсіздік алып, адам болам дегенде ішімдіктен ажырамасақ болмайды. Мысалы, темекі тартқанның адамға қандай пайдалысы бар? Жас кезінде бәрі де темекі тартады. Темекі тартқан әйелдің баласы ертең қабілетті болып тумайды.

Темекі деген не пәле? Мысалы, 86 жылы менің басымда да қыын-қыстау заман болды. Әсіреле, Колбиннің тұсында. Мен де сол кезде 86-жылдан 89-жылға дейін 3 жыл темекі тарттым. Өзіме-өзім сондай ұрсамын: темекі тартуды тастап, тоқтата алмағаным. Қазіргі кездегі денсаулығым мен сол кездегі денсаулығымды сезінуім екі түрлі. Сондықтан спорт мәселесіне келсек, ол былай: егер адам дүниеде неғұрлым көп нәрсені біletін болса, солғұрлым өмір қызық. Мен теннисті қырық жасымда қолыма алып, үйрене бағтадым.

Алматыға келгеннен кейін біз Президент кубогы жолындағы жарыс өткіздік. Ол менің атымды шығарайын дегендік емес, құдайға шүкір, маған атақты да, мансапты да Алла да, әруақ та, халқым да берді. Мен тағдырыма ризамын. Мәселе онда емес. Бірақ мен бастағаннан кейін бүкіл Қазақстанда сол жарыстың жаңқуиері де бар, жарысқа қатысатын жастар да бар.

Теннис деген ойын – жүгіретін де, еңкейетін де, шалқайтатын да ойын. Денендей, тұла бойынды қозғалысқа түсіріп, қалыпқа келтіреді. Ол – бір. Екіншіден, бала кезден атқа мініп үйренгеннен кейін қолым босаған кезде барайп атқа мінемін. Екі сағат атқа шалсаң, әкем марқұм айтушы еді, жақсы ат ер азаматтың бетін өзіне қаратады деп. Жақсы атқа мініп, бір, бір жарым сағат шауып келсең денең терлейді, арқаның үлшық еті қатайады, іш-құрылышың реттеледі.

Сондықтан, кейбір азаматтар мені кешірсін, семіру серілік емес. Адам жағдайы жақсарған сайын дene бітімін күте түсіу қажет. Қарынды азайтып, сұнғақ болып жүру керек.

Мен ылғы ойлаймын: басқа Президенттің қасында тұрғанда менің қарным қампиып, былшиып тұрсам менің қазақтарым не деп ойлады? Күнде бесбармақты жей берсөн, тоқаш пен қаймақты ұра берсөн, жақсылап салмақ алуға болады, әрине!

Сондықтан мына жерден көрініздер, мен таңертен ерте тұрып жүгіріп, сосьын гирлерді көтеріп, жаттығып, сүық суға түсіп барып жұмысқа келемін. Жол түсіп, Швейцарияға, Давос қаласына бардым, тау шаңғысын үйренгенімді айта кетейін. Сол жолы Швейцарияның Президенті мені тауға шақырды. Тауға барсақ, керемет... Көрі де, жасы да шаңғы теуіп, ойнап жур. Сонда біреу кеп айтады: – Міне, шаңғы, алыңыз да, тебініз, – дейді. Мен айтамын: Қалай? Ол: Сіз Алматыдан келген жоқсыз ба? Шымбұлақ бар емес пе? – дейді. Мен: – Бар! – деймін.

Ол: – Шымбұлақта тұрып, шаңғы тебуді әлі күнге дейін неге үйренбен-генсіз? – дейді. Мен ұялдым. Бұл осыдан екі жыл бұрын болған оқиға еді. Былтыр келгенімде, шаңғы тептім. Тенізге барғанда қайық сүйрейтін шаңғымен су үстінде тұрдым. Сосын су тубіне түсетін кіслерді көрдім де, скандр киіп, оған да түстім.

Қазір міне, Орталық Азияда бірінші болып гольф аштық.

Дүние жүзінде ең бірінші орында: гольф, екінші тау шаңғысы, үшінші – теннис, төртіншісі – атқа міну. Осыларды білсөн, мұның бәрі қызық, қазір қайда барсаң да, жастарға құдайға шүкір, бәрі бар. Құреспен бе, әлде кара-тәмен шұғылданасың ба...

Денсаулығың мықты болса, еліңе пайдан тиеді.

### **Сұрақ:**

– Осындай ойындар кезінде елге пайдалы аса маңызды саяси-экономикалық мәселелердің шешілген кезі болды ма? Мысалы, Ресей Президенті Ельцин теннис ойнаймын деп жариялады ғой. Сонымен көбірек теннис ойнауға тұра келді...

### **Н. Назарбаев:**

– 1992 жылды Ресей Президенті Ельцин ресми сапармен Алматыға келіп, достық туралы құжат келісімдерге қол қойылғанын жақсы білесіздер. Кешке дейін жүре-жүре, ертесіне, таңертең теннис ойнайтын болдық.

Кешке бір мәселеге келісе алмадық. Ол құрделі мәселе еді.

– "Байқоңыр" ғарыш айлағын біздерге бере салмайсыздар ма? – дейді. Оның орнына не бересің? – Біз әскери көмек жасаймыз! – дейді. Мен айтамын: – Халыққа қалай деп түсіндіремін? Біз сендермен бірге мысалы, шетелдердегі Қазақстан елшіліктерін аштық. Бізге одан ешнэрсе берген жоқсын. Теніз кемелерінің бәрін бірге салыстық, одан да ешнэрсе берген жоқсындар!

Оның айтқаны: – Бәріміз салдық қой, бірақ ең көп ақша Ресейдікі ғой, – деді.

Менің айтқаным: – Сібірдегі мұнайларға, басқа да ірі құрылыштарды салуға біз де қатыстық дей отырып, келісе алмадық.

Онда бізге 250 миллион ақша төлейсің дедік. Бізге жазып қойған 1 миллион доллар, қарызындар деп отырғаны, әлті рублін алдық қой. Соған келісе алмай отырған кезде таңертең тенниске келдік. Ұтып жаттық, жігіттер айтты, қайтесің деді. Жарайды дедім.

Бірде жеңіліп, бірде жеңіп, оған екі рет жеңіліп, суға тұсу үшін моншаға бардық. Терлеп, тепшіп... Сол жерде әңгімені бастағанда әңгіме шешілді.

Америкаға барғанда Джеймс Бейкермен бірге атпен жүрдік. Ол менің атпен жүретініме таңқалды. Мен айттым: Даланың қылشاғы емеспіз бе? Атпен жүретін жалғыз сендер деп ойлайсыз ба?

Ол жерде көп мәселе шешілді. Ал мына гольф, теннис ойындарында әңгімелесіп жүріп көп мәселені шешуге болады.

89 8520  
33

Гольф ойынында бір арапап шығу үшін 2 сағат көгалдың үстінде жүресін. Бір рет шарикті ұрасың да, соның артынан 200 метр жүресің. Онда да көп мәселе шешіледі. Оның бір жағын ғана айтып отырмыз ғой, басты мәселе – денсаулық.

### **Сұрақ:**

– Елбасы үнемі халық назарында болып жүреді. Оның ішінде көп алып-кашпа сөздер де болады. Мысалы, Назарбаевтың миллиондары, шетелдегі виллалары деген әңгімелер ара-тұра баспасөз бетінде көрініп қалады. Осы әңгіменің ақиқаты қандай?

### **Н. Назарбаев:**

– Баспасөзге ашықтық, жариялыштық бергеннен соң жазып тұрады ғой. Бірақ та баспасөзде, өсірсек қазақтардың арасында, біз Шығыс адамдaryмыз, бұған мұқият болу керек. Ол ол ма, Босфорда, Стамбулда үйім бар екен, Жерорта теңізінде сатып алған арапым бар екен, мұндай сөздерді де естімін. Ондай сұрақ қойып отыргандарың дұрыс. Менің Қазақстаннан қазірде, кейін де құдай әмір беретін болса, кетіп қалайын деген ойым жоқ. Қайда барып сіңемін!.. Менің елім де, жерім де осы. Сондықтан шетелден үй сатып алушың, ол вилланың маған қандай қажеті бар. Сондықтан ол жақта вилламыз да, үйіміз де, арапымыз да жоқ. Ештеңе жоқ. Шетелге салған ақшам да жоқ, оны қалай салатының да білмеймін. Бізде, Сара екеуімізде қаражат бұрын болды, қазір де бар. Барлығын біз Қазақстанның, Алматының банкілерінде ұстаймыз. Қайдан түсетін қаражаттар бар? Мысалы, маған шетелге барғанда үлкен сыйлықтар ұсынады. Мынау Қазақстанның тарихи мұражайында, Президент сарайының ішіндегі мұражайға қарасаңыздар, онда бірнеше он миллиондық бағалы заттар тұр.

Оның бәрін жеке маған сыйлаған. Бірақ та мен Елім бар кезде оны өзіме жеке сыйлады, деп айта аламын ба? Ол елдің, халықтың мұрасы. Қазақстанның басқарып отырған Елбасшысы болғаннан соң беріп отыр. Мысалы, Сауд Арабиясында әль-Саудтың күміс және алтыннан жасалған Қағбаның макетінің өзі миллион доллардан артық тұрады.

Менің бірінші жазған кітабым 12 тілде аударылып басылды. Қазір "Ғасырлар тоғызында" кітабым 7 елде таралып отыр. Менің мұсінімнен медаль шығару үшін контрактімен келген адамдар бар. Өздеріңіз білесіздер, содан түскен ақшадан 150 мың долларға мен мына Каюрова басқарып отырған Аналар мен балалар қорғау орталығына диагностикалық аппаратура әптергеннін. Сосын 100 мың долларымды Абайдың тойына салғанымды білесіндер. Оған Нұрпейісов ағамыз жақсы кітап шығартқызыды. Қазір мынау Алматыда салынып жатқан мешітке өзім де беріп жатырмын, елге де бергізіп жатырмын. Сондықтан құдайға шүкір, мемлекеттен алатын қаражат бар, бірақ та халық сияқты мен де 40 процент салық төлеймін. Сондықтан бізде де арман бар.

1991 жылды Совет Одағының күйрекен кезінде болуы керек, бір күні Горбачевтің тапсырымасымен Кручине (марқұм бол кетті) телефон шалып тұрмын деді. Осылай, ЦК-нің бірінші хатшыларына бір-бір "Волга" берейін деп жа-тырымыз, деді. Сонда "Волга" алдық. Кейін оны сатып, балалардың көмегімен алған бір "Джиг" автокөлігім бар. Сыртқа шыққанда оны өзім жүргіземін. Үйренгім келеді, өзің жүргізсөң жақсы көңіл-күй береді, деп санаймын.

Шамалғанда әкейдің үйі бар, онда қарындасым тұрып жатыр. Енді қазір балаларыммен қосылып өзіме үй салсам деймін. Балаларым мен немерелерім атамның үйі деп айта жүретін болсын.

Сондықтан маған құдайға шүкір, Президент кезімде Конституция бойынша мемлекеттің қаражатымен өмір сүретін адаммын. Конституция бойынша мен отставкаға кетсем де, қызметімді бітіріп, демалысқа кетсем де, бәрібір мемлекеттің қарамағында болатын адаммын. Сондықтан аса байлықтың маған не керегі бар. Сондықтан рахмет, ел сыйлагап отыр. Әнеу күні қос палаталы Парламент бірдей жиналышп, сізге "Халық қаһарманы" атағын берейік деп қаулы қабылдады. Оларға ризашылығымызды алдарына барып айттым. Әр Президент өз Парламентінен осындай баға алатын болса, қандай бақыт! Бірақ мен өзім қол қойып, өзім награда алып отырсам, қандай абырай болады? Оның бәрін Брежневтен де, басқалардан да көріп шықтық қой... Шынымды айтсам, сондай пендешіліктен аулақ болсам деп ойлаймын.

### **Сұрақ:**

– Құрметті Нұраға! Жаңа қолыңыз бос кезде жеңіл автокөлік руліне отыратыныңызды айтып өттіңіз. Сонымен бірге Сіз еліміздің жоғары Бас қолбасшысысыз. Біраз әскери полигондарда болып, сынақ жұмыстарына қатыстыңыз. Жалпы, қандай әскери техникаларды пайдаланып көрдіңіз?

### **Н. Назарбаев:**

– Мен Конституция бойынша Бас қолбасшымын. Құдайға шүкір, риза болатын жағдай, біз әскерімізді құрып біттік. Әскеріміз, керек уақытта өз міндеттін орындаи алады. Біздің офицерлер құрамы, мен 1992 жылды әскер құрғанда оның 95 проценті қазақ емес болатын. Қазір көрісінше, 95 процентке жете қоймағанымен офицерлеріміз 70 проценттен асты. Келешекте, үш жыл ішінде бәрін түзейміз. Бұл жерде анау ұлт, мынау ұлт дейтін мәселе жоқ. Қауіпсіздік, әскери мәселесін өзара талқылауға жиналышп отырғанда, олар бір-біріне сеніп сөйлесетін адам болуы керек. Мәселе сонда. Сондықтан әскери жағдайымыз жаман емес.

Менің жас кезімде әкем марқұм аңшы еді. Алатаудың мұзарт биігіне барап, арқар ататынбыз. Содан қалған аңшылық өуестігім бар. Бірақ анда-санда болмаса, қолым тие бермейді. Енді елікті атуға жаным ашиды, құралайдың көзін көргенде... Мысалы, қасқыр, қабан, құс атуға болады. Мылтық ату, тапаншадан, пистолет атудан әбден машиқтанған адаммын.

Сондықтан жып сайын Бас қолбасшы ретінде жаттығуға барып тұрамын. Зенбіректен, танк ішінде отырып оқ ату, мина атқыштардан ату, әскери машина ішінде отырып жүруді айтсақ, оның бәрі жаңағы машықтанып, әскери адам болайын деп жүргендіктен емес. Біріншіден, Бас қолбасшының қандай жағдайда қызмет атқарып жүргенін солдаттардың көргені жақсы. Эрі әскерилердің өмірін теренірек түсіну үшін де барамын. Әйтпесе, мен истребитель ұшаққа мініп, тікұшаққа мініп оқ атып, солар сияқты әскери адам болуды мақсат тұттаймын.

Жалпы өз басым өмірбақи әскери адам емеспін. Азаматшылыққа үйренген адаммын...

### **Сұрақ:**

– Нұреке! Сіздің енді домбыра тартып, ән айтатыныңызды, көркем кітап оқитыныңызды біз жақсы білеміз. Бұл туралы пікірінізді айтып жүресіз. Соңғы кезде кімнің шығармаларын оқыдыңыз? Кімдер ұнайды?

### **Н. Назарбаев:**

– Айтатыны жоқ, егемен ел болған соң қазақтың тіліне көніл бөлуіміз керек.

Оныншы класқа дейін қазақ мектебінде оқыдым. Бірақ одан кейін арас-құралас орыстың арасында жүргеннен кейін тілдің өзі шолақтанып кетуіне байланысты әсіресе, кейінгі кезде қазақша кітаптарды окуды жән көріп жүрмін. Сондықтан Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығы келе жатқанда "Абай жолы" романын қайтадан оқып жатырмын. Бір ғажап жері, ең алғаш бұл шығарманы мектепте жүргенде оқыған екенмін. Сол кездегі әсерінен қазіргі кездегі әсерің мүлдем басқа. Абайдың өлеңдерінен алғын әсерің де, түсінігің де, мағынасы да басқа. Ал енді күнбе-күн экономика, финанс, менеджмент тақырыбындағы кітаптарды оқымын. Дәл қазір айтсам, Қазақстанның болашағын болжап, стратегиялық жоспар жасайын деп жатырмын.

### **Сұрақ:**

– Қазақстан дүние жүзіндегі сауатты елдің бірі. Бұл халықтың бақыты деп ойлаймыз. Сіз биылғы жылы білім беру мәселесіне ете көп көніл бөліп келе жатырсыз. Сол біздің болашағымыз – балалар орта мектепті қалай бітіріп, қандай білім алып шығады? Жақында орта мектеп туралы тұжырымдаманы бекіттіріп, ұсындыңыз?

### **Н. Назарбаев:**

– Орта білім беру саласындағы барлық мәселені жөнге қоймасақ, халықтың болашағына зиян келтіреміз.

Сондықтан бағдарламалар бойынша бүкіл мектепті, әсіресе ауыл мектептерін компьютерлендіру мәселесіне көштік. Оған 20 миллион доллар ақша керек екен. Биыл 5 миллион бөлінді. Ол үшін компьютерлерге оқытатын адам керек. Ол бірінші мәселе.

Екінші мәселе, бірінші кластан бастап 4 класқа дейінгі оқулықтарды бұрынғы республикалардың ішінде тегін беретін тек жалғыз – Қазақстан. Мүмкіншілік болса, әлі де оқулықтарды тегін беруді жалғастырамыз.

Орта білім беру мәселесін де өзгерту керек. Орта білімді беретін мектеп мысалы 11 класс болатын болса, жалпы орта білім 9 класс деп алып, қалған екі жылда балаларға мамандық бергізіп шығару керек. Не олар компьютерде жұмыс істей алатын, не машина жүргізуши болуы керек, болмаса бухгалтер... Ертең мектеп бітіргенде оқуға түскені түсер, қалғаны қазіргі заманға керекті мамандық алып шығуы керек.

Осы мәселеге көніл бәліп отырмыз. Ұшінші мәселе – жоғары білім алу мәселесі. Кейбіреулер ойлап жүр, бизнесте қағаз жазып, газет оқысақ та жүре береміз деп. Олай емес, мысалы: біз ауыл шаруашылығы мамандығы жоқ адамға жер бермейміз. Ондайлар жерді құртады ғой. Жер біздің ғана емес, болашақтың да байлығы.

Экономикада, қаржы-қараждат саласында мамандығы жоқ болса, ол бизнесті алып жүре ала ма? Экономикадан мамандығы жоқ болса, ол шаруашылықты қалай басқарады? Қынышылыққа қарамастан жылына 280 адамды "Болашақ" бағдарламасымен шетелге жіберіп жатырмыз.

Сондай-ақ жылына 150 – 120 адамды өзіміздің менеджменттен оқытып шығарып, оларға магистр деген атақ беріп даярлаудамыз.

Басшылар дайындастырын француздың мектебімен келісіп, жыл сайын 50 – 60 адам оқытып шығарылады. Мұндай мектептер ашыла береді, ашыла береді. Қолдан келетін болса, шетелдерге 2000, 3000, 4000 адамға дейін жіберетін жағдайға жету керек.

Бұл менің түбекейлі ойым. Құдай бұйыртса, бұған да қол жеткіземіз.

### **Сұрақ:**

– Жастардың тәрбиесі туралы айтып қалдық. Кейінгі кездे Сіздің кадр саясатында жастарға сенім білдіре бастағанының айқын байқалады. Алды 40-қа, соны 30-ға келген жігіттерді үлкен мемлекеттік маңызды қызметке тағайындал жатырсыз. Бұл мемлекеттің ұзақ мерзімге белгіленген саясаты ма, жоқ осы кезеңдегі ме?

### **Н. Назарбаев:**

– Естіл жүрмін. Кейбіреулер айтады: өңкей сары ауыздарды алып келді деп. Оларды қалай жастар деп айтуға болады? Мысалы экономика министрі Әмірзақ Шүкев 1964 жылы туған болса, 33 жаста, қарапайым ауылдағы қазақтың баласы. Менің қазіргі көмекшім деп жүрген Зейнолла Кәкімжановты алайық, ол 1959 жылғы. Ол Семейден, Шар деген ауылдан шықкан қазақтың қарапайым баласы. Ал Сауат Мыңбаев 40 жаста.

Мен 29 жасымда Теміртау қаласын басқардым. Жаспын деп ойлағаным жоқтын. Қазір қызметте жүргендер қай жаста келгенін ойласыншы... 35-тегі; 39-ға келгендерді жас деп айтуға бола ма?

Тепсе төмір үзетін, жұмыс істейтін, өзінің де, елінің де ертеңін ойлайтын жастар болады. Баяғы революция кезінде біз билетін, азамат соғысы кезінде лейтенантқа дивизияны басқаруға беріп отырған болатын.

Дәл қазір сондай уақыт. Жастарды мен басқарушылыққа үйретіп журмін. Ертеңі елді алып баратын, басқаратын солар болады. Ол – дұрыс саясат, орталықтағана емес, жергілікті әкімшілікте де солай болуы тиіс.

### **Сұрақ:**

– Ал енді Ақмолаға көшірудің еткіншілік мәселелері туралы оның болашаққа қалай жұмыс істейтінін әңгімелей кетсеңіз?

### **Н. Назарбаев:**

– Барлық ағайындардың неше түрлі әңгімесін естіп журмін. Мен жаңа айтып кеттім, менің бабам Қарасай батыр осы жерден бастап, 5 мың қалмақта 600 батырмен қарсы тұрып, елін қорғап қалған.

Қарасай батырдың өле-өлгенше досы арғын Ағынтай батыр деген болған. Екеуді соғысқанда бір-біріне арқа сүйеп тұрады екен. Екеуді 220 соғыстан аман қалған. Сол кісі қолын бастап, анау Қекшетаудың ар жағындағы, Шығыс Қазақстанның Қытай қақпасына барып, қазақтарды қорғаған, Еділ мен Жайықтың жанына барып соғысты.

Екі батырдың денесі Қекшетауда, Айыртауда жатыр.

Ел басын біріктірген Абылайхан Қекшетаудан Түркістанға келіп отырған жоқ па? Сондықтан бабаларымыздың жері деп айтқан кезде, егер тірі болатын болса, Абай да, Мұхтар Әуезов те, атынан айналайын ұлы бабаларымыз да менің осы істеп отырған ісімді дұрыс деп санарап еді. Егер мұны қазақ түсінбесе, кім түсінеді?

Бұл – болашақтың ісі! Мына көкмайса жерде отырсындар... Мен осы жерде туып-естім. Алатаудың баурайынан шыққан адаммын. Менің кіндік қаным тамған жер. Ал енді қазақтың болашағын ойлайтын болсақ, еш қазақ бүгінгі жылы орнын ойлап, бүгінгі басындағы жақсылығын ғана күйттеп отырмау керек. Қең-байтақ, атамыздың қанымен бірге мұра бол қалған қең-байтақ даланың ортасы Дешті Қыпшақтың даласының ортасы болу керек деп санаймын.

### **Сұрақ:**

– Республикамызда әкімшілік-аумақтық біраз өзгерістер болды. Соның ішінде Семей облысының Шығыс Қазақстан облысына қосылғанының экономикалық тиімділігін жүргттың бәрі түсініп отыр. Бірақ алыптар мекені Семей облысының статусы қазақ жерінің рухани орталығы сияқты болып қалар ма екен деген алаңдаушылық бар.

### **Н. Назарбаев:**

– Тірі болса, ұлы Абай да, Шәкірім де, ұлы Мұхтар Әуезов те менің осы істегенімді мақұлдар еді.

Енді былай сұрақ қойылғаннан соң ашығын айтуға тура келіп отыр.

Мысалы, облыстың екеуін қосып, әкімшілігін біркітіргенге ешкімнің қарсылығы жоқ. "Облыстың орталығы неге Семейде болмайды?" дейді. Егер облыстың орталығын қазір мына жағдайда Семейге қалдыратын болсам... Менің де ішім ашып, екі-үш күнде дөнбекшіп, үйықтамай барып осындан шешімге бел байлаған кезім. Онда орысты ығыстыру үшін орталықты Семейге ауыстыруды деп байбалам салатындар шығар еді.

Қазір Шығыс Қазақстан облысында қазақтың проценті 49, орыстың проценті 48. Қекшетауда да солай. Қекшетауға менің ішім ашымайды дейсіздер ме!.. Қазақтың жері, Абылай ханның жалау тіккен жері. Мен оны білмей отырмын ба? Бірақ қазір оның Солтүстік Қазақстан құрамында болғаны жән. Сондықтан ел өзіміздікі, жер өзіміздікі, халық біздікі болып отырғанда, қай облыстың орталығы қай жерде болғанының қазаққа қандай айырмашылығы бар, айтыңыздаршы!

Кейін, өсе-өсе, өркендей келе бәрі орнына келеді.

Бүгінгі жағдай ел тыныштығын ойлаған кезде осылай болуы керек.

### **Сұрақ:**

– Енді он жылдан кейінгі Қазақстанды көз алдыңызға қалай елестетесіз?

### **Н. Назарбаев:**

– Біздің қазақ халқы жақсы жағдайға келеді деп ойлаймын.

Иншалла, аруақ қолдап, ішіміз тыныш болса, сыртымыздан жау шаппаса, бәрі де болады. Менің жүргізіп отырған саясатым дәл осындағы. Әрі Ресеймен де жақсы бол, Қытаймен де жақсы бол, Оңтүстікпен де жақсы бол, сыртымыздары, ішіміздегі әл-ахуалды жөндең, халықтардың арасындағы ынтымақтастық пен достық, әсіресе, қазақ халқының ауыз бірлігі әр уақытта маған да, менен кейін келетін Президентке де бірінші орында тұру керек. Еш уақытта қазақты сырттан кеп жау алған жоқ. Қазақты ішкі бүлік құртты. Содан барып бодан болды. Қазақты ру-руға бөліп, арасына жік салды. Жұзжүзге бөлді. Ал шын мәнінде қазақ бір ғана ру екен! Бір ғана мысал. Ғалымдарымыздың айтуынша, Ертіс пен Еділ бойындағы қазақтардың қанының химиялық құрамы бірдей болып шықкан.

Біз бір ұлттыз! Біз бір халықтыз! Бір елміз!

Осыны сақтап қалсақ он жылдан кейін Қазақстан бүгінгі қыншылықтың бәрінен арылып, жыл сайын алға адымдал басатын жолға түседі.

Қазақ деген халқымнан айналайын. Халқым аман болсын! Қазақ болмаса, оның мен сияқты Нұрсұлтан деген Президенті де болмас еді. Міне, басымды иіп, тағзым ететінім осы.

### **Сұрақ:**

– Бүгінгі мемлекеттік қат-қабат шаруадан қолыныз сәл босаған кезінде көрермендер мен оқырмандардың көптеген сұрақтарына уақыт тауып, сұхбатқа ризашылық бергенініз үшін үлкен раҳметімізді айтамыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЛАРҒА ДЕГЕН АЛҒЫСЫ\*

Алматы, 10 шілде 1997 жыл

Мені туған күніммен құттықтаған мемлекеттер мен үкіметтердің басшыларына, шетел елшіліктері мен өкілдіктеріне, қоғамдық үйымдарға, сондай-ақ өндірістік үжымдардың өкілдеріне, соғыс және өңбек ардагерлеріне, ғылым мен мәдениет қайраткерлеріне, республика азаматтарына шын жүректен алғыс айтамын.

Елде жүріп жатқан оң өзгерістерді қолдағаны, табыс пен игілік және денсаулық тілеген жылды лебіздері үшін баршасына шынайы ризашылығымды білдіремін.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 10 шілде 1997 жыл.

**БЛАГОДАРНОСТЬ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. НАЗАРБАЕВА  
ЗА ПОЗДРАВЛЕНИЯ\***

---

**Алматы, 9 июля 1997 года**

Выражаю сердечную благодарность главам государств и правительств, зарубежным посольствам, иностранным представительствам, общественным организациям, а также представителям производственных коллективов, ветеранам войны и труда, деятелям науки и культуры, гражданам республики, поздравившим меня с днем рождения.

Я искренне признателен всем за поддержку проводимых в стране преобразований, теплые слова с пожеланиями успехов, благополучия и здоровья.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 9 июля 1997 года.

# ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА ВО ВРЕМЯ РАБОЧЕЙ ПОЕЗДКИ ПО АЛМАТЫ\*

*Алматы, 2 августа 1997 года*

## На Центральном рынке...

– Здесь изобилие разнообразных продуктов питания. Хотелось бы, чтобы их больше поставляли казахстанские производители, а не соседние страны, тогда бы и цены меньше "кусались". Я доволен работой коллектива акционерного общества, имеющего необходимое количество холодильных камер, лабораторию ветеринарно-санитарной экспертизы, необходимое количество контролеров и 300 торговых мест.

### **Корреспондент КазТАГ:**

– Довольны ли Вы тем, как согласно Вашему указу развивается в республике малый и средний бизнес?

– Я не бывал в этих магазинах после приватизации и вот решил лично убедиться, что она дала. У людей, к сожалению, короткая память. Многие забыли, как в 1990–1992 годах все сметалось с магазинных прилавков – и соль, и спички, и мука... Пустыми они оставались. А вот сегодня воочию убеждаешься, что собой представляет частная предпринимательская деятельность. Бывший ЦУМ сейчас дает в казну в четыре раза больше денег, чем полтора года назад. В три раза там подняли объемы торговли, на 15 процентов увеличили заработную плату.

А возьмите бывший "Юбилейный". Какие высококачественные здесь продукты. Руководителям наших предприятий есть на что здесь посмотреть и сделать для себя соответствующие выводы. Если мы не сможем производить такую продукцию и вывозить ее за рубеж, у нас не будет будущего. Я, как Президент, мог бы ввести на отечественные товары и продукты такие цены, которые помогли бы протолкнуть их на мировой рынок. Но ведь так вечно делать нельзя. Или, например, можно поставить барьеры на пути добротных импортных товаров. Что произойдет? Завалим внутренний рынок дешевыми, некачественными товарами. Кому это надо? Так что оте-

\* Газета "Казахстанская правда", 14 августа 1997 года.

чественные товаропроизводители с самого начала должны ориентироваться на высокое качество своей продукции.

Я в этом году серьезно взялся за развитие малого и среднего бизнеса. На первое полугодие насчитывается уже 180 тысяч таких предприятий. А нам надо иметь до миллиона. Что это даст? Во-первых, появятся в достатке необходимые товары. Во-вторых, больше людей будут заняты на производстве, зарабатывая к тому же больше, чем на госпредприятиях. То есть появится наконец настоящий средний класс нормально живущих людей. Уверен, преимущества его общество начнет ощущать очень быстро. Для этого приняты соответствующие законы и постановления Правительства. Наши предприниматели сегодня могут совершенно спокойно создавать свои предприятия, им не помешают теперь бюрократические рогатки.

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
НҰЗАРБАЕВТЫҢ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ ОРАЙ  
ҚАЗАКСТАНДЫҚТАРҒА АРНАҒАН ҮНДЕУІ\*

Алматы, 30 тамыз 1997 жыл

АТА ЗАҢЫМЫЗ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МҮДДЕСІ  
МЕН МҰРАТЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Құрметті отандастар!

Бүгін бізде – мереке күні. Төл Конституциямыздың қабылданғанына, міне, екі жыл толып отыр. Қазақстанда бұдан бұрын да конституциялар қабылданған еді. Бұл – бесінші Конституция. Алғашқы үш Конституциямыздың Қеңес Конституциясының көшірмесі болғаны да жасырын емес. Содан кейін жаппай қол көтеруге бейіл тұратын Жоғарғы Қеңестің талқысына салып, келесі Конституцияны қабылдадық. Әділін айтсақ – ол да біздің Конституциямыз емес еді. Коммунизм идеясынан әлі де арыла қоймаған сол кездегі Жоғарғы Қеңес Ата заңымыз болуға лайық Конституция қабылдауға қабілетсіз еді. Қазақстан тарихында, қазақ халқының тарихында тұнғыш рет жаппай халық болып қабылдаған Конституция 1995 жылғы референдумда қабылданған, міне, осы Конституция.

Әткен екі жыл ішінде өмірімзге Конституция енгізген жаңалықтар қандай?

Ең бастысы мемлекеттік билік тармақтарының жұмысы нақтыланды. Парламентіміз нағыз Заң шығаратын органға айналды. Соның нәтижесінде былтыр біздің зангерлеріміз бір жыл нәтижесінде 160-тан аса заң шығарған екен. Қанағат тұтарлық. Олардың ісі ризашылыққа лайық. Мұның реформаларымызды алға апаруға кең өріс ашқанын айту керек. Парламентіміз тұнғыш рет екі палатадан – Сенат пен Мәжілістен тұратын болды, сейтіп заңдардың жан-жақты сараланып жасалуына мүмкіндік туды. Ендігі жерде Мәжілістен кемшілік келетін болса, Сенатта түзетілетін болады. Әйткені, Сенат жергілікті жерлердің, аймақтардың мүддесін білдіретін, соған айрықша көніл бөлетін палатаға айналды. Себебі мәжіліскерлер мен сенаторлардың өздері облыстардан, аймақтарымыздан сайланып отыр ғой.

Сонымен қатар Үкімет енді өз тараپында өзіне тән тиісті құқықтарды иеленді және Үкіметтің Президент алдындағы да, Парламент алдындағы да жауапкершілігі арта түсті. Демек, енді Үкімет пен Парламенттің арасындағы ілгері басуымызға салқын тигізетін дау-дамайдан арылғанымыз да айқын.

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 30 тамыз 1997 жыл.

Конституциямыз бойынша Президент Үкіметтің, әкімшіліктердің әр буынын өз орнында ұстап, билік тармақтары арасындағы шиеленістерді заң жүзінде шешуді қолына алды.

Екі жылдың ішінде жаңа Конституциямызға сәйкес барлық заңдарды ретке келтірдік. Айталақ, біздің Қылмыстық кодекс пен іс адамдарына құқықтық жағдай туғызуға тиіс заңдар нәтижесінде, міне, жарты миллион адам өз ісін ашып, жұмыс істеп жатыр. Мұның өзі жарты миллион адам жұмыспен қамтылды, демек жұмыссыздық жарты миллион адамға кеміді деген сөз. Бұл мәселелердің бәрін де менің өзім қарап, қадағалап отырғаным өздерінізге мәлім. Егер де біз екі миллион, үш миллион адамның өз ісін ашуына мүмкіндік берсек, Қазақстанның іргесі берік елге айналары, халқымыздың тұрмысы жақсарары сөзсіз. Көшіліктің өз жағдайы мен жанұясының жағдайын жақсартуға мүмкіндік алары анық.

Әкімшілік-аймақтық құрылышты оңтайландыру, аудандық, облыстық басқару аппараттарын ықшамдау бағытында тындырылған жұмыс үлкен. Бұл да Ата заңымыздан туындала отырған мәселе. Осы қадамның нәтижесінде жиырма мыңнан аса мемлекет қызметкерлері қысқартылып, мұғалімдер мен дәрігерлерге беруге мүмкіндік туды. Бұл салада осындағы пәрменді шараларды өлі де қолдана беруіміз керек. Мемлекет іскер адамдарды, кәсіпкерлерді қолдап, хал-қадерінше қаржыландырып отыруға тиіс. Яғни, мемлекет халыққа қызмет етуі, халыққа жағдай жасауы керек. Бұл салада кемшіліктердің бар екені маган жақсы мәлім.

Біздің ең алдымен ауыл шаруашылығына баса көніл бөлуіміз керек. Ауыл шаруашылығын өркендетлейінше, біз ешuaқытта экономикалық реформаны көң ауқымда пәрменді жүргізе аламыз деп айтудың қынын. Бұл – бір.

Екінші мәселе – халқымыздың рухын көтеру, рухани дүниесін байыту, бойына болашағына деген асқақ сезімді үзілату. Біз – рухани берік негізі бар, екі жарым мың жылғы байырғы тарихы бар, уақыт сынына төтеп берген халықпаз. Өзіндік өршіл әдет-тұрпры бар, аруаққа сыйынған халықпаз. Ағайын-тұғанды, жақынды да, жатты да сыйлай білетін халықпаз. Бауырмал, елшіл, ағайын-жұрағат, тайпа, рудан бастап, ісі қазақ болып күні бүгінге дейін өзінің дәстүрін, тілін, ділін, табиғи болмыс-бітімін сақтап қалған халықпаз.

Тарихқа үніліңізші, біздің рухымыздың неше империяның доңғалағы базып-жаныштамады десенізші. Шыңғыс хан қағандығы, Ресей империясы, кешегі Кеңес империясы, санай берсөніз көп. Сонда да қазақ халқы мұқалған жоқ, рухын сақтап қалды.

Біздің рухымыздың қайнары қайда, неде? Біздің рухымыздың түп негізі ата-бабамыздың рухында, аруағында.

Ендеше қазақтың басын қосқан Майқы биді еске түсірелік, Қорқыт бабамыздың аруағына бас иелік, Асан қайғы атамыз рухына сыйынайық. Біз осы ұлы бабаларымыздың рухы алдында борыштармыз. Біз Аңырақай шайқасындағы ерлеріміз, қан төккен батырларымызға өлі де ас беріп, рухына тағым еткеніміз жоқ, бастарына күмбез орнатып, халқымызға таныта ал-

ған жоқпыз. Өз тарихымызды әлі де дұрыстап еске түсірген жоқпыз. Шыңғыс хан үрпақтары да біздің бабаларымыз. Ендеше, Жошы хан мен Алаша хан басында ас беріп, халықты мінәжат еткізу де бізге парыз. Сондықтан өз төлтума мәдениетіміз, тарихымыз, өзіндік табиғат-бітіміміз бар екенін, асқақ қазақы рухымыз, ата-бабамыз екі жарым мың жыл бойы қорғап, біз үшін сақтап келген жеріміз бар екенін баршаға – бүгінгі және келер үрпаққа паш ететін болсақ, сонда ғана халық болып, ел болып, өз-өзімізді сыйлас, бас бірлігімізді сақтайтын боламыз.

Қазақты ешқашан сырттан келген жау басып алған емес, ал алған болса, алдымен жік-жікке бөліп, ішімізден іріткі салып, өзіміз бен өзімізді өштестіріп барып қана алған еді. Біз тарихымызды терең таразылай келіп, дана бабаларымыз бен батырларымыздың, кеменгер билеріміз бен ел билеген азаматтарымыздың рухын бүгінгі үрпақтың санасында жаңғыруымыз керек.

Егер де біле білсөніздер, Президенттік басқару мәселесінде Конституцияның қазақ халқының алдына қоятын негізгі мәселесі де, міне, осында деп білуіміз керек. Әлбетте, Ата Заңымыз бізге қазақ халқының басында бұрын-соңды болып көрмеген құқықтар мен бостандықтар беріп отыр. Мұны қадірлей білу керек. Халық та, адам да алдымен бас бостандығы үшін күреседі. Сол үшін қан төгуге де барады, демократияның салтанаты үшін күреседі. Сондықтан да әр уақытта тоталитаризмге қарсы тұрады. Менің де биылғы жылды Татулық пен тоталитаризм құрбандарын еске алу жылы деп жариялауды тегін емес. Сол арқылы да халықтың басы бірігеді, топтасады деп сенемін. Ендеше осы бостандығымызды сақтау үшін, ең алдымен, қазақ халқы, баршамыз өз Ата Заңымызды қадірлеуге тиіспіз. Сондықтан да шыр етіп фәніге келгеннен, бақылық болғанға дейін әрқайсысы өз халқымның Ата заңы мен заңдарына ешуақытта өмірім қайшы келген жоқ деп айта алатын халық тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана ел берік болады, мемлекетіміз күшті болады, мемлекеттің ішінде тәртіп орнайды. Сонда ғана заңды сыйлайтын мемлекетке айналамыз.

Егер де өзім бүгін заңға қайшы келсем, заңға қарсы шықсам, онда ертең құқығым табанға басылған кездे менің сол құқығымды кім жақтайды, кім қолдайды деп ойлау керек. Заңды бұзу, заңды бұрмалау батырлық емес. Заңды қанша аттасаң да, қанша алдасаң да қылмыстың түбі бір-ак тұтам. Егер де біз ел болсақ, ел боламыз десек, бірінші сыныпқа барған балаларымыздан бастап, үлкендерімізге дейін Ата заңымызды оқып-үйрену, оны ежелей білу, мұлтіксіз орындау қамын жасауымыз керек.

Алдымызда Конституацияны нығайта, дәйектей түсу үшін басқа да заңдар қабылдау міндеті тұр. Азаматтық кодекстің екінші жартысын шығару керек. Неке және отбасы туралы заң қабылдауымыз керек. Ол заң отау тіккен қосақтардың екеуінің де құқығын қорғауға тиіс, онда дүние-мұлік, екеуінің бір-бірінің алдындағы міндеттері егжей-тегжейлі қарастырылуға тиіс. Бұл заң отбасына береке кіргізеді, жастардың кейінгі кезде жиі көрініс беріп жүрген неке бұзуына жол бермейді деп санаймын.

Осы орайда өзіміздің бұрынғы ігі дәстүрлерімізді, бұрынғыдан келе жатқан, ата-бабамыздан қалған жолымызды сақтау үшін өндірте жұмыс істей алмай жүргенімізді айтуым керек. Біздің жастарға ұлттық дәстүр негізінде тәрбие беруге көніл бөлуіміз аса қажет.

Ендігі бір үлкен міндет – халық ағарту, мәдениет мәселелеріне баса көніл бөлуіміз керек.

Экономикалық жағдайымыз жақсарған сайын біз бұл мәселелерді мықтап қолға алатын боламыз. Өздерініз білесіздер, биыл Үкіметтің алдына зейнетақы жөніндегі қарыздардың бәрін өтеу міндеті қойылып отыр. Үстіміздегі жылды мұғалімдер мен дәрігерлер өз жалақыларын түгел алып болуға тиіс. Мен мұны қатаң қадағалап отырмын.

Ал бұл міндетті орындай алмайтын Үкіметтің Қазақстанға керегі жоқ, мен оны таратып жіберетін боламын. Келесі жылға дейін әлі уақыт бар, осы мерзімнің ішінде бұл мәселелерді шешіп, жағдайды түземейтін болса, онда басқа Үкімет келуге, қолынан іс келетін адамдар келуге тиіс.

Ендігі бір мәселе – біздің экономикамызды алға бастыру, өркендetu. Мен бұрын да айтып келгенмін, тағы да қайталап айтамын. Бізге ешкім ешнәрсені әкеп бермейді, алдымен халықтың өзіне қос білекті сыйбанып іс тындыруы керек. Ол үшін барлық жағдай жасалады. Тек әркім өз ісін табуға тиіс. Абай айтқандай, әр адам дүниенің бір кірпіші, тек тетігін тауып қалануы керек. Ұрыздығымды жерден терем десен, жер өнде, мал өсірем десен, мал бақ, қалаға келіп өндірісте істеймін десен, орнынды тап. Ең бастысы, жұмыс істе, сол үшін заң саған барлық құқықты беріп отыр.

Еңбек ет, өзінді, отбасынды асыра, бала-шағанның қамын ойла, міне, Үкіметке істеген ең үлкен көмегіңіз осы болмақ. Өзіңе де жақсы, Үкіметке де жақсы.

Ендеше, әлеумет, маған Үкімет не береді деудің орнына, аяғынан енді тұра бастаған, небәрі алты жастағы мемлекетім үшін өзім не істедім, не тындырдым, мемлекетіме нендей қолдау көрсеттім, соны көркейту, қорғау үшін, оның болашағы үшін не істедім деген сауалды күнде ертеңгілік өзіңе қойсан ләзім. Онсыз ел болмаймыз, онсыз мемлекет болмаймыз. Ата Заңымыз осы мұратты іске асыру үшін бізге барынша мол құқық, еркіндік пен бостандық беріп отыр. Ендеше ағайын, ерік-жігерімізді жанып, елдігімізді нығайтайық, белсene еңбек етейік.

### Ардақты ағайын!

Сіздерді Ата Заңымыз – Конституциямыздың дүниеге қелген күнімен, оған екі жыл толуымен құттықтағым келеді. Әрқайсыңызға осы Ата заңымыз ұзағынан болсын, оны мұлтіксіз орындауда жан аямай жұмыс істейік, болашақтарыңыз жарқын болсын, Қазақстанның іргесі берік болсын, мәртебесі биік болсын, әманда мемлекетіміз аман болсын, бәріміз аман болайық, сау болайық деп тілеймін. Өз-өзімізді сыйлайық, мемлекетімізді сыйлайық, халқымызды, жерімізді ардақтайық.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕ. ИДЕНТІ  
Н Ә НАЗАРБАЕТЫН ҚАЗАКСТАНДЫҚТАРДЫ ҚІЛІМ КҮНІНІН  
ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУЫ\*

Алматы, 30 тамыз 1997 жыл

**ҒЫЛЫМ САРАЙЫНА АПАРАР ЖОЛ БАРШАҒА АШЫҚ**

Қазақстан азаматтарын білім күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке қыркүйектің 1-інде мектептің сынып бөлмелері мен жоғары оқу орны дәрісханаларының табалдырығын аттайтын балғындардың немесе жарқын дағажайып білім еліне окушылар мен шәкірттерді бастап апаратын жандардың ғана мерекесі емес.

Теренірек үңілсек, бұл біздің әрқайсымыздың мерекеміз, себебі біз күн сайын, сағат сайын оқу, үйрену үстіндеміз, бұрынғы және бүгінгі ұрпақтардың тәжірибесін әрдайым там-тұмдап бойымызға сінірудеміз. Ой-сананың тынымсыз жұмысы мен ұдайы толыса беруге деген ниет қана бізге өзімізді мәдениетті адам деп білу құқығын береді, тегінде дана Абай дәл басып айтқандай, бәлки дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зааралы надандық.

Білім өресі биік білікті мамандарға Қазақстан бүгін қай кездегіден де ғері зәру. Бұл біздің өміріміздің барлық салаларын жаңғырту жөнінде қазіргі кезде мемлекет шешіп жатқан міндеттердің аса курделі болуынан туындал отырған талап. Сондықтан да қоғамдық өндіріс пен мәдениеттің, ғылым мен кәсіпкерліктиң бірде-бір буынында әр нәрсенің басын шалғанмен, еш нәрсенің шама-шарқын терең білері жоқ шалағайлар мен шала сауаттыларға орын болмауға тиіс. Ондайларды хас шеберлер мен нағыз кәсіпқойлар алмастыруға тиіс және қазірдің өзінде алмастырып жатыр.

Бүгінгі күндердің маңызды бір ерекшелігі сол, адамдар өздерінің білім байлығын ұдайы толықтырып отыру қажеттігі туралы ойға барынша салиқалы тұрғыдан келе бастады. Ғылым сарайына апаратын жолдың баршаға ашық екені, алайда оған ешкімді күшпен сүйрелеудің қажет емес екені жөніндегі бұлжымас қағиданы түсінушілік барлық жерде бірдей терең тамыр жайып келеді. Мұның өзі үлкен жақсылық: білім беру мен ағарту ісіндегі ма-сылдық пиғылдан арылу өзіміз бастаған реформаларды ойдағыдай аяқтайтынымызға үлкен үміт пен берік сенім ұялататын бекем негіз қалайды.

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 30 тамыз 1997 жыл.

Экономикалық қындықтарға қарамастан, Үкімет хал-қадерінше білім беру саласын қолдауға ұмтылып отыр. Бұл сала көз алдымында дерлік елеулі өзгерістерді басынан өткеріп, бүгінгі күннің болмысына жақындей түсті және демократиялық мемлекет пен нарықтық экономика өлшемдеріне барған сайын бейімделіп келеді. Осы мақсатта қазір орта білім берудің мемлекеттік тұжырымдамасын өзірлеу аяқталуға жақын. Сонымен қатар жас дарындарды қолдауды ниет ететін бірнеше білім беру бағдарламалары қабылданып, жүзеге асырыла бастады. Орта және жоғары оку орындарында зерделенетін пәндер тізбесі кеңейтіліп, оларды оқыту тереңдетіле түсті. Елімізде биік талаптарға және бүгінгі уақыт талғамына сай келетін оқулықтардың жаңа легін шығарудың қолға алынғаны құптарлық іс. Барлық жерлерде де төрт жылдық мерзімге лайықталған мектептерді компьютерлендіру жүріп жатыр. Биыл осы мақсатқа бес миллион доллар бөлініп отыр. Ендігі жерде экономикамыздың сауығуына қарай білім беру мен ағарту ісін мемлекеттік деңгейде қолдаудың есе түсетініне, нығая беретініне күмән жоқ.

Осынау мереке күні оқытушылар мен тәлімгерлердің, тәрбиешілер мен педагогтардың сан мың адамдық қосынына мен шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздер ізгілікті, әрі баршамызға аса қажетті іс тындырудасыздар. Сіздердің еңбектеріңіздің жемісі бірден кезге көріне де қоймас. Алайда жиналған әр центнер астық, қорытылған әр тонна шойын, ашылған әр ғылыми жаңалық елімізге өздеріңіздің тікелей қатысуларыңызben келіп жатқанына дау жоқ.

Қазір сіздер бастан кешіріп отырған қындықтар маған жақсы мәлім. Бір жәйді кесіп айтамын: осы жылдың аяғына дейін Үкімет мұғалімдердің алдындағы жалақы жөніндегі барлық қарызды өтейді. Сонымен қатар кәсіптік даярлық, білім беру жүйесі қызметкерлерінің әлеуметтік проблемаларын шешу мәселелері де үнемі біздің басты назарымызда тұратын болады. Осы мәселелердің бәрін де сіздермен келесі жылдың наурыз айында өткізу жоспарланып отырған мұғалімдердің тұнғыш съезінде талқылаймыз, қызметіміздің алдағы негізгі бағыттарын белгілейміз деген ойдамын.

Сіздерге, қадірлі ұстаздар, жас үрпаққа үйлесімді тәрбие беруде шын жүргімнен табандылық пен даналық және табыс тілеймін!

Жастарға айтарым: егемен Қазақстанның ертеңгі тағдыры үшін жауапкершілік өз иықтарыңызға түсетін күн де алыс емес, осыны естеріңізден шығармаңыздар. Ендеше мұндай биік мұратқа лайықты болу үшін ықылас пен ынта, білмегенді білуге құмарлық және алған білімді барынша тиімділік пен кәдеге жарату сияқты қасиеттерді осы бастан бойларыңызға дарытуларыңыз керек. Сондықтан да сіздерге жас ғұмырларыңыздың қызық қуалаумен, немесе ерінүмен құр босқа өтпеуін тілеймін. Оқыныздар, адамзат ақылойының ең байлығын ерінбей-жалықтай бойларыңызға сініріңіздер, сондағана өздеріңіздің ертеңгі күндерінің үшін, еліміздің болашағы үшін алаңдамайтын боласыздар!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н.Ә. НАЗАРБАЕВ ТЫҢ II ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ  
ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫН  
ҚҰТТЫҚТАУЫ\*

Алматы, 13 қыркүйек 1997 жыл

II Орталық Азия ойындарына қатысушылар мен оны ұйымдастырушулыарды қонақжай қазақ жерінде шын жүректен құттықтаймын.

Кезінде Орта Азия республикалары мен Қазақстан спартакиадалары біздің елдеріміз арасындағы тату көршілік қатынастарын дамытуда орасан зор рөл атқарған болатын. Олар спорттың ізгілікті мұраттарын насиҳаттады, адамдардың жақындасып, топтасуына жәрдемдесті. Алматыда ашылып отырған ойындар сол жарыстардың тамаша дәстүрлерін сақтап және байыта отырып, планетаның осынау ұлан-ғайыр аймағын мекендейген халықтардың достық қатынастары мен ынтымағын одан әрі нығайтуда жаңа серпін беретіні сүйінішті.

Алда тұрган жарыстар тек тамаша спорттық нәтижелер беріп қана қоймай, сондай-ақ біздің елдеріміздің құрама командаларының Сидней қаласында өтетін XXVII олимпиада ойындарына әзірлігінің маңызды кезеңі болатындығына кәміл сенім білдіремін.

Тұысқан елдердің атлеттеріне сәтті қадамдар, жарқын да естен кетпес женістер тілеймін!

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 13 қыркүйек 1997 жыл.

**ПРИВЕТСТВИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
УЧАСТНИКАМ И ОРГАНИЗАТОРАМ  
II ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИХ ИГР\***

---

*Алматы, 13 сентября 1997 года*

Сердечно приветствую участников и организаторов II Центральноазиатских игр на гостеприимной казахской земле.

В свое время огромную роль в развитии добрососедских отношений между нашими странами играли спартакиады республик Средней Азии и Казахстана, которые пропагандировали благородные идеалы спорта, способствовали сближению и сплоченности людей. Отрадно, что открывающиеся в Алматы Игры, сохраняя и преумножая лучшие традиции тех стартов, явятся новым стимулом для дальнейшего укрепления отношений дружбы и солидарности народов, населяющих этот обширный регион планеты.

Выражая твердую уверенность в том, что предстоящие состязания не только принесут прекрасные спортивные результаты, но и станут важным этапом в подготовке сборных команд наших стран к XXVII Олимпийским играм в г. Сиднее.

Желаю атлетам братских стран успешных стартов и ярких, запоминающихся побед!

---

\* Газета "Казахстанская правда", 13 сентября 1997 года.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "АБАЙ" ЖУРНАЛЫНА БЕРГЕН СҰХБАТЫ\*

Алматы, қыркүйек 1997 жыл

ТАРИХ, ТАҒДЫР, ТҮЛГА

**Сұрақ:**

– Қадірлі Елбасы! Қазақстан Республикасы қысқа мерзімнің бедерінде өзінің рухани-мәдени өмірінде аса бір шоқтықты оқиғаларды, берісі ел көлемінде, әрісі әлемдік деңгейде атап өткені мәлім. Айтальық, 1995 жылы ұлы Абайдың, былтыр төлтума, қайталанбас дарын иесі Жамбылдың 150 жылдық мүшелтойларын мереекеледік. Енді, міне, кеменгер Мұхтардың туғанына 100 жыл толуын тойлау үстіндеміз. Осы орайда Әуезов пен қазіргі заманың арақатынасы, оның бүгінгі үрпаққа ықпалы жайлы пікірінізді білсек?

**Н. Назарбаев:**

– Уақыттың өткен тарихтың өзіне түзету енгізетін, әр түлғаны өзіне ғана лайық тұғырына қондыратын, қандай да бір оқиғаларға қатысты қалыптасқан көзқарасқа лайықты бағасын беретін ғажайып құдіреті бар. Уақыттың осындай дәйекті қатаң сұрыптауында сынын бермейтін, үрпақ талқысына төтеп беретін үлкен түлғалар, ұлы оқиғалар бар.

Әуезов, міне, осындай төрелігін уақыттың өзі айтқан түлға. Туған топырагының тыныс-тіршілігін тал бойына сінірген, туған халқының өткендегі және бертінгі қайғы-шері мен қуанышын жүргегіне сыйғызған, аса күрделі әрі қайшыласқан ұшқыр заманың сан қырын асқан шеберлікпен суреттеген жазушы. Білім өресінің биіктігі, ой-пікір тереңдігі, көркемдік кестесінің қанықтығы мен алуан түрлілігі, өмірге құштарлығы өз уақытындағы, өз дәүіріндегі небір айтулы атақты тұрғыластарының ішінде өзіндік тұрпатымен дара көрінетін түлға.

Әуезов – әр шығармасы кез келген оқушының жүргегіне жол тауып қана қоймай, тұтас алғанда қоғамға ықпал ететін, ойды оятып, сананы ұштаған, әділеттілік туын көтерген қаламгер, жалғандыққа тәзбейтін, сатқындық пен екіжүзділікке қаны қас суреткер. Қарасаңыз, тырнақалды тұңғыш туындысы – "Қорғансыздың күнінен" бастап, "Қаралы сұлу", "Кінәмшіл бойжеткен", "Қараш-қараш оқиғасы", "Көксерек" сынды әңгіме-хикаяттарында ол осы-

\* "Егemen Қазақстан" газеті, 18 қыркүйек 1997 жыл.

ның бәрін астарлап, алайда бүкпесіз шыншылдықпен шырайын кіргізе бейнелеген. Тәуелсіз мемлекеттіміздің тұңғыш Ата Заңында баянды етілген адам құқығы, әлеуметтік әділеттілік, тегіне, нәсіліне, діни наңымына қарамай адамдардың тенденциясы, ар-ұждан бостандығы тұрғысындағы принципперімізге Мұхан мұратының үндесіп жатқаны анық. Гуманист ретінде ол адамның адамға жасайтын қысастығын, зорлығын жан-тәнімен жек көрді, ал нағыз, ойшыл ретінде ізгіліктің ғайыби түсінік емес, әлеуметтік үғым екенін терең бағамдағы. Сайып келгенде, миллиондардың рухани дүниесіне деңдеп енген оның этикалық, эстетикалық және адамгершілік мұраттары – көшіліктің қазынасы, ұлттың баға жетпес мұрасы. Мұханың бір ұлағаты осында.

Оның сөз зергері ретінде тағылымының келесі бір қырының халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі – туған тіліміздің тағдыры үшін маңызы ересен. Жалпы адамзат баласының көркем қазынасына қазақ халқының еншісі болып қосылған, бір ғана қазақ халқының емес, ұлан-байтақ Еуразия кеңістігін мекен еткен құллі түркі тілдес халықтардың қосқан үлесі ретінде танылған, әйгілі Луи Арагон ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың біріне балаған "Абай жолы" эпопеясы нақ осы қазақ тілінде жазылған. Ал тіл болса, халықтың үрпақтан-үрпаққа қан қуалап көшетін рухани жан дүниесінің, сезім байлығының бейнесі, былайша айтқанда халықтың өзінің бет-пішімі. Осы орайда ұлттар мен ұлыстар мәдениеттерінің жақындастыруын түптің түбінде бір тілге әкеліп тоғыстыруды қөздеген жылдар бойы жүргізіліп келген солақай саясаттың салдарынан туған тіліміздің қағажу көргені рас.

Тегінде, мемлекет зандарының өміршендігі, кемелдігі, барша жүртқа ашықтығы, түсініктілігі, нақтылығы, дәлдігі, сайып келгенде, заң жазылатын тілдің байлығына байланысты дейтін орынды пікір бар. Олай болса, тәуелсіз мемлекет ретінде зандарын жариялай бастаған біздің тіліміздің де ендігі жерде тынысы ашылатынына сенім мол. Себебі, реңми тілді – әдеби тілдің ерекше түзілістен өткен айрықша түрі десек, оған берік негіз боларлық кемел әдебиеттіміз, ал кемел әдебиеттіміздің кенен тілі бар. Демек, болмысты, адамды, адам ойының, көніл-куйінің небір сәттерін, терең иірімдерін жарқырата суреттеген Әуезов тіліне жүгінеріміз хақ. Мұханың келесі бір ғибрараты осында.

Тұтас алғанда Әуезов өмірі – өнеге. Оның қаламгерлік қарымы, атап айтқанда, өмірге терең үнілуі, қоғамдық үдерістің мәнін шығармашылықпен жан-жақты зерделеуі, нәшине келтіре бейнелеуі; ғылымдағы жолы; ғылыми деректің тамырына бойлай үнілетін, диалектикалық тұрғыдан тұтас әрі сан қырынан қарайтын сұңғылалығы, терең пайымы, міне, осының бәрі талтырмайтын тағылым. Тұжыра айтқанда, ыждағат, зейін болса, ояу көкірек болса, Әуезовтің шығармашылық жолы, ғылыми қызметі өз алдына үлкен мектемеп.

Ұлы қаламгердің жеке басының адамгершілік қасиеттері айрықша бір ғибрат. Мінез байлығы, жан сергектігі, адамдармен қарым-қатынасындағы ілтиппаттылығы, ізеттілігі, кішіпейілділігі – жазушы жайлы жазылған естелік-

тердің қай-қайсысынан да айқын көрінетін абзал қасиеттер. Батыс пен Шығыс мәдениетінің үздік ұлті-ұлағатын бойына терең сіңірген парасат иесінің қадірі оны бір көрген адамға өшпес әсер қалдырган. Сондықтан да ұлы есімге өзін қосақтап, көрініп қалуға тырысатын естелік жазушылар көбейіп кетті деу – әбестік. Жақсының жақсылығын айтудың, жақсының жанынан табылуға талпынудың несі айып. Соның бәрі жиналып келгенде, Әуезовтей адамның ажарын аша түспесе, көлеңке түсірмес. Өйткені, мемуарлық әдебиет – үрпақ тәрбиесінде өзіндік бір салиқалы дәріс.

Ұлы жазушы өмірінің сабактары, сайып келгенде, ешқашан құндылығын жоймақ емес. Замананың небір қыын-қыстау сәттерінде ол ешқашан кіслік келбетін жоғалтқан емес. Бұғынгі үрпақ үшін бұл өте үлкен тағылым.

### **Сұрақ:**

– Ұлы жазушының өмірінде бұлтарыс-бұраланы көп, осы уақытқа дейін жете зерделенбеген бір кезең бар. Бұл – халқымыздың ұлттық тәуелсіздігін көксеген Алаш қозғалысына іш тартып, оның жұмысын белсене қолдаған шағы. Осына ақтаңдақ жайлы Сіз не айтар едіңіз?

Екіншіден, тағдыры жиі-жиі қыл үстінде тұрған, өлмес-өшпес туындыларын осындаја жағдайда жазған Мұхан Қынды талант иесі сирек. Сонда оған ұлтшылдық айып тағылғаны белгілі. Бұған не айтар едіңіз?

### **Н. Назарбаев:**

– Мен бұл мәселеге Қазақстан халықтары Ассамблеясының таяуда Ақмолада өткен IV сессиясында жасаған баяндамамда тоқталдым.

...Осыдан тоқсан екі жылдан үлкен қазақ конституциялық демократтары – кадеттердің өз бағдарламасында заң шығару билігін дума арқылы жүзеге асыруды, елде президенттік институтты енгізуіді, тегіне, ұлтына, діни науынына және жынысына қарамастан, барлық азаматтарға сайлауға қатысу құқығын беруді, делегаттар сайлауды тәте, тең және жабық дауыс беру арқылы жүзеге асыруды ұсынғанын біреу білер, біреу білмес. Байқасаңыз, осыдан тұра бір ғасырдай үлкен әмбебандың жағдайында жаңа дүниелер көзделген екен. Бұл – қазақ халқының ой-санасының толысындағы аса бір бұйрықанысты кезең.

Осы баяндамамның "Тоталитаризм сабактары" тарауында Сіздің сауалдың себептері мен салдарын ашып беруге тырыстым. Тарихтың тағылымын ұмытуға болмайды, ол өткеннің жақсысын дамытып, қатесін қайтала мау, ғасырдай үлкен әмбебандың жағдайында жаңа дүниелер көзделген екен. Бұл – қазақ халқының ой-санасының толысындағы аса бір бұйрықанысты кезең.

Жазушының ғұмыр деректеріне, шығармашылық жолына үңілген әрбір адамның мұнды бірден аңғарары анық. Әуелде ол баспасөз бетінде көріне бастайды. "Еңлік-Кебектің" алғашқы нұсқасын сақналауға әрекеттеген кезде осы тұс. Жүсіпбек Аймауытовпен бірге "Абай" атты журнал шығарып,

халқымыздың тарихы мен тағдыры жайлы келелі ой қозғайтын кезең де осы. Қоғамдық, мемлекеттік қызметке білек сыбана араласатын, еліне қызмет етуді әрбір алаш азаматының парзызы деп біліп, көзі ашық, оқыған қазақты осыған шақыратын шағы да осы.

Қоғамдық-саяси өмірге енді араласқан жас жігіттің осындағы салиқалы біліктілікпен үлттық ой-сананы ояту ісіне бел шеше кірсіу бойына Абай тағылымы арқылы сіңген қасиеттің алғашқы көрініс беруі болса керек.

Жалпы, Әуезовтің шығармашылық жолына зер салған адам үстіміздегі ғасырдың жиырмасыншы жылдары жазушы үшін аса бір жемісті шақ болғанын аңғарар еді. Осы тұста Сәбит Мұқановтың бір сөзі ойға оралады. "Қаламалды тұнғыш әңгімесі "Қорғансыздың күнімен"-ақ Мұхтар шын мәніндегі еуропалық проза биігіне көтерілді, содан бері қазақ прозасы сол биіктен түспей келеді", деп жазған еді ол.

Шындығында да осылай болған, "Қорғансыздың күнінен" бастап, күрделі тартысқа толы "Қылы заман" романы да, "Еңлік-Кебек", "Бәйбіше-тоқал", "Қаракөз", "Хан Кене" пьесалары да осы кезде туған. Байқап отырсаңыз, "Абай жолы" эпопеясына барап жолдагы ең үздік, ең таңдаулы шығармалары бір деммен, тұтас бір шығармашылық шабытпен жазылғандай әсер қалдырады. Көтеріп отырған әлеуметтік, имандылық, адамгершілік мәселелерінің кесектігі, ой-толғауының кемелдігі, бейнелеу құралдарының қанықтығы қайран қалдырады.

Мұның бәрі де Абайдың, оның ақындық айналасының рухани, адамгершілік тәлімін алған дарынды жастың азаматтық тұғыры ә дегеннен айқын болғанын, байсалды дүниетанымы қалыптасқанын, әдебиетке үлкен әзірлікпен келгенін аңғартады.

Тоталитарлық жүйенің отызыншы жылдары ерекше қасара түскен темір құрсауы оның қаламгерлік қызметіне салқынын тигізбей қоймайды, кең көсіліп, қалам сілтеуіне кедергі қоя береді. Сол себептен болса керек, Мұхаң тарихи тақырыпқа бет бұрады. Енді ол "Абай жолы" эпопеясын жазуға және абайтану атты ғылымның негізін салуға кіріседі. Демек, Мұхтар Омарханұлының бойындағы ақ арман, аруақты рух тоталитарлық жүйенің қара сурен дауылына да мойымаған. Бұрынғыны сөйлеп отырып, бұғінгі жайлы айттар сөзін астарлап жеткізуге бел буған, басын қатерге тігіп, осыған да барған.

Әуезов – шығармашылықпен ғана шектелмей, үлттық мәдениетті, оның ішінде өнердің әр саласын өркениетті елдер деңгейіне көтеруге барын, жаңын сала тер тәккен кісі. Сонау 1917 жылды Ойқұдықта тұнғыш рет Еңлік пен Кебек оқиғасы бойынша сахналық ойын қойып, оның авторы да, қоюшы режиссері де, тілті суфлері де өзі болғаны белгілі. Міне, содан бастап театр Мұханың жан-жақты шығармашылығының үлкен бір саласына айналды. Қазақтың тұнғыш трагедиясын жазған да, комедиясын жазған да, сөйтіп, үлттық драманың өлмес үлгілерін алғаш өмірге әкелген де Әуезов болғанына ешкім күмән келтіре алмайды. Орыс және батыс драматургиясының үздік шығармаларын тәржімалап, үлттық өнердің мазмұнын байыта түсуге қосқан ұланғайыр өңбегі бір тәбе.

Ол ол ма, қазақтың операсы мен балеттің қанаттандыруға да, бейнелеу, кескіндеу және кино өнерлерінің қаз тұруына да, музыка, өн-күй, орындаушылық және айтыс сияқты дәстүрлі өнер түрлерінің одан әрі дамуына да зер салып, дем беріп келгені қандай иті. Осынау баға жетпес еңбегімен өзі бір кезде нәр алған халқының өнер қайнарларының көзін ашып, бұлақтарын өзенге, өзендерін дарияға айналдырды.

Алаш партиясының тұжырымдамасы да, тұғырнамасы да, айқындармасы да өлгінде өзіміз айтқан бағдарламасынан айқын көрініп тұр. Ендеше, халқы алдындағы перзенттік парызын терең ұфынып, оның рухани дүниесін тулетуге бойындағы бар өлеуеті мен дәрменін аянбай жұмсаған Мұханың Алашқа іш тартуы, таңданарлық дүние емес. Тек сол ақтандак кезенди қайта ой елегінен өткізу керек, бүгінгі күн тұрғысынан әділ бағасын беру керек. Әуезов тағдырын талқыға түсірген тоталитарлық жүйе халқымыздың жарқын болашағы жолында қурескен Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа, Жұсіпбек, Мағжан, Сәкен, Тұрар, Бейімбет, Илияс сыңды есілдердің өмірін қиды. Тағдырдың халқымызға көрсеткен бір раҳымшылығы болар, ұстараның жүзінде гідей қауіп-кательдің үстінде жүріп Мұхтар аман қалды. Дегенмен осы қуда-лаудың кесірінен ұланғайыр шығармашылық жоспарын жүзеге асыруға жұмсайтын қаншама қымбат уақытын жазықсыз жаладан арылуға, өз тұғырнамасының дұрыстығын дәлелдеуге сарп етті.

Кей-кейде халқымыздың бетке ұстар перзенттерінің өмірі мен қызметіне келгенде, оларды бір-біріне қарсы қоюшылықтың шаң беріп қалатыны бар. Иә, ұлылардың арасында идеялық-саяси көзқарасы, қоғам жайлы пайымы жағынан ұғыныспаушылық та болған, демек оларды бүгінгі және келер үрпақтың санасында тартысқа түсіріп қоймай, бір тұғырдың үстінен табыстырған абзал. Осыны қатты ескерген дұрыс. Өркениетті елдердің бәрі де өздерінің ұлы перзенттерін көзқарастарындағы, дүниетанымындағы қайшылықтарына қарамастан сүйе білген.

Әуезовке тән қасиет – ұлтшылдық әмес, халқына деген шексіз сүйіспеншілік, биік парасатқа суарылған отаншылдық ұлы сезім. Мұны өркениетті елдердің зиялы азаматтары тани білген. Өйткені адамгершілігі биік, аса мәдениетті, өте парасатты, заманының озық ойлы адамы ретінде Мұхан жер жүзіндегі көркем ой мен өнер саласында бұрын-соңды туған жарқын дүниелердің бәрін де қалтқысыз қастерледен. Үндістанға барған сапарында ұлы халықтың "Рамаяна" мен "Махабхарат" эпостары жайлы үнді ғалымдарымен терезесі тен сұхбат құруы, Мәскеу университетінде қалмақтың "Жанғар", армянның "Давид Сасунский" дастандары туралы іргелі пікір қозғауы – міне, осының айғағы. Қыргыз халқының "Манасының" маңызы мен мән-мағынасы тәркігे салынып, тағдыры қыл үстінде тұрғанда, Мұханың араша түскенін қыргыз ағайындар әлі күнге ауыздарынан тастамайды. Ал, Александр Фадеев орыстың "Игорь жорығы туралы жыры" мен "Евгений Онегинді" Мұхан жатқа білетініне таң-тамаша қалып, сүйсіне сөз еткен еді.

Әуезовтің білімдарлығы мен бауырмалдығын өйтгілейтін мұндай мысалдар өте көп. Шекспир мен Гогольден, Тургенев пен Толстойдан бастап, Еуро-

па және орыс классиктерінің ондаған шығармасын қазақ оқырманына аударып жеткізген еңбегі қаншалық. Басқа ұлттардың көрнекті өкілдерімен достасып, жастарының жылт еткен дарынын қалт жібермей байқай білген қасиеті де ел аузында. Оларды демеп, қол үшын беріп келген. Қатарлас қаламгерлер мен кейінгі дарындарға қамқорлығы, әсіресе, Мұхан Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің мүшесі болған кезінде айқын көрінеді. Соғыс жылдарында жау қолында үлкен азаматтық және ақындық ерлік жасаған Мұса Жәлелдің "Маобит дәптері" өзінің мәнгілік өмірін бастаса, шағын ұлт өкілі Расул Гамзатовтың өлеңдері кең ауқымды дария болып ақса, сол кездегі дарын Шыңғыс Айтматов "Жәмиласынан" кейін-ақ әлемге танылса – мұның бәрінде де Мұхтардың иті үлесі ұшан-теңіз. Мұндай адамға ұлтшыл деп айып тағу ақылға сия ма? Өкінішке орай, осылай болғаны рас.

Шынайы достықтың шуағын өзі де көріп-білді. Ұлтшылдық, пантюркизм тәрізді жасанды күйе жағылып, басына қара бұлт үйірілгенде, Мұхтар Омарханұлы достарының, әсіресе, орыс тамырларының адалдығын, шынайы қамқорлығын сезінді.

Үлкен қоғам қайраткері ретінде дана жазушының жаһандық шенберде халықтар арасындағы достықты нығайтуға атсалысқаны – өз алдына бір дүние. Бейбітшілік қорғау, Азия және Африка елдері жазушыларының ынтымақтастығы Кеңестік комитеттерінің жұмысына қатысқанда ол өзін Шыңғыс пен Батыс мәдениетінің бірегей білгірі ретінде танытып қана қойған жоқ, сонымен бірге қайта оянған Азияның, басқа да дамушы елдердің әдебиетін әлемдік тұғырға көтеруге зор күш жұмсал, қамқор бола білді.

Қарап отырсаныз, Мұхтар Әуезов – бойындағы отаншылдық сезім мен адамзатқа ортақ гуманизм принциптерін ғұмырының соңына дейін қатар ұстал өткен ұлы жүрек иесі.

Бұғінгі тәуелсіз мемлекетіміздегі тыныштық пен ұлттар арасындағы татулық – қасиетті қазынамыз, негізгі дәулетіміз десек, бұғінгі ұлттық саясатымыз осыған негізделген, соны көздің қарашығындай сақтау қажет десек, Ұлтаралық келісім және саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланған биылғы иті бағдар алдағы уақытта да өз жалғасын таба берсін десек – Әуезовтей алыптардың өмірі мен өсінетін ешқашан естен шығармауға тиіспіз.

### **Сұрақ:**

– Дүние жүзіндегі өркениетті елдердің әлеуметтанушылары жиырма жылдан бері жүргізіп келе жатқан болжамдары мен зерттеулерінің нәтижесін қазір ашық жариялай бастады. Олардың пікіріне жүгінсек – XXI ғасыр бір мәдениет пен екінші мәдениеттің, әр ұлттың зиялды ойы мен рухани қуат-кушінің құрес ғасыры болмақ еken. Сіздің ойыныңша, біздің ұлттық мәдени саясатымыз "мәдениет майданындағы" осы құреске дайын ба және ЮНЕСКО ауқымында аталып өткен Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мерейтойы соган белгілі бір дәрежеде ықпал ете ала ма?

## **Н. Назарбаев:**

– Менің ойымша, тәуелсіздік алғаннан бергі аз уақыттың ішінде біз өз ұлттымыздың рухани мәдениетін және оның қайнар қуатын толық таныта алдық. 1995 – 1997 жылдың ішінде ЮНЕСКО ауқымында Қазақстан Республикасының екі мерекесі аталып өтті және бір мерекенің аталып өтетіні анық болып отыр. Біз Абайдың 150 жылдық және Мұханың 100 жылдық мерейтойлары арқылы рухани тәуелсіздігімізді және әлемдік мәдениеттің үдерісіне тікелей қатыса алатынымызды, көркем-тариҳи пайымның жалпыға ортақ әлемдік деңгейіне көтеріле алғанымызды дәлелдедік.

Дүние жүзінің 72 мемлекетінде 42 тілде шығармасы жарияланған, қуллі зиялы қауым тегіс таныған Мұхтар Әуезовті қайтадан таныстырып жатуымыз артық.

Біз бұл жолы Әуезовті насихаттамаймыз, бізге керегі басқа, олар Әуезовті қалай түсінді, қандай дәрежеде өз ұлттарына таныстыра алды, Әуезов сол елдің рухани мәдениетіне қалай әсер етті, бізге осы қажет. Олардың сол туралы ғылыми пайымды пікірлерін күтеміз. Әуезовтің шығармалары оларды ойландыrsa, толғандыrsa, сезімін оятса, онда ол – қазақ халқы туралы да, оның тағдыры туралы да ойланғаны деп есептеймін. ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен салтанат соған толық күе болады. Ол мәжілісті Шыңғыс Айтматовтың тәрт сағат бойы үздіксіз жүргізіп отыруында да үлкен мән бар.

Мұхтар Омарханұлының шығармашылығы – қуллі түркі тілді халықтардың әлемдік мәдениетке қосқан үлесі, өткен тарихы үшін берген есебі, исі түркі халқы сол Әуезов көтерілген биіктеге тұрып өзге жүртпен байланыс жасайды, деген пікірді айтқан Шыңғыс Айтматовтың дуалы сөзіне ешкім қарсы келмес деп ойлаймын.

Алдағы уақытта ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтетін Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы да еліміздің беделіне бедел қосарына сенімім көміл. Дүние жүзі ғұламалары тегіс мойындаған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың да туғанына 1999 жылы 100 жыл толады. Әлемдік ғылыми ортаоны да жоғары деңгейде салтанатпен атап өтетініне сенемін.

Біздің мемлекетіміздің мәдениет жөніндегі саясатының басты назары ұлттымыздың рухани мүмкіндігін қалайда әлемге барынша паш етуге бағытталып отыр. Әуезов – біздің бүтінгі адамзатқа ортақ мәдениет шеруіне қатысуға жолдама алып берген елшіміз. Мұның өзі, біздің халықаралық мәдени байланысымызды нығайтуға үлкен мүмкіндік береді. Ұлы тұлғаларды біз сол үшін де қадір тұтып, қастерлеуге міндеттіміз.

## **Сұрақ:**

– Үндістанды азаттыққа жеткізген Джавахарлал Неру: "Мен өз елімді Батыстың көзқарасы арқылы таныдым және кәдімгі достық пейілдегі европалық оған қалай қараса, мен де сондай ғана дәрежеде түсіндім. Өйткені менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жазылған еді" – деген екен. "Үндістанды тану" атты Нерудің осы кітабының жаңағы сөздер жазылған

тұсын Мұхтар Әуезов көк қарындашпен үш рет сыйып, леп белгісін қойып: "Мениң халқымның да тарихы солай жазылды!" – депті. Мұхтар Әуезовтің бұл пікірінің мән-маңызы әлі де өзінің көкейкестілігін жоя қойған жоқ сияқты. Бұл туралы Сіздің қөзқарасыңыз қандай?

### **Н. Назарбаев:**

– Рухани тәуелсіздікке үмтүлмаған ел – тәуелсіз мемлекет ретінде ұзақ өмір сүре алмайды. Ұлттық мәдениеттің, ұлттың, мемлекеттің тұрлаулығының, орнықтылығының өзі сонда жатыр. Исі адамзат үшін өндіріс құралы, тұтыну заттары, азық-түлік түрлері ортақ. Сондықтан да экономикалық ынтымақтастыққа барынша үмтүліп, қарым-қатынасты қүшету керек. Экономиканы өркендептейінше өркениетті мемлекеттердің қатарына қосыла алмаймыз. Ондай өреге жетпесек, бізben ешкім есептеспейді. Демек, біздің алдымызға қойып отырған мақсатымыз – XXI ғасырда Қазақстанды кез келген мемлекет өзімен санаатын, сыйласатын, кез келген мемлекетпен тең дәрежеде сөйлесе алатын мемлекет дәрежесіне жеткізу. Бірақ, мұның өзі ешқашан да тіліміздің, діліміздің, ұлттық дәстүр-салтымыздың есебінен жүзеге аспауы керек. Керісінше, біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи таңымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек, сонда ғана мәдениетіміздің көсегесі көгереді. Біздің қазіргі ізденістеріміздің барлығы, сайып келгенде, осы рухани мәдениетті өркендетуге қызмет етуге тиіс.

Әрине, қазіргі естияр қауымның қөзқарасы рухани тәуелді кезеңнің тұсында қалыптасты. Дербес ойлау жүйесі бар, ұлттық идея қанына сіңген, рухани тәуелсіздікті мақсат тұтқан азаматтарымыздың өзінің де пікірі, осындаі кезеңде қалыптасқаны, белгілі бір дәрежеде осындаі қөзқарастың та-мырынан нәр алғаны белгілі. Мұны бір күнде түзету мүмкін емес. Ал, ғылыми-мәдени саладағы түйінді мәселелерге келетін болсақ, бұл арада екіүдай пікір болуы мүмкін емес. Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций: "Ең үлкен саясат – тәрбие" деген екен. Ендеше, біз де жаңа қөзқарасты тәрбиелеуден, оны үрпақтың бойына дарытудан бастауымыз қажет.

Мектеп окулығынан бастап, әрбір ғылыми еңбек, көркем шығарма, мәдени шара рухани тәуелсіздік пен елдік идеясына қызмет етуге тиіс. Өкінішке орай, өткеннің шырмауынан айыға алмай жүрген ғалымдарымыз бер зиялдарымыз да жоқ емес. Социалистік қоғам тұсындағы жетпіс жылдық тарих – қазақ елінің де тарихы. Оны сыйып тастай алмайсың, өйткені – ол біздің жүріп өткен жолымыз, тағдырымыз бер тарихымыз. Бірақ, сол тағдырлы кезеңді жаңа қөзқараспен талдап, тиісті қорытынды шығарып, мемлекеттіміздің тәуелсіздігін нығайта түсетіндей тұжырым жасау – басты міндеттіміз. Кешегі тарих – бүгіннің іргетасы, ертеңіміздің іргесі. Бұл ретте дәл қазіргі өтпелі кезеңде өмір сүріп отырған зиялды қауымға үлкен міндет жүктеліп отыр. Біз соны жан-тәнімізбен сезініп, барынша жұмыла еңбек етуге міндеттіміз. Бұл – азаматтық парызымыз.

Әр үлттың осындағы тәуелсіздікке қадам басқан тұсында соның рухани тұтқасына айналған тұлғалары болғаны белгілі. Үндістан үшін Тагор, Қытай үшін Лу-синь, Пәкістан үшін Мұхаммед Икбал, Түркия үшін Атсыз қандай рухани тұлға болса, біз үшін Мұхтар Әуезов те – сондай ұлы тірек. Сондықтан да Мұхаңның жаңағы өкінішінің орнын толтыру – тәуелсіз еліміздің кез келген азаматының парызы. Мұхтар Әуезовтің мерейтойына мемлекеттік саясат дәрежесінде мән беріп отырғанымыздың өзі де сондықтан. Тұлғасыз үлт – тұрлаусыз үлт.

### **Сұрақ:**

– Мәдениет – тұрақты және ұдайы дамуды қажет ететін құбылыс. Адамзатты өркениетке жеткізген де сол үздіксіз ізденіс пен толассыз толғаныс. Бүгінгі күнгі болар-болмас кідірістің орны ертең ойсырап тұруы мүмкін. Қазіргі қазақ мәдениетінің даму бағытында осындағы өкінішке қалдыратын тұстар бар деп ойлайсыз ба? Әрине, экономикалық жағдай қыын. Бірақ ғасырлар бойы жеткен рухани жетістігімізден айырылып қалудың қаупі байқалмай ма? Көп нәрсені науқанмен шешіп жүрген жоқпыз ба? Мысалы, Абайдың туғанына 150 жыл толу мерейтойы қарсаңында ұлы ақынның туралы жаңа көзқарас қалыптасып, үлттық ойлау жүйеміз соны бағыт алып, ғылыми әлемде тың пайымдауға жол ашылған сияқты көрінген. Алайда, мерейтой өтісімен Абай да, абайтану ілімі де назардан тыс қалды. Ертең Әуезов те, әуезовтану да сол күйді басынан кешпей ме?

### **Н. Назарбаев:**

– Абай да, Әуезов те – мұндай науқанның шенберіне сыймайтын дана тұлғалар. Әрине, мерейтой тұстарында ерекше көніл бөлінгені занды. Бірақ бұл – науқандық көрініс күйінде қалып қоймауы керек. Ғылымның әр саласы өзінің сол жеткен деңгейінде тоқтап қалмай, абайтану мен әуезовтану ілімін тереңдете түсіү қажет. Сол үшін де Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының әдебиет институтында абайтану бөлімі мен "Әуезов үйінің" ғылыми-мәдени орталығы жұмыс істеп отыр. Әрине, ғылыми монографияларды жариялау қындалап тұруы мүмкін. Алайда, ғылыми ізденістер тоқталмауға тиіс. Мұны баспа мекемелері назарда ұстағаны ләзім. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымын жүзеге асыру көзделіп отыр. Бұл – мәдени-рухани өміріміздегі үлкен құбылыс боларлық жағдай. Ал енді соны алғашқы томдарынан кейін үзіп тастасақ не болады? Мұндай иглікіті істі барынша қолдап, ғылыми басылымды дайындаушы ғалымдар мен баспаларға жұмсалатын қаржыны арнайы бөліп тұрған жөн. Шүкіршілік, Қазақстанның қазіргі қуат-күші оған толық жетеді. Жалпы, біздің ғалымдарымыз бен ғылыми мекемелеріміз кейінгі кезде қаражатты сиптау етіп бастаған зерттеулерін жеріне жеткізбей тастауды әдетке айналдырып алғаны байқалады.

Егерде сол зерттеуінің нәтижесі анық көрініп тұrsa, мемлекеттік мекемелер одан бас тартпас еді деп ойлаймын. Ғылыми табандылық болмаған жерде, оған деген көзқарас та дұрыс қалыптаспайды. Ғылыми-рухани тоқырау осындай нәтижесіз қалған зерттеулерден басталады. Ал оған жол беруге болмайды. Сол себепті де Мұхтар тойында атқарылар іс-шаралар кешені Парламентте талқыланып, Үкімет тарарапынан қолдау көрсетіліп отыр. Алматыдағы ғылыми-мәдени орталық – "Әуезов үйі" қайта жөндеуден өтті. Семейдегі Әуезов есіміне байланысты ғимараттарды салуға және жаңғыртуға қаражат бөлінген. Менің ойымша, осының ішіндегі ең игілікті іс – Мұхтар Әуезовтің көп томды академиялық шығармалар жинағы мен "Әуезов энциклопедиясын" басып шығару болса керек.

Бір айта кететін жәйт, әркениетті елдердің өз ұлыларын ұлағаттау өнегесінен үлгі алуудың артығы жоқ. Әрине, мәселе соның бәрін қаз-қалпында қайталауда емес. Дегенмен, халқымыздың үлттық мақтаныштарының мұраларын дер кезінде ізерлей жинақтап, ұқыпты түрде ғылыми айналысқа қосып, насиҳаттап отырудың маңызы ерекше екенін естен шығармағанымыз жән. Мұхтар мұрасы – мұхиттай мол дүние. Оны жинақтап, ғылыми түсініктерімен, анықтамаларымен бүтінгі күн талабына және келер үрпақ талғамына барлық жағынан сай етіл шығаруға әдебиетші, тарихшы ғалымдарды, абайтанушыларды, мұхтартанушыларды, ақын-жазушыларды ғана емес, барша зиялды қауымды, басқа да алыс-жақын елдерден бұл іске ниет білдірген белгілі зерттеушілерді де тартқан дұрыс. Өз басым Мұхтар Омарханұлына арналған дүниенің бәрі ұлы адамның есіміне лайық болса деген ниеттемін.

Қай жағынан алсақ та Мұхтар Әуезов бақытты адам, ол кезінің тірісінде де, дүниеден өткеннен кейін де халқының қалтқысыз сый-құрметіне, сүйіспеншілігіне бөлленген, осындай мерекелі күндерде ғана емес, әрдайым жұртының жадында жаңғырып тұратын, тарихтың да, тағдырдың да сынына төтеп берген Ұлы Тұлға.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
М. ӘУЕЗОВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ  
ЖИҮНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\*

Алматы, 27 қыркүйек 1997 жыл

**МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ –  
БҮКІЛ АДАМЗАТТЫҢ БАЙЛЫҒЫ**

Бұғін, біз осы зәулім шаңырактың астына еліміздің қоғамдық саяси және мәдени өміріндегі аса бір айтулы оқиға – қазақтың ұлы жазушысы, ғұламағалымы, кеменгер ойшылы, туған топырағымыздың біртуар перзенті Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 100 жыл толу салтанатын атап өтуге жиналып отырмыз. Мұхтар Омарханұлының есіміне байланысты басқа да мәрейлі шаралар сияқты бүл бас қосу да – халқының асқақ мұраттары жолына бойындағы бар жақсысын: құллі ғұмырын, дарын қуатын, терең танымын, білімі мен білігін аямай жұмсал, рухани ұстаз атану халқына ие болған арыстарымызды, қазақ мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің асыл тұлғаларын бүкіл халық болып қастерлеу, мерекелеу сияқты жақсы салтымымыздың жалғасы. Абай, Шоқан, Құрманғазы, Жамбыл, Шәкірім... қандай жарқын есімдер, даналық жарқылы, дарын жасыны іспетті! Тілті осы ғажайып шоғырдың ішінде айырықша жарқырап Мұхтар жұлдызы нұр шашып тұр.

Құлаштың кеңінен сілтеуге мұрасат берменеген ғұмырының ішінде ол кең құлашты прозалық шығармалармен қатар хас шебердің өміріндей өсем ондаған әңгімелер, пьесалар, либреттолар мен сценарийлерді дүниеге әкелді, оның қаламынан туған тың тынысты әдеби зерттеулер мен терең мазмұнды оқулықтар қаншама, тәржімандық өнердің үлгісіндей әлемдік классиканың үздік туындыларын қазақ тілінде сейлеткен аудармалары өз алдына біртебе.

Әңгіме, әлбетте, санда емес, М. Әуезов туындыларының асылдығында, мінсіз сапасында. Ол "Абай жолы" эпопеясынан өзге бір жол жазбаған күннің өзінде, осы туындысының өзі-ақ оның келер үрпақ көкірегінен мәңгілік орын алуы үшін жетіп жатыр еді.

Осы ғажайып шығарманы қолына алған сайын, оның әр жолын оқыған сайын көкірегінде өз елің үшін, өз халқың үшін мақтаныш сезімі оянады. Мұхтардың кеменгерлігіне де, көрегендігіне де тәнті боласын, өзіміздің алуан қырлы төлтума мәдениетімізді әлемдік өркениеттің белігіне ажырағысыз балап, "жоқ, менің халқым ешкімнен де кем емес, менің халқым ұлы халық"

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 30 қыркүйек 1997 жыл.

деген журеюжарды сөзіне тебіренесің. Ұлы ақын жайлы эпопеяның өн бойына өрілген ұлағат қазақтың мынау зенгір аспан астында өмір сүріп жатқан еш пендеден кем емес екеніне шубасіз иландырады. Сөйтіп, өткенімізге мұқият зер сала қарауға ұмысындырады, тындырған ісінді ұлы бабаларымыз ісінің таразысына тартуға ұмтылдырады, өз затынды туа бітті табиғатынды пайымдатпай қоймайды.

Ендеше Әуезовті қазақ әдебиетінің классигі демегенде не дейсіз. Енде-ше "Абай жолын" біздің әдеби шығармашылығымыздың шыңға біткен шынары демегенде не дейсіз.

Осынау эпопеядан басқа Мұқаның қаламынан туған "Қылыш заман" хикаясы ше, "Ескілік көлеңкесінде", "Қаралы сұлу", "Қорғансыздың күні", "Кексерек", "Қара-қарааш оқиғасы" әңгімелері ше! "Еңлік-Кебек", "Қаракөз", "Қарақыпшақ Қобыланды" пьесалары ше, інжу-маржан басқа дүниелері ше!

Олардың бірде-бірін тебіренбей оқу мүмкін емес. Шығармаларының әрқайсысынан қазақ ауылының етene таныс тыныс-тіршілігі, ғасырлар бойы қазақ жұрты шешіп келген тағдырлық, тұрмыстық, имандылық мәселелері мен мұндалап тұрады. Алайда бұл тек қазақтың пешенесіне ғана жазылған талай ма еді? Кешегі "Қылыш заманда" мұнданай құқайды басқа халықтар көрген жоқ па екен? Тегінде Әуезов шығармашылығына қазақтар ғана емес, әлемнің әр шалғайындағы жұрттардың айрықша ықылас қоюының бір сыры осында жатса керек. Әуезов көркем сөз құдіретінің қазақ көгінен шығандап, бүкіл адамзат аспанына шарықтауында жатса керек, оның осынау қарымы тәнір берген таланттымен ұштасып, оны әлемдік деңгейдегі туындыгер деңгейіне көтеруінде жатса керек.

Әуезов шығармашылығының нағыз терендігін, оның азаматтың мәдениет қазынасына қосқан үлесінің қомақтылығын Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінде ғана емес, планетаның барша түкпірінде жақсы түсінеді. Жазушының осы мерейтойының ЮНЕСКО-ның аясында өткізіліп жатқаны да бекер емес. Бұл үшін біздің бәріміз осы халықаралық беделді ұйымның басшылығына және бас хатшысы Федерико Майор мырзаға шын көңілден риза-мызыз.

Алайда оның таза жазушылық еңбектен өзге – меңнат-машақаты мол, күллі күш-қайратынды беруді талап ететін еңбектен өзге – түркология мен шығыстануды едәуір дамытқан әдебиетшілік еңбегі де болды. Ол әлемдік классиканың бірегей жұлдыздарын қазақ тілінде сейлеткен біртұма аудармалар да жасалды. Республика ғылым академиясының толық мүшесі, Қазақ және Мәскеу университеттері профессоры бола жүріп, белсенді ғылыми әрі педагогикалық қызметпен де айналысты. Республика Парламентінің депутаты, көптеген кәсіби және қоғамдық ұйымдардың мүшесі ретінде белсенді жұмыс атқарды. Денсаулұғы керемет мықты бола қоймаған бұл адамның осыншама қыруар жүкті қалай көтергеніне, бәріне де үлгергеніне әрі бәрін өзіне тән ыждағаттылықпен, тамаша талантпен атқарғанына еріксіз қайран қаласыз.

Оның бүкіл өмірі тағдырдың тауқыметі мен ауыртпалығына толы болды. Халықтың ар-ожданы, оның ойы мен арманының көрінісі болған "Алаш" ұйымының басшылары қызылдардың құрығына түскен кезде олармен бірге Мұхтар Омарханұлы Әуезов те қуғын-сүргінге ұшырады. Тағдыр оны ең ауыр қатерден аман алғып қалды, алайда "буржуазияшыл ұлтшылдығы" үшін тағылған дәлелсіз айыптау өмірінің сонғы күндеріне дейін дерлік қара елестей қалмай қойды. 30 жылдарда да, 40, 50 жылдарда да ол тоталитарлық режим органдарының жазалау қылышы өзіне талай рет төнгенін бүкіл болмысымен сезіп-бліп отырды. Бұған қоса айтарым: тіпті Омарханұлы қайтыс болғаннан кейін де режим бұл адамды сүйіп және құрмет тұтқан адамдармен есеп айрысуға әрекет жасады. Сол арқылы оның өзін де амалын тауып төмендетпек, ұлы Мұқана қүйе жақпақ болды. Осы залда отырғандардың ешқайсысы біле қоймайтын бір мысал келтірейін. Осыдан он жыл бұрын, біз Әуезовтің туғанына 90 жыл толуын атап өттік. Содан көп уақыт өтпей-ақ республика партия ұйымының "штабында" бір назар аудараптық құжат өмірге келді. Шынын айтқанда бұл Республика компартиясы Орталық комитетінің идеология бөлімі Мәскеуге жолдаған, есек-аяңға құрылған хат болатын.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ТОРЖЕСТВЕННОМ СОБРАНИИ  
ПО СЛУЧАЮ 100-ЛЕТИЯ М. О. АУЭЗОВА\***

---

Алматы, 27 сентября 1997 года

**Дорогие друзья! Соотечественники!  
Уважаемые гости!**

Сегодня мы собрались по случаю 100-летнего юбилея со дня рождения нашего великого земляка – выдающегося казахского писателя, ученого, мыслителя Мухтара Омархановича Ауэзова.

Абай, Чокан, Курмангазы, Жамбыл, Шакарим... Великие и дорогие сердцу имена. Но даже в этом удивительном созвездии имен звезда Мухтара Ауэзова излучает особый свет.

За свою жизнь он наряду с полноформатными прозаическими полотнами создал десятки мастерски написанных рассказов, пьес, либретто и сценариев, множество оригинальных литературоведческих исследований и глубоко содержательных учебников, как блистательный переводчик заставил заговорить по-казахски целый ряд лучших образцов мировой литературной классики.

Разумеется, дело не в количестве, а в высокой благородной пробе и безупречном качестве творений М. О. Ауэзова. И если бы, кроме эпопеи "Путь Абая", он за всю жизнь не написал больше ни одной строчки, то его имя уже было бы вписано золотыми буквами в летопись мировой литературы.

Истинную глубину творчества М. О. Ауэзова, его вклад в культурную сокровищницу человечества хорошо понимают не только в Казахстане, не только в странах СНГ, но и во всех уголках планеты. Не зря ведь нынешний юбилей писателя проводится под эгидой ЮНЕСКО, за что все мы искренне признательны руководству этой авторитетной международной организации и ее Генеральному секретарю господину Федерико Майору.

Но кроме чисто писательского труда – изнурительного, требующего полной самоотдачи, – была еще кропотливая литературоведческая работа, значительно обогатившая тюркологию и востоковедение. Были непревзойденные переводы на казахский язык шедевров мировой классики. Была

---

\* Назарбаев Н. А. "Избранные речи". Том III. 1995–1998 гг. – Астана: ИД "Сарыарка", 2009. – 582 с.

активная научная и педагогическая деятельность на посту действительного члена Академии наук республики и профессора Казахского и Московского государственных университетов. Была активная работа в должности депутата республиканского парламента, члена многих профессиональных и общественных организаций... Остается только поражаться, откуда брал силы этот не отличавшийся богатырским здоровьем человек, чтобы тащить такой неподъемный воз, везде успевать и все делать с присущими ему скрупулезностью и блеском!

Жизнь постоянно его ломала и корежила. Когда в жернова тоталитарного режима попали лидеры организации "Алаш", являвшиеся совестью народа, выразителями его дум и чаяний, вместе с ними подвергся репрессиям и Мухтар Омарханович Ауэзов. Судьба уберегла его от самого страшного, но огульное обвинение в "буржуазном национализме" незримым шлейфом тянулось за ним почти до самой его смерти. И в 1930-е, и в 1940-е, и в 1950-е годы он всем своим существом ощущал занесенный над ним меч карательных органов.

Скажу больше: даже после смерти Мухтара Омархановича режим пытался свести счеты с теми, кто любил и почитал этого человека, дабы хоть как-то принизить и испачкать грязью и его самого. Приведу один пример, вряд ли известный кому-либо из сидящих в этом зале. 10 лет назад, сразу после окончания торжеств по поводу 90-летия со дня рождения Ауэзова, в недрах "штаба" республиканской парторганизации родился один любопытный документ – записка, а по существу – донос идеологического отдела ЦК Компартии Казахстана, направленный руководству Центрального Комитета. Он содержал яростные нападки на Союз писателей Казахстана, не обеспечивший проведение "линии партии" в ходе этого мероприятия.

Самое мягкое обвинение состояло в том, что, цитирую, "аудитория состояла в подавляющем большинстве из людей одной национальности, и отдельные билеты попали в руки случайных, не совсем достойных лиц".

Далее обвинения адресовались предоставленному Союзом писателей докладу. В нем, по мнению доносителей, о творчестве и жизненном пути М. О. Ауэзова говорится в драматически-трагедийном аспекте, значительно преувеличены масштабы репрессий среди творческой интеллигенции Казахстана, о давлении, оказываемом идеологическим руководством республики на писателей, о заслонах, которые якобы ставятся на пути свежих идей и новых произведений.

Не стану оглашать имена авторов этого пасквиля – пусть будет им судьей их собственная совесть. Замечу другое: попытка организовать громкий скандал с "идеологической" подоплекой напрямую увязывалась с именем Мухтара Ауэзова, а значит, и сам этот скандал должен был задеть честь и достоинство великого писателя. К счастью, тогда удалось предотвратить готовившуюся "чистку рядов", но чувство горечи и презрительности, честно говоря, не покидает меня и по сей день.

К счастью, те времена безвозвратно ушли в прошлое. Сегодня никто не вправе оказывать давление на мастеров литературного цеха, ограничивать их творческий поиск и рецензировать их произведения. Так пусть же нравственным ориентиром в творчестве наших писателей станет вдохновляющий пример, который является всем нам Мухтар Омарханович Ауэзов!

### **Уважаемые участники собрания!**

Подобно тому, как принадлежат всему человечеству Фирдоуси и Гомер, Гете и Бальзак, Шекспир и Толстой, принадлежит ему и Ауэзов. Это подтверждает и тот факт, что почтить память писателя к нам приехали люди со всех концов света.

Я рад возможности приветствовать наших гостей – представителей авторитетных международных и региональных организаций, писательских объединений государств СНГ и стран дальнего зарубежья, работников, профессионально занимающихся вопросами культуры, посланцев творческой интеллигенции всех областей Казахстана.

Ваше присутствие в этом зале лишний раз свидетельствует о том, что культурный обмен на межгосударственном и межрегиональном уровнях не прекращается. Значит, культура по-прежнему остается послом мира. И это прекрасно.

От своего имени и от имени всех граждан Казахстана я выражаю вам, уважаемые гости, искреннюю благодарность за сопричастность к этому эпохальному событию в жизни нашей страны, за стремление разделить нашу радость и отдать должное достижениям казахстанской культуры. Желаю вам крепкого здоровья, счастья, благополучия и безусловной реализации всех ваших творческих замыслов!

**ПОЗДРАВЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ТОРЖЕСТВЕННОМ СОБРАНИИ ПО СЛУЧАЮ  
ПРАЗДНОВАНИЯ 50-ЛЕТИЯ СО ДНЯ ВЫПУСКА ПЕРВОГО  
КАЗАХСТАНСКОГО ЦИНКА\***

---

Усть-Каменогорск, 6 октября 1997 года

Я прибыл на этот замечательный праздник с большим удовлетворением. Как вы знаете, по специальности я тоже металлург и поэтому хорошо знаю тот героический труд, которому вы посвятили себя. Вместе с вами я тяжело переживал, когда промышленность нашей республики, в том числе цветная металлургия, оказалась в кризисе по известным вам причинам. Немало усилий пришлось приложить, чтобы выпрямить становой хребет экономики – тяжелую индустрию.

Самым трудным в ряду возрождаемых предприятий был ваш свинцово-цинковый комбинат, потому что производство здесь очень сложное, капиталоемкое. Чтобы наладить работу, надо "вытянуть" рудную базу, а это требует больших финансовых вливаний. Но решили и эту проблему, сделав привлекательной для инвесторов новое объединение горнообогатительных комплексов и металлургических переделов области с рудной базой – открытое акционерное общество "Казцинк". Результаты не замедлили сказаться: теперь две ведущие международные компании – швейцарская "Гленкор" и испанская "Астуриано де-цинк", создав специально для работы в Казахстане свою дочернюю фирму – "Казастур цинк АГ", вкладывают средства в развитие рудной базы, техническое перевооружение предприятий "Казцинка". Объем их инвестиций достигнет 400 миллионов долларов США. Радует, что металлурги теперь работают, получают зарплату, видят перспективу.

Меня часто спрашивают, что мы строим – капитализм или социализм? Никаких "измов", просто мы хотим создать нормальную жизнь для всех казахстанцев.

Сегодня мне выдалась возможность низко поклониться металлургам не только за их героический труд, но и за ту поддержку, которую они мне всегда оказывали во время выборных кампаний на высокие государственные посты. Такая поддержка давала и дает силы твердо идти по пути реформ...

---

\* Газета "Казахстанская правда", 9 октября 1997 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ КОРЕЙЛІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА  
ТҮРҒАНЫНА 60 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

*Алматы, 10 қазан 1997 жыл*

"Халықтардың біртұтас отбасында!" ұранымен өтетін бүгінгі мерейтой, елімізде Қоғамдық татулық және саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізумен тұстас келіп отыр. Мұның өзіндік ерекше мәнісі бар, өйткені Ресейдің Приморье өлкесінде ежелден тұрып келе жатқан корейлердің тағдыры қасіретті болды: шпиондық жасады деген жалған айып тағылған тұтас халық тіршілік етіп отырған жерлерінен қызылып, қарулы айдауылмен өздеріне бейтаныс өлкеге қоныс аударылды, олардың көпшілігі – жұз мыңға жуық адам Қазақстанға зорлап көшіріп өкелінді.

Бұл қасіреттің ауқымын дұрыс пайымдаған қазақтар қоныс аударушыларды ағайынгершілікпен қарсы алды. Оларға тамағы мен киімінен бөліп берді, жан жылуын сыйлап, баспанасының аясына алды. Осы арқылы алғашқы сенімсіздіктің салқындығы жойылды, берік, көп жылдық достықтың мықты негізі қаланды.

Еңбексүйгіштік, табандылық пен өзара қолдау көрсету корейліктердің жаңа жерге көндігіп кетуіне ғана емес, сонымен бірге өзінің ұлттық дәстүрі мен салтын сақтағ қала отырып, республикада тұратын халықтардың отбасында лайықты орын алуына көмектесті. Сіздердің Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық рухани дамуына қосқан улестеріңіз кеңінен мәлім. Біздің ортақ шаңырағымызда азаматтық татулық пен ұлтаралық тұрақтылықты нығайтуға да сіздер көп үлес қостыңыздар.

Бұгінгі таңда, елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға белсененділікпен қатыса отырып, сіздер қоғам өмірінің барлық салаларын түбегейлі өзгертуге, мемлекеттіміздің сенімді түрде ілгері басуы мен гүлденуіне көмектесіп келесіздер. Корей қауымының өкілдеріне, олар арқылы Қазақстандағы барлық корейлерге мықты деңсаулық, отбасында үлкен бақыт, еңбек пен оқуда жаңа табыстар тілеймін.

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 10 қазан 1997 жыл.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ\***

*Алматы, 10 қазан 1997 жыл*

**ҚАЗАҚСТАН – 2030  
БАРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІ, ҚАУІПСІЗДІГІ  
ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ АРТУЫ**

*Жаңа ғасыр табалдырықтан аттайды,  
басқа дәуір түшіп келеді.*

*Вергилий*

*Әр дәуірдің өз міндеттері бар.*

*Гейне*

**KIPICPE**

*Әткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ.*

**Қазақтың халық мақалы**

**Қадірлі халайық!**

Мен сіздерге, Қазақстан халқына, қоғамымыздың болашағы мен мемлекеттіміздің мұраты хақындағы өзімнің пайымдауымды жолдап отырмын. Мен Сіздерге осынау болашаққа қол жеткізіп, өз мұратымызды іске асыруға жәрдемдесе алады-ау деген сенім үялататын стратегияны ұсынғым келеді.

Мен сіздермен келер ғасырға, жаңа мыңжылдыққа, алыс перспективаға ендең бойлайтын болашақ жайлы өзімнің ой-толғаныстарыммен бөліскім келеді. Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындан алғынан уақыт жетті.

Бұл бізге не үшін қажет? Менің ойымша, біздің әрқайсымында ендігі жerde тек бүгінгі күнмен ғана, ағымдағы міндеттерді толассыз шешумен ғана өмір сүрге болмайтындығын терең түсіну сезімі пісіп-жетілді.

Біз ненің іргесін тұрғызымыз келетінін, таңдал алған мақсатымызға алып келетін өз дамуымыздың траекториясы, даңғылы қандай болуға тиіс екендігін анық білуге және үғынуға тиіспіз.

\* Назарбаев Н. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстанның таралың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 144 бет.

Өзіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс айқындал, тиісті стратегияла-  
рымызға таңдау жасап, осы жолмен жүру үстінде ерік-жігер мен төзімділік таны-  
та отырып, біз өзімізді бұрапан-бұрылышты сенделістерден, күш-куатымызды,  
уақыттымыз бен ресурстарымызды жөнсіз зая кетіруден сактандырамыз.

Мықты стратегияға ие болып әрі табандылық таныта отырып, біз жолы-  
мызда кездесер кез келген күрделі кедергілерді абыраймен еңсере аламыз.

Бүгінгі таңда басымыздан кешіп отырған қыын жағдайлар біздің күш-куаты-  
мыз бен үміттен айырмауға тиіс. Перспективаларымызды айқын ұғыну, жо-  
лымызда тұрған қыындықтар мен қауіп-қатерді бүкпесіз түсіндіру біздің  
қоғамымыздың барша азаматтарын осынау ортақ міндетті шешу үшін жұмыл-  
дыруға жәрдемдеседі.

Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге біздің үрпақтың келер үрпақтар  
алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтынын: әкелер мен аналар-  
дың, атапар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауап-  
кершілігін құнделікті есте ұстауға тиіспіз.

Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар  
біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді?

Олар әл-ауқатты өмір сүре ме, тоғайған, дендері сау әрі білімді-білікті  
бала ма?

Олар жақсы әрі азат қоғамда өмір сүре ме?

Олар бейбіт-татулықта өмір сүре ме?

Олар өз қауіпсіздігі мен балаларының қауіпсіздігі үшін алаңсыз бола алар  
ма, көшелермен емін-еркін жүріп, өз дүние-мұлкі үшін қауіптенбес болар ма?

Біз оларға қуатты мемлекет пен өзіміздің жақын және алыс көршілеріміз-  
бен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыра аламыз ба?

Біз осынау қарапайым, бірақ маңызды сұрақтарға бүгіннің өзінде жауап  
беруге тиіспіз.

Бір данагей: егер сіз қайда бет алып бара жатқаныңызды білмейтін бол-  
саныз, онда сізді ол жерге кез келген жол алып баруы мүмкін деген екен.  
Осыны естен шығармай, болашақтың моделін жалпыланған түрде және нақты  
қысқа мерзімді мақсаттар түрінде ұдайы көз алдымызда бағдар етіп ұстауға  
тиіспіз. Мұның өзі қандай да бір іс-әрекетке кірісе отырып – біз дұрыс ба-  
ғытпен жүріп келеміз бе әлде бағдардан ауытқыдық па, оқиғалардан ілгеріге  
оздық па әлде шабандап қалып келеміз бе – ұдайы таразылап отыру үшін  
қажет.

Бүгінгі күнді ертеңгі күнмен ойша салыстырған кезде, бұл процесті сан-  
рет қайталай отырып, проблемалардың ауқымы мен олардың маңызын өзге-  
ше қабылдайсың. Өзімізді әлем мен буқіл планетаның бір бөлігі ретінде  
түйсіне отырып, біз жаңа дәүір мен жаңа уақыттың тынысын және олардың  
жықтай түскенін сезінеміз.

Қазақстан жаңа мемлекет ретінде көптеген империялардың: Оттоман,  
Австро-Венгрия, ал мұлде таяуда – Кеңес Одағының жан тәсілім өткенін  
көрген дәүірде дүниеге келді.

Біз жаңа мемлекетті, жаңа нарықтық экономика мен жаңа демократияны көптеген өзге де жас тәуелсіз мемлекеттер осы тәрізді жолды басынан кешіп те үлгерген уақытта құру үстіндеміз.

Біз қуатты сыртқы күштер келешегімізді айқындауда сәссіз елеулі рөл атқаратын құннен-күнгө өсе түскен ауқымдану мен ұлғайып келе жатқан өзара тәуелділік дәуірінде өмір сүріп отырмыз.

Егер біз өз ниетімізді байсалды ұстансақ және пайымды да парасатты болсақ, өз дамуымыздың ішкі және сыртқы факторларын бүкпесіз талдап-таразылауға қабілетті болсақ, онда біздің жалпы топтасуымыз, өз тарихымыз бен ерекше жағдайларымыз негізінде дұрыс жолды таңдал алу мүмкіндігіміз де бар.

Біз басқа елдердің тәжірибесін зерделей алсақ та әрі солай етуге тиісті болсақ та және халықаралық қоғамдастықтағы қолайлы үрдістерді пайдалана алсақ та, біздің жасымыздың жеткенде балаларымыз бен немерелеріміз мактандан ете алар Қазақстанды құру жөніндегі үмітіміз бен арманымызды іске асыру үшін қажетті осынау орасан зор жұмысты өзге ешкім де емес, тек біздің өзіміз ғана игере аламыз.

Неліктен нақ бүгінгі таңда біздің алдымында осы міндет түр?

Әйткені кеше біз бұған даяр емес едік, тәжірибеміз бен білігіміз жетіспеді, жағдай, ересен тұрақсыздық пен тұрлаусыздық мүмкіндік бермеді. Міндеттің өзі де басқа болатын. Алдыңғы кезеңнің құллі мөні мынаған: басталып кеткен аласапыран өтпелі кезеңнің буырқанған жағдайында дербес мемлекет ретінде табан тіреп қалуға келіп сайды. Қөптеген көріпкелдер біз сәтсіздікке ұшыраймыз және де мемлекет құрылышының, қоғамдық және экономикалық қайта құрудың бұрын-соңды болмаған міндеттерін игере алмаймыз деп сөүегейлік еткен-ді.

Бірақ алғашқы сынға біздің лайықты төтеп бере алғанымыз – еңсемізді тік ұстап, ійлімегеніміз бүгін-ақ айқын. Барлық қызындықтарға қарамастан біз бейберекетсіздік пен жәнсіздік шынырауынан шыға білдік.

Қазір біз тұрақтану кезеңіне өттедеміз. Ең өзекті және маңызды міндеттерімізді шешуде қол жеткізген табысымыз бізге жан-жағымызға үніле зерттастауға, еткен жолымызды таразылауға әрі болашаққа батылырақ көз салуға, алдағы дамуымыз туралы ойлауға, өз жоспарларымызды түзеуге мүмкіндік береді.

Аса ауыр жағдайларда жинақталған мемлекеттілік құру, саяси және экономикалық реформалар жүргізу тәжірибесі, әлем және оның дамуы туралы білім-білігіміз, қазақстандықтардың тезімділігі мен түсінушілігі бізге қосымша күш-куат пен сенімділік үстейді.

Бұл міндеттерді шешуді ертенге қалдыруға да болмайды, әйткені біз өз реформаларымызды толық аяқтағанша күтіп те отыра алмаймыз.

Басқаша айтқанда, кеше өлі ерте болатын-ды, ал ертең кеш болып қалуы мүмкін.

Мемлекетіміз бен қоғамымыздың құрудың дұрыс стратегиясын таңдал алудың өміршөң мәні бар. Екшеле талданып жасалған стратегиялық жоспар назарды жинақтайды, тәртіпке жұмылдырады және жәрдемдеседі.

Ол мемлекет назарын басымдықтардың аса қысқа тұжырымды тізбесіне жинақтайды, ол тәртіпке жұмылдырады әрі Үкіметті осы міндеттер мен стратегияларды күнделікті шешіп отыруға талпындырады. Ақыр аяғында, ол біздің мақсаттарымыздың іске асуына алып келетін күн сайынғы және жыл сайынғы шешімдерді қабылдауымызға жәрдемдеседі.

Бірақ мұның өзі жеткіліксіз. Осы нұсқауларды өмірге енгізудің, жобаланған жоспарларды іске асырудың маңызы мүлде кем емес. Сондықтан әрбір министрлік пен ведомство өз жұмысын әрбір күн, ай мен жыл біз қадам басқан сайын қойылған мақсаттарымызға қарай ілгерілейтіндей етіп ұйымдастыратын жүйені құру аса қажет.

Мемлекеттік қызметшілер күн сайын алдарындағы стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды көріп отыруы, екінші кезектегі және күнделікті міндеттерді шешуге аландамастан оларды іске асыруы қажет.

Қабылданатын зандар мен шешімдер біздің стратегияммыздың арнасында, жұмыс жинақы, жұмылған әрі үйлесімді болуға тиіс.

Келесі жылдан бастап біздің жыл сайынғы жоспарларымыз ұзақ мерзімді басымдықтарымызға сәйкес болуға тиіс. Оның үстіне, мониторинг жүйесі қойылған мақсаттарымызға қол жеткізуде біз қаншалықты ілгеріледік деген сұраққа жауап беруге тиіс. Сондықтан бізге стратегиялық жоспарлау мен стратегиялық бақылау, есептілік пен жауапкершілік жүйесі қажет.

Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты – біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Егер біз қоғам мен халықтың түрлі топтарының қажеттіктерін дұрыс ескеруге, басымдықтарды дәл айқындаған, олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге қабілетті болсақ, онда бұл ақиқатқа айналады. Мұны мемлекеттің халықтың жекелеген топтарымен және жеке-ше сектормен ынтымақтастығы негізінде іске асыру қажет.

Осы Жолдау менің Қазақстан халқына ішкі және сыртқы саясатымыздың негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнап сез сөйлеу жөніндегі Конституциялық міндеттерімнің шенберінде өзірленген болатын. Бірақ мен жоғарыда атап өткендегі, біздің мемлекетіміз, тұтас алғанда қоғамымыз үшін де координаттар жүйесі болып табылатын, соның шенберінде жыл сайынғы іс-қимыл жоспарларымызды жасай алатын негұрлым ауқымды болжам мен стратегияны қажет етеді. Сол себепті осы мәселелерге ерекше орын беріліп отыр.

Президенттің Қазақстан халқына ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы бұдан кейінгі жыл сайынғы Жолдаудағы ұзақ мерзімді стратегияның іске асырылуына берілетін бағаны қамтиды, сондай-ақ алдағы жылға арналған нақты міндеттерді айқындастын болады.

## 1 БІЗ БҮГІН ҚАЙ ЖЕРДЕ ТҰРМЫЗ?

Адамдардың өмірінде шарықтау сәті бар, ол, егер дұрыс пайдалана білсе, табысқа жеткізеді. Егер оны қолдан шығарып алса, онда одан кейінгі жол қайранға малтырып, тайғақ кешумен үласады.

Шекспир

Ұланғайыр мүмкіндіктер баршага беріледі, бірақ көп жандар олармен ұшырасқанын сезбейді де.

Даннинг

Сонғы алты жыл ішінде біз екі басты стратегиялық мақсатты көздедік.

Біріншіден, Қазақстан егемен тәуелсіз мемлекет болды. Көптеген адамдар қазір мұны тиісті нәрсе ретінде қабылдауға өзір, бірақ қазақстандықтар мұның біздің тарихымызда қаншалықты сирек әрі қындықпен болғанын ұмытпауға тиіс.

Екіншіден, біз кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүргізе бастадық. Аталған мақсаттарға әлі жете қойғамыз жоқ, дегенмен, жекелеген бағыттарда көзге түсер нәтижелеріміз де бар.

Енді ахуалды терең таразылау, дамуымызды әлемдік тәжірибе тұрғысынан талдау және реформаларымызды іске асыру мен жаңа институттарымыздың қалыптасу дәрежесін үздік әлемдік тәжірибемен салыстыру маңызды. Өзіміздің секем және босаң тұстарымызды салиқалы тұрғыдан талдап, тек содан кейін ғана дербес төл стратегиямызды талдап жасаудың маңызы бұдан бір де кем емес.

Біздің ішкі бекем тұстарымыз бер Қазақстанның қолындағы сыртқы мүмкіндіктерді, өзімізге тән босаң тұстарымыз бер сыртқы қатерлерді талдаудан бастайын.

Еліміздің қолында сегіз артықшылық бар.

Біріншісі. Біз өзіміздің тәуелсіз, егемен мемлекеттіміздің негізін қаладық. Барлық қажетті мемлекеттік институттар қазірдің өзінде бар әрі ай сайын тәжірибесі мен біліктілігін ширата түсude. Бірақ мемлекеттіміздің құрылышы аяқталатын күн әлі алыс.

Екіншісі. Біз жетпіс жыл бойы өзіміз өмір сүрген ескі саяси және экономикалық жүйеден іргемізді түбебейлі аулақ салдық. Бүгін мұлде жаңа мемлекет өмір сүріп отыр, мұлде өзге саяси және экономикалық жүйе жұмыс істеуде.

Үшіншісі. Қоғамымыздары өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік. Қысқасы, біз азаттық алдық. Мемлекеттік-ұжымдық дүниен-

тәнімның жекешіл дербес дүниетаныммен алмасуы біздің өміріміздің әрбір қырын өзгерту. Өрине, ескі жүйе шақтап болса да негұрлым сенімді әлеуметтік иғліктер беріп келді әрі бірсыныра салаларда жетістіксіз де болған жоқ. Алайда, экономикалық тұрғыдан бәсекеге қабілетсіз болғандықтан, ол жүйенің күйреп тынғанын да ұмытпауға тиіспіз. Ол әлеуметтік жағынан да осал болып шықты, ейткені адамдардың көпшілігінің тұрмыс деңгейі шетелдегі тұрмыс деңгейінен төмен еді. Ол, сондай-ақ жеке адам хақында да осалдық танытты, ейткені еркіндік бермеді. Нарықтық экономика мен демократиялық тұрғыда тандап алынған мемлекет Қазақстанға қандай шамада өркендеу мен бостандық әкелерін уақыт өте келе біздің өз тәжірибелі көрсетуге тиіс. Өтпелі кезең уақытында біздің азаматтарымыздың көпшілігі қылы істі бастан кешірді әрі көп нәрсені құрбан етті. Бірақ біз мұны тек сіздер мен біздің иғлігіміз үшін ғана емес, ең алдымен балаларымыз бен немерелеріміз үшін жасап отырмыз.

Төртіншісі. Біздің басты он иғліктеріміздің ішінде халқымыздың немесе былайша айтқанда, адам ресурстарының сапасы тұр. Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары, білім өресі биік халқымыз бар. Көптеген елдерде бұл жоқ әрі олар осындағы жетуді өздерінің стратегиялық мақсаттарының бірі санайды. Мұның өзі – біздің халқымыз бен бұрынғы жүйенің аса ірі жетістігі. Біз қолымыздагы осындағы баға жетпес капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі негұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз.

Бесіншісі. Біздің табиғи ресурстарымыз – орасан зор байлық. Алайда мұның өзі қаншалықты керегар көрінгенімен, әлемдік тәжірибе табиғи байлығы бар қөптеген елдердің оны дұрыс игере білмегендіктен, ақыры кедейлер қатарынан шыға алмағанын көрсетеді. Алайда Шығыс Азияның негұрлым серпінді дамыған елдері – табиғи ресурстары жоқ елдер. Осының бәрі жетекші фактор, бұл – адамдардың өзі, олардың ерік-жігері, күш-куаты, табандылығы, білім-білігі екенін тағы да дәлелдей түседі. Бұл – бізге гүлдену мен тәуелсіздік есігін айқара ашуға мүмкіндік беретін нақ сол "алтын кілттің" өзі.

Әлемнің келенсіз тәжірибесін де үйрену қажет. Ол даму стратегиясының немесе оларды іске асыру қабілетінің болмауы табиғи байлықтар әлеуетінен басым түсетінін айқын көрсетіл отыр. Сондықтан, бұдан біз шығаратын басты қорытынды – ойластырылған стратегия жасап, оны барлық қызындықтарға қарамастан жузеге асыру қажеттігі. Жер қойнауының байлығы – барша келер үрпақтың иғлігі. Бұған қарап босаңсымауымыз керек. Керісінше, Үкіметті қоса, біздің бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандағыдай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиіспіз.

Алтыншысы. Біздің ауқымды алқаптарымыз, ауыл шаруашылығы жерлеріміз – орасан зор әлеуетіміз. Көптеген өлшемдер бойынша біз Канада мен Австралияға ұқсасмыз, бізге тек бір нәрсе – олардың өнімділігі мен экспорттың әлеуеті жетіспейді. Бұл жерде де, тағы да ең бастысы – нақты және тиімді стратегия, адамдар мен капитал.

Біздің жетінші бекем тұсымыз қоғамымыздың саяси тұрақтылығы мен бірлігінде жатыр. Біз қоғам ішінде тікелей тайталасқа жібермей, ахуалды тұрақтандыра білдік, мұны мақтан етеміз, екінішке қарай, көптеген дамушы және кешегі коммунистік кейінгі елдердің бұған қолы жеткен жоқ. Алайда толық тұрақтылықтың, топтасу мен бірліктің ауылы әлі алыс жатыр, сондықтан біздің баршамыз өзімізді біртұтас отбасымыз деп сезіну, өз мақсаттарымызды айқын біліп, оларға қарай келісе ілгерілеу үшін алдағы уақытта көп жұмыс тындыруға тұра келеді.

Бұл – бір-бірімізben кедейшілік пен жоқшылық жағынан теңесу, теңгермешіліктің жаңа жүйесін орнату да емес. Сондай-ақ қандай да бір этникалық немесе діни топтарға басқалармен салыстырғанда, басымдықтар беру жөнінде де әңгіме болуы мүмкін емес. Біздің стратегиялық міндетіміз – халықтың көптеген топтарының бірлігі, жекешіл және қоғамымыздың жарасымды сатылы дәстүрлерін толықтыра түседі.

Байлардың ат төбеліндей шағын тобы жарлы адамдардың үлкен тобынан едәүір алшақтап кеткен жерде қоғам еш уақытта еңсесін көтеріп, абаттанып гүлдене алмайды. Түрлі этникалық және діни топтардың құқықтары әр түрлі болып келетін, біреулерге мүмкіндіктер беріліп, өзгелерге берілмейтін, саяси партиялар мен қозғалыстар тікелей қарама-карсы тараптарға "бұра тартатын", бұқаралық ақпарат құрапдарының еркіндігі мен жауапкершілігі, либерализм мен демократияның және мемлекет құшінің арасында орасан зор сәйкесіздіктер бар елдің де болашағы жоқ. Біз шектен тыс шығандап кетудің бірін бастан кешірдік, екіншісіне түсіп малтықласақ иті. Менің ойымша, осы бір ақылға сыйымды дүниелерді ұғыну қоғамдық санада нық орын төпкен де тәрізді.

Сегізіншісі. Мен қазақстандықтардың байсалдылығы мен төзімділігін, олардың көнпейілділігі мен ақжарқындығын атап айтқым келеді. Мұны шетелдіктердің баршасы дерлік айтып жүр. Мен өз отандастарымыздың әтпелі кезеңнің ауыртпалықтарын түсініп, оған төзіп отырғаны үшін ризамын және осы қасиеттер біздің табысқа жетуіміздің, қоғамымыздың топтасуының, шетелдік инвестицияларды тартудың және халықаралық қоғамдастықты біздің проблемаларымызды шешуге кірістірудің елеулі кепілі деп санаймын.

Біздің осындағы құшті жақтарымызбен бірге сыртқы сипаттағы бірқатар мүмкіндіктеріміз бар. Біздің сыртқы мүмкіндіктеріміз ең алдымен, еліміздің географиялық, геосаяси және геоэкономикалық жағдайымен айқындалады. Қазақстанның негізгі үш мүмкіндігін бөліп айтуға тұрарлық.

Бірінші мүмкіндік біздің Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындейдьы. Әлемдік экономикалық және саяси процестердің ауқымдану процесі осы факторды түйінділерінің қатарына қосады. Біздің бабаларымыз түркі халықтарының біртұтас отбасы құрамында осы маңызды стратегиялық факторды өздері үшін тиімді пайдалана білді: атақты Жібек жолы бойымен Еуропа және Азия

елдері арасында кең ауқымды сауда арнасы үйімдастырылған болатын. Бұғін біз осы арнаны аймақтағы басқа елдермен ынтымақтаса отырып және әлемдік қоғамдастықтың қолдауымен қалпына келтіре бастадық. Сөз жоқ, келешекте Еуропа мен Азия арасында сауда, қаржы ағысы жүйесі мен адамдардың көші-қоны үлғая түседі.

Кептеген саяси тұрақтандыруши факторлары туралы айтпағанның өзінде, мән нақ осы себептен, Еуразия идеясын ұсындым және оны дамыта бермекпін әрі оның стратегиялық болашағына да сенімім көміл.

Бізben шектес кез келген ел тәрізді Қазақстанның жеке өзі де тиімді транзиттік әлеуетін іске асыра алмайды. Мұны бірлесе, тығыз әрі өзара тиімді ынтымақпен жасау қажет.

Осындай тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан, шекараларымыздың өн бойында өз өнімімізді өткізуудің аса ірі нарықтарының орасан зор әлеуетіне ие болып отырымыз. Таяу жатқан сыйымдылығы 2 млрд. адамға жуық нарықтардың бірен-сарапандары болмаса, қалған кез келгені Қазақстан өнімін, әлбетте, оның бәсекелестік қабілеттілігі болған және тиісті көлік арналары дамыған жағдайда жұтып қоюға қабілетті. Бұл көршілер – Ресей, Қытай және ислам мен Орталық Азия мемлекеттерінің тобы. Таяу және Орта Шығыс елдері тарихи тұрғыда маңызды әлемдік орталықтар болып табылады. Құллі Еуразия құрлығында бейбітшілік пен тату көршілік және өзара сенім қарым-қатынастарын орнықтыру – табысты дамудың қажетті шарты. Соғыстарға, бақталастыққа, бәсекеге және егерсек киліккен елдер өздерін тоқырау мен артта қалушылыққа ұрындыра отырып, өз ресурстарын, уақыты мен күш-куатын орынсыз шығындаиды.

Екіншісі. Мемлекет құрылышы мен реформаларды жүргізуудің ауыр процестерін шетелдік мемлекеттер мен донорлық үйімдар тарапынан қолдау бізге қосымша мүмкіндіктер береді.

Бұл тұрғыда көптеген елдердің бізге қарағанда оншалықты жолы болмады. Осы фактор әсіресе өтпелі кезеңнің бастапқы кезеңдерінде өте маңызды, өйткені бізге сырттың қаржы ресурстары мен білім-білігі қажет.

Үшіншісі. Ауқымдану және ғылыми-техникалық прогресс процесі, әсіресе жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуы біздің аумақты бірақ аз қоныстанған еліміз үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Алайда біздің осы процестермен қатар адымдайтынымызға ешкім кепілдік бере алмайды. Демек, осы технологияларды ұғыну, олардың біздің қоғамымызға толық кіруіне қол жеткізу, ғылыми-техникалық кадрларды қолдау маңызды.

Бұғінгі дамуымыздың келенсіз сипаттары туралы айта отырып, олардың көпшілігінің уақытша және өтпелі сипаты барын, оның өзі де кеңестік мұра мен өтпелі кезеңнің қындықтарының салдары екенін атап өту қажет.

Бірінші. Бұл – коммунистік принциптер рухында тәрбиеленген адамдардың бірнеше үрпақтары қалыптастырылған біздің діліміз. Кейбіреулер жақын-

да болған өзгерістерді ынта-жігерімен пайдаланды, бірақ басым бөлгі олай істеген жоқ. Адамдарға субъективтік және объективтік факторлар ықпал етеді, олар болып жатқан өзгерістерге баяу бейімделіп, өз проблемаларын шешуде бұрынғысынша мемлекеттің көмегіне иек артып отыр. Мұндай пәлса-па мен тұрмысқа деген көзқарас олардың жаңа қындылықтарға төтеп беруіне бөгет болады, күш-қуаты мен өзінше іс-әрекет жасау талабынан айырады.

Мемлекеттің ендігі жердегі жаңа рөлі адамдар үшін шешімдер қабылдауда емес екенін көптеген шенеуніктердің өздерінің де әлі түсіне бермейтіні құпия емес. Керісінше, оның рөлі бәрінен бұрын азаматтар мен жекеше сектор өздері мен өз отбасылары үшін тиімді шаралар қолдана алатын жағдайларды қалыптастыруды болып отыр. Біз бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен, болашаққа жаңаша көзқарасы бар жас үрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы төзімділікпен жаңғыртуға тиіспіз.

Адамның ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін объективті тенденцияларды түсіндіру маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де, ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыпта-қанша ондаған жылдар қажет болады.

Екінші. Экономикалық реформаларды жүзеге асыру, КСРО-ның ыдырауы және Қазақстан экономикасының әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіне кіруі өндіріс көлемдерінің елеулі төмендеуіне әрі осының салдары ретінде әлеуметтік ахуалдың объективті түрде төмендеуіне өсер етпей қоймады. Технологиялық түрғыда артта қалған және қуатты мол қажет ететін өндірістердің ауқымды бөлгі, даярланбаған және шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларын игере алмаған менеджмент – бәсекеге қабілетсіздікке және көптеген кәсіпорындардың тұрып қалуына, дәстүрлі өткізу рыноктарын жоғалтуға, төлемсіздіктер мен өндірістің құлдырауына алып келген негізгі факторлар, міне осылар. Осының салдарынан біздің елімізде соңғы сегіз жылда өндіріс деңгейі екі еседен артық қысқарды, ал бюджеттік түсімдер одан да көбірек қысқарды. Мұның өзі көптеген дамушы елдердегі экономикалық өсудің жоғары қарқынымен бір мезгілде болғандықтан, біздің экономика-мызы шартты түрде алғанда үш еседен астам артта қалып қойды. Осы факт бізді бұрынғыдан да тезірек, жігерлі қимылдауға мәжбүр етіп отыр.

Үшінші. Біздің экономикалық құлдырауымыздың салдарынан азаматтарымыздың көпшілігінің табысы мен өмір сүру деңгейі нашарлап кетті. Тенгермешілікті жою және жұмыс істейтін еңбек рыногын құру байлар мен жарлылар арасында елеулі айырмашылықтың туындауына әкеліп соқты. Бұл ретте мемлекеттің жетекші тірегі және қоғамның негізгі тұрақтандыруышы факторы – орташа талтың шоғыры аз.

Төртінші. Экономиканың қозғаушы күші болуға тиіс үлттық жинақталымдардың үлғауы мен капиталдың қорлануы баяу. Ішкі капитал мен жинақталымдардың жеткіліксіздігінен Қазақстан шетелдік капиталға, жекеше капиталға да, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарына да одан әрі төуелді

бала түсті. Экономиканы әрі қарай сауықтыру инвестициялардың зор көлемде келіп құйылуына байланысты, мұның өзі инвестициялық ахуал өдөйір жақсартылсаған мүмкін болады.

Бесінші. Әміршілдік экономикадан нарықтық экономикаға ауыртпалық-пен өту бұған дейін осындай ауқымда бізге беймәлім болған кедейлік пен жұмыссыздық проблемаларын туғызды. Ұлар қылмысқа, есірткіңмарлыққа құнарлы негіз қалап, қоғамдық түнгілушілікті туындарады және қоғамдық тұрақ-сыйздық мүмкіндігін арттырады. Зейнетақылар мен еңбекақылардың уақтылы төленбеуімен астасқан жоғары жұмыссыздық деңгей негізінде экономикалық проблемалардан, қаржылық капиталдың болмауынан және оларды шешудегі әлсіз стратегиялардан туындарды. Аграрлық және әлеуметтік секторларды (денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және т.б.) реформалаудың тиімді бағдарламаларының жоқтығы және өтпелі кезеңнің қысылашын жағдайларында бюджет қаражатын бөлуді қысқарту осы бір өмірлік маңызы бар салалардың нашарлауы мен туралап қалуына алып келді.

Осы процестер алтыншы осал жағымызды, кез келген тұрғыдан қауіпті демографиялық өнімсіздігімізді де сипаттап отыр. 1992 жылдан бастап соғыстан кейінгі 50 жыл ішінде тұнғыш рет біздің халқымыздың саны қысқара бастады.

Біздің босаң тұстарымыздың қатарына жетінші осал жағымызды – жете даярланбаған және нашар үйімдастырылған мемлекеттік басқаруды жат-қызыған жән. Мұның өзі де таза қазақстандық проблема емес. Бұл құбылыс-пен түгелдей барлық колониализм дәүірінен кейінгі дамушы және коммунистік кезеңнен кейінгі елдер бетпе-бет келді. Бүгінгі таңда көптеген проблемалардың шешімі осы факторға келіп тіреледі және оны тез еңсеру де мүмкін емес. Әзірше бізде стратегиялық міндеттерді, жоғары кәсіби деңгейде, отансу йіштікпен және адаптация мен интеграцияның мүмкіншіліктерін анықтауда да көрсетілген болады.

Барлық істерге жөн-жосықсыз араласу әдеті, ақпаратты қоғамнан жасыруға жетелейтін құпияшылдықтың қажетсіз және зиянды сілемі, ведомствошылдық пен жершілдік, жеңікатшылдық пен топшылдық, ұжымдық жауапсыздық, суренсіздік пен бойкүйездік, сәйкессіз және көп сатылы құрылым, сыйбайлас жемқорлық – міне, біздің бюрократияның бұрынғы режим тәрбие-леп кеткен әрі соңғы жылдары анық көрініс берген, жасырын нысаннан ашық күйге ауыскан "қадир-қасиеттерінің" әлі де толық емес жиынтығы осы.

Бұл проблеманың екінші бөлігі кәсіпорындардағы менеджерлер корпузынын мүлде тәмен сапасы болып табылады.

Жағдайды оналту үшін көп іс істелді, соның ішінде кей сәтте отаршылық әдістерін де қолдандық. Бірақ бұл проблеманың басым проблемалар қатарында турғаны айқын.

Мемлекет басшысы ретінде мен бір нәрсөні айтуға тиіспін. Шенеуніктердің жаңа жағдайға бейімделуі үшін біз бөле алатын уақыт өтіп кетті. Ендігі жерде өзге адамдардың есебінен жарылқаушы болуға, елдің дамуына нұқсан келтируге болмайды. Осы зиянды әдеттердің қаулап өсу әлеуетіне түбірінен

балта шауып, Үкімет аппараты мен мемлекет қызмет реформаларын жеделдеть қажет.

Ақыр соңында, бізге заңдарымыздың жартықештігіне және тұрлаусызығына көңіл бөлу қажет. Үйдің іргетасын қалау жеткіліксіз – оның қабаттары, қабырғалары мен шатыры болуы қажет. Мұның өзі – инвестициялық ауанды жақсартуға, кедейшілікті азайтуға, қылмыс біткенді құртуға және әлеуметтік саланы дамытуға қатысты маңызды мәселе.

Мен теріс факторларды оң факторлармен қатар үлттық стратегиямызды іске асыру үстінде өзіміз ұшырасуға тұра келетін міндеттерді белгілеу үшін санамалап өттім. Мықты тұстарымыз бен мүмкіндіктерімізді, сондай-ақ әлсіз тұстарымыз бен елімізге келер қатерді бөліп атай отырып, олардың уақыт кеңістігіндегі серпінділігін әрі диалектикалық тұрғыда өзара байланыстырылышын назарда ұсташа қажет. Мүмкіндігіміз қатерге ұласуы да, керісінше болуы да мүмкін. Бүгінгі мықты тұстарымыз әлсіз тұстарымызға айналуы және керісінше болуы да мүмкін.

Біз қандай шамада мүмкіндіктерімізді пайдаланып, қауіп-қатердің алдын аламыз, өзіміздің онымызды еселеп, терісімізді азайтамыз, бұл біздің өзімізге, мақсаттар мен басымдықтарды дәл қоя білуімізге, оларды уақтылы әрі оралымды іске асыруымызды байланысты.

## II. ҚАЗАҚСТАН МҰРАТЫ

*Алдыңда не құтіп тұр, соны ойла.  
Игі мақсатқа тұра жүрген жетеді.*

*Фирдоуси*

*Қай портқа бөт алғанын білмөйтін  
кеменің желі де онынан тұрмайды.*

*Сенека*

Бүгін біз зор мүмкіндіктер табалдырығында тұрмыз. Азияның ең кедей елдерінің кейбірінің отыз жыл ішінде қайыршылықтан оқалып, индустрологиялы мемлекеттерге айналғанын сіздердің көвшілігініз білесіздер. Алғашқылары Корея, Тайвань және Сингапур болса, ал қазір оларға Малайзия, Индонезия және Тайланд қосылды. Біздің ұлы көршіміз – Қытай жоғары қарқын танытып отыр. Үндістан мен Бразилия да өз қуатын еселей түсіп келеді. Бізге достас Ресей де жуық арада ұлы елдің жаңа келбетіне ие болады деп шынайы үміт артамыз және оған сенімдіміз.

Осыдан қырық жыл бұрын Сингапур өз тәуелсіздігін алған кезде, жан басына шаққанда 200 долларға жетпес табысы бар әлемдегі ең кедей елдердің бірі еді. Бүгінгі таңда сингапурлықтардың жан басына шаққанда 20 мың доллардан асатын табысы бар. Өзінің халқы, этникалық құрамы жөнінен

және басқа да "көптеген" параметрлері бойынша бізге ұксас ел, Малайзия да 20 жылға жетпейтін уақыт ішінде өз азаматтарының өмір сүру деңгейін 10 есе арттыруға қол жеткізді. Осындай табыстарының нәтижесінде бұл елдер құллі әлемде Азия Жолбарыстары ретінде танылып отыр.

Қазақстан өзінің қуллі мүмкіндіктерімен нақ осындай нәтижеге қол жеткізе алмайды дейтін себептер бар ма? Ондай себептер жоқ. 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін.

Бізде жолбарыстар жоқ, ал тауларымызда тіршілік ететін қар барысы дүниежүзілік қоғамдастыққа онша таныс емес.

Жануарлар әлемінде жолбарыс туыстас болғанымен барыстың өзіндік ерекшеліктері де бар.

Бұл – өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын Барыс болмақ. Ол ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды әрі тікелей соқтығыстардан бойын тартатын болады. Бірақ егер өзінің еркіндігі мен тұрағына, үрпағына қатер тәнген жағдайда, ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады.

Осы сырттай да серпінді болуға және семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмауға тиіс: әйтпеген күнде ол қатаң табиғи ортада өмір сүре алмайды.

Ол жаңа асулар мен шыңдарды бағындыруда, мақсатына жетелейтін елеусіз, бірақ сенімді соқпақтарды іздестіруде табанды да бірбеткей болуға тиіс.

Ол қауіп-қатерден қаймықлауға, тоқшылықтан босаңсымауға тиіс.

Ол өз үрпағын баулыған кезде: оны баса-көктей келген қонақтардан қорғай отырып, аузындағы дәмдісін соның аузына тосуға, оның саулығына, өресі мен пайымына нәр беруге тиіс, сөйтіп кез келген ортадағы қатаң бәсекелестік жағдайында ерте сақайып, өз бетінше дербес өмір сүрге жетелеп, көрегендік танытады.

Ол өзі ішетін тұнық судың ылайланбауын, ал өз аясында тіршілік ететін табиғат пен тыныстайтын ауасының жақсаруын қатаң қадағалап отыратын болады.

Ендеше қазақстандық Барыстың бойына дамудың алдыңғы қатарлы үздік деңгейіне үстелген Батыстың талғампаздығы да, Шығыстың кеменгерлігі мен тәзімділігі де тән болуға тиіс.

Ол өзінің талпының-ұмтылыстарында, женістері мен сәтсіздіктерінде бір ананың сүтін тел емген өзінің бауырлары – өзбек, қырғыз және басқа да Орталық Азия барыстарымен дәйім бірлікте болып, олардың өрлеуі мен жетістіктерін мақтандырып тұтатын болады.

Дегенмен 2030 жылғы осындай Қазақстан өзінен-өзі пайда болмайды. Оны біз өз қалауымызбен және табысқа жетуге талпынған ерік-жігеріміз арқылы түрғызамыз. Егер біз осы мүмкіндікті сәтімен пайдалана алмасақ, егер біз болашағымызға жоспар құрмай және бүтінгі күні нақты іс-қимылдарды

іске асырмай, күндер мен апталарды ұысымыздан шығарып алсак, егер сәтсіздікке ұшырасақ, онда өзімізден басқа ешкімге кінә арта алмаймыз.

Еш нәрсеге бірден қол жетпейді. Табысты әрі тұрақты дамуға объективті түрде белгілі бір сатылар тән, оған құлашты бір сермегеннен жетуге болмайтыны да белгілі.

Салауатты әрі ғулденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен Қарулы Құштер құра алмаймыз, демографиялық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз.

Экономикалық дамудың жоғары қарқынына қол жеткізу өз кезегінде саяси тұрақтылық пен тұрлаулылықты, қуатты әрі нысаналы реформаларды талап етеді. Ал бұл үшін Президенттің саясатын іске асуруға, ескінің қарсылығын еңсеруге әрі күмәнданданушыларды соңынан ерте білуге қабілетті көсіпқой, зерделі, батыл және отансуйгіш Үкімет қажет.

Бұл жұмыста табысқа жету Қазақстан азаматтарының қолдауына байланысты. Ал мұндай қолдау адамдар істің оналуға беталысы мен әділеттілікке көзі жеткен жағдайда ғана көрсетіледі. Нақ сондықтан адамдардың әл-ауқатының өсуі біздің күллі құнделікті жұмысымыздың куре тамыры болуға, ал сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курс батыл жүргізілуге тиіс.

Осындай болашақтың іргесін тұрғызу үшін және алған бағытымыздан ауытқымас үшін, біз өзіміздің нені қалайтындығымызды білуге тиіспіз. Сондықтан ұзақ мерзімді кезең жайында айтқан кезде, мен, мемлекет басшысы ретінде, біздің еліміздің мұраты: ұлттық біртұтастық, әлеуметтік әділеттілік тән әрі күллі халқының экономикалық әл-ауқаты артқан тәуелсіз, ғулденген және саяси тұрақты Қазақстанды сомдау деп санаймын.

Барша қазақстандықтардың ғулденуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы – өзіміз орнатсақ дейтін Қазақстанды сипаттайтын өрелі сөздер, міне осылар. Біздің ілгері жылжуымызға қарай бұл сөздер әрдайым біздің ізашарымыз болып қалуға тиіс.

Мен өзіме 33 жыл өткеннен кейінгі Қазақстанды қалай елестетемін? Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз үрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар, бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, аbat, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады.

Біздің балаларымыз білігі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, магазиндердің иелері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен фабрикалардың иелері, биржа делдалдары және спортшылары болады. Олар мұнай, газ бен электр қуатын, тамақ өнімдерін өндіретін әрі олармен әлемдік экономиканы қамтамасыз ететін болады. Қөшшілігі халық тұтынатын жоғары технологиялық тауарларды және әлемдікрынокта өзінің арзан бағасы мен үздік сапасына орай жо-

ғары сұраныспен лайдаланатын өнімнің көптеген басқа да түрлерін өндіруші болады.

Біздің жас үрпақтың кей өкілдері мемлекеттік қызметке тұрады. Олар жоғары ақы төленетін, жақсы оқытып-үйретілген, Қазақстан мен Қазақстан халқының мұдделерін өздерінің жеке мұдделерінен жоғары қоятын мамандар бола отырып, жаңа дәуір жағдайында жұмыс істейтін болады.

2030 жылдың азаматтары мемлекеттің өздерінін құқықтарын қорғайтынына және мұдделерін биік ұстайтынына сенімді болады. Бұл ретте олар қолайсыз жағдаяттар себебімен өмірден өз орнын таба алмай, мемлекетке әлеуметтік көмек сұрап жүгінуге мәжбүр болған аз ғана адамдарға да мемлекеттің қамқорлық жасайтынын біletін болады.

2030 жылғы Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуға тиіс. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйлеріміз бен бақтарымызға енбейтін болады. Біздің балаларымыз бен балаларымыздың балалары кінәрәтсіз жағдайда толыққанды өмір сүретін болады.

2030 жылдың біздің үрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады. Олардың Қазақстанды Еуразияның орталығы бола отырып, жедел өркендер келе жатқан үш аймақтың – Қытайдың, Ресейдің және Мұсылман әлемінің арасындағы экономика мен мәдениетті байланыстыруши буын рөлін атқаратын болады.

Оны барлық ұлттар үшін тең мүмкіндіктер барына сенімді, бірақ бәрінен бұрын өздерін Қазақстанның азаматтарымыз деп санайтын көптеген ұлттардың өкілдері мекендейтін болады.

2030 жылғы Қазақстан әлі де барынша кемелдене алмайды. Ол әлі әлемдегі ең бай, ең білімді, ең дамыған ел бола қоймайды, бірақ ол күрделі жолдан ойдағыдай өткен және дамудың келесі кезеңіне нық қадаммен аяқ басқан ел болады.

Әрине, мұның бәрі – болашақты ой көзімен көру, оның моделі, асқақ мұрат, арман ғана. Сіздердің көвшілігіңіз бұл мұратты кей кезде ең қарапайым нәрсенің өзі жетіспей жататын бүгінгі тіршілікпен салыстырып, мұны қиялға балап, аты мысқылмен езу тартуларыңыз да мүмкін.

Бірақ олай емес. Мұның бәріне де қол жеткізуге болады әрі әлемдік тәжірибе бұл жоспарлардың ақықаттығын қуаттап отыр. Иә, бүгін бәрімізге қыын түсіп отыр. Оңай болған кезі бар ма? Біздің аталарымыз бен әкелеріміз осы жұз жылда қандай жеңіл кезді бастан кешірген екен? Азамат соғысы, аштық пен жұт, жаптай құбын-сүргін, Ұлы Отан соғысы немесе соғыстан кейінгі күйзеліс жылдары оларға оңай тиді дейсіз бе? Өткен ғасыр мен оның алдындағы ғасыр жеңіл болып па? Әрине, бұл – тарих. Тіпті бүгінгі күні де жер бетінде 800 миллион адам жыл сайын асқа жарымай, аштықты бастан кешіруде, талай жүздеген миллион адамдардың баспанасы жоқ, миллиондар қанды соғыстарда қаза тауып жатыр.

Ендеше, біз неге аһылап-үйілей береміз, ішкі қуатымызды қысыр сез бен күнкілге несіне жұмсаймыз?

Кез келген сыннан бірлігіміздің, күш-жігеріміздің және болашаққа деген сеніміміздің арқасында абыраймен шыққанымызды ұмытатында зердеміз сонша қысқа ма еді? Тәулік бойы тыным таптай жұмыс істеп, аш құрсақ жүрсек те, аузымыздагыны балаларымызға жырып беріп, олардың ертең жақсы өмір сүретініне сенген едік қой.

Бүгін және ертең дәл осылай істеуімізге не кедергі? Ендеше неге уайымға салынып, еңсемізді түсіріп жібердік? Ендеше еліміздің алдында, әрқайсымыздың алдымыздың орасан зор мүмкіндіктер ашылған осындай кезде, ең бастысы, бұрын ешқашан еншімізге тимей келген еркіндікке қолымыз жеткен кезде мұннымызға не жорық! Барлығы тек өзімізге, сенімімізге, ерік-жігерімізге, бірлігіміз бен еңбегімізге байланысты. "Ел мен үшін не істей алады деп сұрамаңыз, ел үшін өзім не істей алам деп сұраңыз".

Джон Кеннедидің американ халқына арнаған үндеуіндегі осы бір сөздер біз үшін бұрынғы қай кездегіден де гөрі көкейімізден шығып тұр.

### III. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМ МАҚСАТТАР МЕН ОЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

*Бұл өлемде ең бастысы – біздің қай жерде тұрғанымыз емес, қандай бағытта жылжып барамыз – міне, сонда.*

Холмз

Біздің еліміз мен айтқан перспективаларға қол жеткізуі үшін мынадай ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет:

1. Ұлттық қауіпсіздік. Аумақты тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары, ашық нарықтық экономикаға негізделген Экономикалық өсу. Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.

4. Қазақстан Азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. Барлық қазақстанның тардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

5. Энергетика ресурстары. Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

6. Инфрақұрылым. Әсіресе Қөлік және байланыс. Осы шешуші секторларды үлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту.

7. Қебі мемлекет. Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтардың әрқайсысы үшін біз бір жылдық, үш, ал кейіннен бес жылдық жоспарларда белгіленген нақты іс-қимылдарға күш-жігерімізді жұмылдыра отырып, стратегиямызды талдап жасауға және оны дәйекті түрде іске асыруға тиіспіз.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтар мемлекет пен біздің азаматтарымыздың күш-жігерін жұмылдыру үшін қызмет етуге, еліміздің бюджеті мен кадр саясатын қалыптастыру кезінде өлшемдер негізіне алынуға тиіс.

## 1-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІК БАСЫМДЫҚ: ҮЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Сақтықта қорлық жоқ.

### Халық даналығы

Адамзат дамуының бүкіл тарихи тәжірибесі мемлекеттің алға басуы және тұрақты өсуі жүзеге асырылатын қажетті шарттардың бастауында оның үлттының қауіпсіздігі мен мемлекеттілігінің сақталуы тұрғанына күә. Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, үрпақтарға қалдыру қажет. Біздің үрпақ еңсере алмай, өздеріне қалдырыған ауыртпалықтар, қыыншылықтар мен проблемалар үшін болашақ үрпақ кешірер. Егер біз өз мемлекеттілігімізден айрылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, өз жерлеріміз берін ресурстарымызды қолымыздан шығарып алсақ, бізге кешірім жоқ. Әрине, болашақты бағамдаудың мұндай қисыны кез келген ішкі және сыртқы жағдайларда ұзақ мерзімді кезенге арналған Қазақстан саясатының стратегиялық бағыты үшін уақыты жағынан үздіксіз болуы керек. Бұл Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының бірінші стратегиялық басымдығы болуға тиіс.

Қауіпсіздіктің басымдығы анық: егер еліміз қауіпсіздігін сақтамаса, онда тұрақты даму жоспарлары туралы сөз қозғауымыздың өзі қисынсыз. Бабаларымыздың өз мемлекеттің іргетасын қалауы мен дамытуын шолып қарағанда, олардың өз мемлекеттілігін сақтап қалу үшін тарихи ауыр және қатал күрес жүргізгенін айқын көрсетеді. Осы стратегиялық міндеттің шешімін үнемі іздестіру қажеттігі бізден қалыптастып отырған жағдайды геостратегиялық күштермен және олардың өзгеру серпінімен теңдестіре байсалды әрі бар-бар бағалауды талап етеді.

Қазақстанның қазіргі кездегі және жақын болашактағы үлттық қауіпсіздігіне төнуі ықтимал қауіптің тікелей әскери басып кіру және мемлекеттің аумақтық тұтастығына қатер төндіру сипатында болмайтынын біз түсінеміз. Ресейдің де, Қытайдың да, Батыстың да және мұсылман елдерінің де бізге шабуыл жасауға итермелейтін сылтауы жоқ екені айдан-анық. Бұл тыныштық пен тұрақтылықтың болжап білуге болатында қашықтығы Қазақстанның экономикалық әлеуетін тиімді нығайту үшін пайдаланылуға тиіс, соның негізінде біз үлттық қауіпсіздіктің сенімді жүйесін құра аламыз.

Өз қауіпсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуға және көршілерімізben берік және достық қарым-қатынаста болуға тиіспіз. Сондықтан ең жақын және тарихи достас көршіміз Ресеймен арадағы сенім мен тенқүқылы қарым-қатынасымызды дамытып, нығайта береміз. ҚХР-мен өзара тиімді негіздегі осындай сенім мен тату көршілік қатынастарымызды жалғастырамыз. Қазақстан Қытайдың гегемонизмге қарсы, көршілес елдермен достыққа бағытталған саясатын құптаиды.

Біз Орталық Азия мемлекеттерімен байланыстарымыз бен интеграциялық процестерді қүшайте береміз.

Таяу және Орта Шығыс елдерімен де қарым-қатынастарымыз тиісті деңгейде нығая береді.

Біздің стратегиямыздың екінші құраласы – Америка Құрама Штаттарын қоса алғанда, басты демократияшыл индустріясы дамыған мемлекеттермен байланысын қүшайту. Бұл елдер тәуелсіз және гүлденген Қазақстанды құрудың өздерінің үлттық мұдделеріне сай келетінін үғына бастады.

Үшіншіден, БҰҰ, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік, Азиялық, Еуропалық және Ислам даму банктері сияқты халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен қолдауын барынша пайдаланамыз, бұл Қазақстанға халықаралық қауымдастық тарапынан қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Біздің стратегиямыздың төртінші элементі – еліміздің үлттық егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау үшін сенімді негіз бола алатын бай табиғи ресурстарды игеру.

Бесіншіден, біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз. Халық пен мемлекет арасындағы бұрынғы тығыз байланыс едәуір босаңсып кетті, ал жеке мен мемлекеттік мұдде арасындағы жаңа байланыс әлі қалыптаса қойған жоқ. Бақытымызға орай, бұқаралық санада адамдар мен мемлекет мұдделерінің ортақтығын түсіну пісіп-жетіліп келеді. Адамдардың тұрмысының жақсаруына орай, ол сезімнің нығая беретініне күмәнім жоқ. Бұл әр азаматтың жақсы тұрмысының ол өзі тұрып жатқан мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігіне байланысты екені сияқты, бір қарағанға, қарапайым ақиқатты пайымдауды жеделдетеді.

Біздің ұжымдық қауіпсіздігіміз қамтамасыз етілгенде, әрбір адам өзінін жеке мұдделері ғана қамтамасыз етіліп, ал қоғам қауіпсіздігі қыл ұшында

тұрғандағыға қарағанда өлдекайда көп нәрсе үтады. Егер еліне қауіп төніп тұrsa, жеке адам қаншалықты сәтті өмір сүргенімен, ол бәрібір қорғансызыңдың күнін кешеді. Қоғамдық мұдденің жекеменшік мұддеден басым екенін көрсете отырып, мұны өсіресе біздің ұлттық капиталымыздың өкілдері терең пайымдауға тиіс.

Бізге деген ниеті теріс күш иесі өзінін, оны қолданбақ әрекетіне немесе қатер төндіруіне қарсылық көрсетілетінін алдын ала білу үшін біз әлемге бірлігіміз бен тәуелсіздікке деген ерік-жігерімізді, азаматтығымыз бен отансүйгіштігімізді паш етуге тиіспіз. Айқын азаматтық тұғырымыз болмайынша, стратегияның тәуелсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған басқа элементтерін ойдағыдай іске асыру ете қынға түседі.

Қорғаныс саясатымызға келетін болсақ, біздің бейбітшілік сүйгіш халық екеніміз және ешкімнің жеріне, ресурстарына, байлығына көз тікпейтініміз баршага аян болуға тиіс. Жеріміз де, мол қазынамыз да өзімізде жеткілікті, ал дәүлетті өз еңбегімізben еселей береміз.

Бірақ біз басқа елдермен өзіміз қандай қарым-қатынаста болсақ, Қазақстанға қатысты дәл сондай қарым-қатынасты талап етеміз және кез келген тосын жағдайларға әзір тұрамыз.

Біздің дәүірімізде, әлемнің өскери егестен алыстауына орай бәсекелестік өскери саладан саяси және экономикалық салаға ойыса бастады. Біз бұл үрдістің бел алатынына сенеміз және бейбітшілік орнап, тату көршіліктің қалыптасуына бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Сонымен қатар біз Қазақстанның өзінің экономикалық дамуына орай, дүниежүзілік экономикаға дәйекті енүі елді өскери-саяси, экономикалық және конфессионалдық сипаттағы әр түрлі аймақтық қақтығыстардың тосын иірімдеріне тартып әкетуі мүмкін екенін де түсінуге тиіспіз.

Міне, сондықтан да қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысында сөзсіз басымдық біздің сыртқы саяси қызметімізге және Қазақстанның өз көршілерімен, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен өзара тиімді қарым-қатынасының берік тұғырын қалыптастыруға беріледі.

Бүгін, жиырмасыншы ғасырдың аяқ шенінің өзінде, Екінші дүниежүзілік соғыс пен қырги-қабақ соғыстан алынған сабактан кейін де, әлемнің блоктар мен одақтарға бөліну қаупі жойылған жоқ. Бірақ бұл жол Қазақстан үшін қолайлы емес, біздің бес элементтен тұратын стратегиямыз осыған келіп саяды. Еліміздің этникалық құрамы соншама алуан түрлі болып келеді, біздің мұдделеріміз де өте маңызды, ал келешегіміз де өте зор, сондықтан да біз қандай да бір елмен арадағы қарым-қатынасқа тәуелді болып қалуға немесе соған ғана иек артуға жол берे алмаймыз.

Қазақстан халқы мен Қазақстан Үкіметі бар күш-жігерді ірі ұлтаралық капитал үшін тезімді және оңтайлы экономикалық өріс құруға жұмсауға, өлімізге ұзақ мерзімді инвестициялар тарту үшін "Ықыласты рай" туғызуды көтермелеге тиіс. Біз қандай да бір тайталасты өскери жолмен шешуге

барынша қарсы тұрып, "жақсы араздықтан жаман татулық жақсы" дейтін қағиданы үағыздауға тиіспіз. Жақын және алыс болашақтағы ұлттық мұдделерді қорғау мен күштердің теңдестігін қамтамасыз етудегі біздің мықты құралымыз, ынтымақтасу саясатын алдымен Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстан арасындағы Орталық Азия Одағының нығайтып дамыту, басқа мемлекеттердің ісіне арапаспау, қарсы тұрудан ғөрі татулық ахуалын басым ұстай саясаты болуға тиіс.

Әскери қақтығыстардың жосықсыз екенін әлемнің ұғынғанына зор сенім артсақ та, парасатты мемлекет басқа үкіметтердің үедесіне сеніп қана қоймай, өз елінің қуатына да сүйенетінін ұмытлағанымыз жөн.

Сондықтан Қарулы Күштеріміздің құрылышы мен жаңартылуына, олардың кәсіби даярлығы жауынгерлік өзірлігінің деңгейіне және оларды қарудың осы заманы құралдарымен жарактандыруға зор басымдық берілетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезге сай әрі тиімді армиясын, әскери әуе және әскери теніз қүштерін құру үшін бізге материалдық бөлімді, жеке құрамды және оны оқыту жөніндегі жұмысты нығайту керек. Мұның өзі Қарулы Күштерге бөлінген және будан былай да бөлінетін бюджет қаражатын үнемді және тиімді жұмсауды тұрақты түрде талап етеді. Бұған қоса аймақтық қорғаныс жүргін бөлісу үшін еліміз өз көршілерімен ынтымақтасатын болады.

Қауіпсіздік пен тұтастық мәселелерінде біз үнемі қырағы болуға тиіспіз. Біздің көрсетіп отырған және болашақта да көрсете беретін ізеттілігіміз бен меймандостығымыз тіпті де аңқаулық пен кіріптарлықтың қөрінісі емес.

Ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне мықты демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуға тиіс. Егер біздің мемлекеттік органдарымыз бұған бұрынғысынша неміңдайдылықпен қарайтын болса, онда біз XXI ғасырдың қарсанында Ресейдің артынан адам саны сыртқы көші-қон процестерінен ғана емес, табиғи жолмен кемі беретін "демографиялық оппа" жағдайына тап боламыз. Бұл тенденция дереу тоқтатылуға тиіс.

## 2-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІК БАСЫМДЫҚ: ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ТОПТАСУЫ

Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ.

Төле би

Тату көршілік – бірінші кезектегі міндет, алайда елді ішкі алауыздық жайласа, ол шешілмейді. Егер әр түрлі топтар оларды мұдделердің – саяси, идеология, діни, этникалық немесе таптық мұдделердің біріктіретініне қарамастан, қарама-қарсылық күйде болса, бұл халықты ортақ игілікке қол жеткізу мен өзінің ұлттық мұдделерін іске асыру мақсатынан жаңылыстыратын қауіпті жағдайға әкеп соғады. Бұл жерде әнгімे тікелей қарсыластық немесе соғыс жағдайы туралы да болып отырған жоқ. Солтүстік Ирландия, бұрынғы Юго-

славия, Перу, Ауганстан, Камбоджа мен Руанда және басқа да елдер ешбір өркениеттің, ешбір мәдениеттің алауыздықтың ауыр салдарынан сақтандырылмағанын дәлелдеп отыр.

Бірлікке апаратын жолдағы бұрынғы кедергілерді жойып, әдетке, құштарлықта, ерекше мүдделерге, дінге, жас қарайластығына немесе басқа факторлардың қайсысына негізделгеніне қарамастан, жаңа кедергілерді болдырмау – біздің міндептіміз. Диалогтың ықтимал барлық нысандарын көтермелеу, сондай-ақ адамдар арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынасты қүшейту арқылы біз біртінде ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз.

Қоғамның негізі болып табылатын бұл басымдықты жүзеге асырудағы біздің стратегияммыздың мынадай құрамдас бөліктері бар:

- еліміздің барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің тенденгіне негізделген бірыңғай азаматтықмызды дамытатынымызға кепілдік беру;

- этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуын, барлық этникалық топтар құқықтарының тәң болуын қамтамасыз ету;

- қоғаммыздың дәүлеттілер мен жарлылардың арасындағы айырмашылықты азайту және ауыл проблемасына үнемі ерекше көніл бөлу;

- өтпелі және кейінгі кезеңдерде пайда болатын әлеуметтік проблемаларды ұдайы шешіл отыру;

- ұзақ мерзімді болашақта саяси тұрақтылықты да, қоғамның топтасуын да қамтамасыз ететін бай Қазақстанды барынша жігерлі түрде қалыптастыру;

- адамдар арасындағы қарым-қатынас пен коммуникациялық байланыстардың барлық нысандарын дамыту;

- әр түрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынастарды нығайту.

Бүгін "Біздер – қазақстандықтар кімдерміз?" деген сырттай қарағанда қарапайым сауалға кез келген адам бірден жауап бере алмайды. Өзін-өзі бірегейлендіру проблемасын шешу үшін уақыт пен белгілі бір тарихи даму кезеңі қажет болады.

Коммунистік режим 70 жылдан астам уақытта бірыңғай кеңес халқын ақыры қалыптастыра алмады. Орталықтан шыққан көп ұлтты елдердің көпшілігі ондаған жылдар өткеннен кейін де бұл процесті аяқтай алмады. Бізде де бұл сезім қалыптасып, орнықанға дейін бірнеше ондаған жылдар етеді.

Бірақ қазірдің өзінде бізді біріктіретін бірқатар факторлар бар. Бұл – өз шекарамыздың шегіндегі жеріміз, оны көркейткен ата-аналарымыз, сәтсіздіктердің ауыртпалығын бірге көтеріп, жетістіктеріміздің қуанышын бірге білісken ортақ тарихымыз. Бұл – келешекте осы жерде бірге тұрып, бірге жұмыс істейтін біздің балаларымыз. Сондықтан біздің әрқайсымызды өз ата-анамыздың алдындағы борышымызды ұғыну мен балаларымыздың өмірін

одан әрі жақсарта түсуге деген ұмтылышымыз біріктіреді. Бұғынгі танда осы айқын мақсаттар бірлік пен топтасу үшін нақты тұғыр болып табылады.

Тәуелсіздік пен реформалардың алғашқы жылдарында біз коммунистік-ұжымдық негіздерден жекеше-дарашилдыққа қарай ыға бастадық. Жекеменшік дарашилдықтың жедел дамуы құндылықтар бағдарын ауыстыруға ғана көмектесіп қоймай, этникааралық қарама-қайшылықтардың терең тамырларын қыып, олардың әлеуетін кемітүге де ықпал етті.

Алайда шовинизм мен ұлтшылдық әлі толық ұмтытыла қойған жоқ. Мұндай процестерді қыздыра түсу өрекеттері халықтың көпшілігін қызықтырмайды, керінше олардың наразылығын тудырады. Русофобия күрт кеміп, қазақ дәстүрлері мен тілінің қайта өрлеу үрдісі табиғи құбылыс деп қабылданатын болды. Қоғам этникааралық проблемаларды бұрынғы жылдарға қарағанда анағұрлым байыппен, сындарлы және ашық талқылайтын болды.

Біздің нарыққа қарай басқан космополиттік және интернационалдық қадамымыз этникааралық қарама-қайшылықтарды әлсіретіп, зор қызмет атқарып отыр. Еркін нарық та мемлекеттің бара-бар рөлінсіз кіршікіз емес, ол маятник сияқты құндылықтардың бір жүйесінен екінші жүйесіне ауысу жылдамдығын алғаннан кейін бізге қажет тепе-тендік нұктесінен ендігі аттап кеткен тәрізді. Бұғын қарсы тұрудың жаңа полюстері – кедейлер мен байлар арасындағы, басқарылатындар мен басқарушылар арасындағы, село мен қала арасындағы қарсылық полюстері ашылды.

Бұл алшақтық жалпы қабылданған шектен тыс деген түсінік қоғамда пісіп-жетілді. Егер Қазақстан бай адамдардың шағын тобы бар мемлекет болса, өмірге төзімділіктің төмендеуі мен ішкі-сыртқы тұрақсыздық салдарынан, жақсы дегенде, әуре-сарсанға түседі. Біз кедейлер мемлекеті болып көрдік. Мемлекет ең алдымен орта таптың – фермерлердің, "ақ жаға-көк жағалылардың", интеллигенцияның, ұсақ буржуазияның мұддесін білдіруге тиіс. Кезінде большевиктердің осы топтардың барлығына шүйліккені тегін емес. Олар капитализмнен коммунизмге өту үшін басты соққыны қайда бағыттау керек екенін білді. Олар капиталистік мемлекеттің тірегіне соққы берді. Бізді кулактарға, "шірік интеллигенцияға", Жұмысшы ақсүйектеріне, ұсақ саудагерлерге қарсы қалай тәрбиелегенін еске түсірейік. Қөвшілігімізде жек көрушіліктің орнығып қалуы осыдан емес пе екен?

Ішкі саяси тұрақтылық пен даму үш тапқа да: байларға, орташаларға және кедейлерге сүйенеді. Олардың барлығы да қазіршे қоғамда болады. Бірақ, әрине, қалыпты өркениетті арақатынаста болуға тиіс.

Қала мен село арасындағы қарым-қатынаста жіктелу айқын көрінді. Мұнда жіктелудің терең процесі жүріп жатыр және бұл ретте алшақтық үнемі ұлғая түсуде. Село таяудағы он жылда, нарықтық өзгерістерге қосымша серпін беру және әлеуметтік проблемаларды шешуге ерекше көніл бөлу, инфрақұрлымын дамыту тұрғысынан басым сала болуға тиіс.

Біз селодағы жұмыс күшінің көптеп босауына, село тұрғындарының қалаға көшуінің ұлғайып, урбанизация процестерінің дамуына әзір болуға

тиіспіз. Село бүгін: жалақы, зейнетақы төлемеу, артта қалушылық, кедейлік пен жұмыссыздық, әлсіз инфрақұрылым, білім беру мен денсаулық сақтау, экологиялық апат сынды барлық негізгі әлеуметтік проблемалардың өзегіне айналды. Әйтсе де, мұнда демографиялық әлеует өте жоғары.

Орталықтан қындықпен "жиналған" қажетті ресурстар қалаларда қалып қойып, селога жетпейді. Мұндай "жайылыңқы" саясатты доғару керек. Қысқа мерзімде селодагы барлық өзгерістерді аяғына жеткізу керек, олар қуатты және нысаналы әлеуметтік саясатпен қатар жүргізілуге тиіс.

Мұндағы біздің мақсаттарымыз айқын. Біз шаруалар мен село тұрғындарына өз өмірін көбірек қадағалауға мүмкіндік беруге, сондай-ақ осынданай бақылауды жүзеге асыруы үшін оларды құралдармен қамтамасыз етуге тиіспіз.

Бұл проблемаларды стратегиялық тұрғыдан, негізінен, экономикалық ілгерілеу арқылы шешуге болады. Мейлінше бай Қазақстан әр адамға барынша көп мүмкіндік береді. Өлемге әйгілі ұлы басшы айтқандай "судың көбеюі қайраннан барлық кемені көтереді". Біздің стратегиямыз үлғайып келе жатқан үлттық байлықтың бір бөлігін әр адамның алудына мүмкіндік беретіндегі болуға тиіс.

Ал қазіргі өтпелі кезеңде адамдардың көпшілігіне оңай болмайды, Үкіметтің де барлық адамға бірдей көмектесетіндей қарожаты жоқ. Бұл салада біздің стратегиямыз мемлекеттік көмекті халықтың ең мұқтаж топтаратына, тек соларға ғана тікелей жіберу болып табылады. Бірақ бүгін біз өз қындықтарын өзі және алатын адамдардың санын көбейтуге мұқтаж болып отырымыз.

Балаларымыздың болашағы мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қандай болатыны туралы сөз қозғағанда біз өзіміз құратын өркениеттің – біздің болашақ қоғамымыздың моделін алдын ала білуге тиіспіз. Бүгін тоталитарлық және либералды қоғам арасындағы дау жойылған кезде либералдық қоғам модельдерінің өзі әр түрлі болатыны және әр елдің өзіндік ерекшеліктері болатындығы анықталып отыр.

Негізгі айырмашылық модельдердің екі үлгісінің: ағылшын-саксон және "азиялық жолбарыстар" көрсеткен азиялық үлгілерінің арасында болып отыр. Бірқатар бағыттарда ортақ сипаты бола тұра олардың арасында үлкен айырмашылықтар байқалады. Бірінші модельге көбіне даралық, екіншісіне – коммунитаризм тән. Бірінші жағдайда мемлекеттің шектеулі рөлі уағыздалса, екіншісінде мемлекеттің жоспарлаумен белсенді түрде айналысып, жекеше сектор мен бүкіл қоғамға жетекшілік етуге тиіс күшетілген рөлі уағыздалады. Бірінші модельде көніл макроэкономикаға, екіншісінде – микроэкономикаға бөлінеді және т.с.с.

Бұдан бұрын айтып өткенімдей, бұрынғы жылдары алдымызға жедел өзгерістерді мақсат етіп қойып, белсенді түрде ағылшын-саксон нұсқасы бойынша жүрдік, бірақ бүгін біз бұдан әрі қай жолмен жүру керек деген стратегиялық сауалға жауап табуға тиіспіз. Қоғамда бұған қатысты консенсус

жоқ. Қазақстан Еуропаның кішкентай болса да бір бөлігі, тарихи тұрғыдан да біз Батыс өркениетіне ұмтыламыз дейді біреулер. Біз көбінше азиялық елміз, сондықтан "жолбарыстардың", Жапонияның, Кореяның тәжірибесін ұстануға тиіспіз дейді екінші біреулер. Біз ресейлік менталитет пен ұжымшылдық принциптерін терең сінірдік, сондықтан біздің таңдауымыз Ресейдің таңдауына сай болуға тиіс дейді үшіншілер. Төртінші біреулер біздегі халықтың басым көпшілігі мұсылмандар, сондықтан біз жаңа түркі моделін негізге алуға тиіспіз деп дауласады.

Ғажабы, бұлардың барлығының айтқаны ақиқат және сонымен бір мезгілде олардың барлығы қателеседі. Біз – өзіміздің белгілі тарихымыз бер өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтын болады. Ол өз бойына әр түрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді.

Алдымызға екінің бірін таңдал алу керек деген мәселені қоймаймыз. Біз екеуін де, іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеген барлық өркениеттердің ең соңғы жетістіктерін пайдаланып, диалектикалы боламыз.

Біздің моделіміз қоғам дамуының әр түрлі модельдердің түйісуін бейнелеуге тиіс. Қазақстан Конституциясына сәйкес біз әлеуметтік нарықтық экономика құрудамыз. Бұл – бізге қажеттінің нақ өзі.

Біздің моделіміз басқа модельдердің элементтерін сабактастыра отырып, бірақ, негізінен, өзіміздің ерекшеліктерімізге, тарихымызға, жаңа азаматтығымызға және даму кезеңдерінің нақтылығын еске ала отырып, ұмтылыстарымызға сүйеніп, өзіміздің жеке даму жопымызды белгілейтін болады.

### ЗАК МЕРЗІМДІК БАСЫМДЫҚ:

### ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫНЫҢ ДЕНГЕЙІ ЖОГАРЫ, ДАМЫҒАН НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСҮ

Экономика негұрлым еркін болса, соғұрлым әлеуметтік болады.

Эрхард

Біздің салауатты экономикалық өрлеу стратегиямыз мықты нарықтық экономикаға, мемлекеттің белсенді рөліне және айтарлықтай шетел инвестицияларын тартуға негізделеді. Ол мынадай 10 принциптен тұрады:

Мемлекеттің белсенді рөл атқара отырып, экономикаға араласуының шектеулі болуы. Экономикалық реформалардың табысы мен олардың жекелеген участкердерде тәжелуі мемлекеттің рөлін қайта қарастыруды талап етеді.

Орталықтағы және жергілікті жерлердегі үкімет экономикаға араласудың барлық түрімен, дән себу, егін жинау және басқалармен айналысады тоқтатуға тиіс. Мемлекет жекеше сектор басты рөл атқаратын нарықтың занды

шөнберлерін құра отырып, экономикада манызды, бірақ шектеулі рөл атқаруға тиіс. Яғни, меншік құқықтарын ресімдеуге, бәсекелес рынок пен моно-полияға қарсы күресті реттеудің сенімді құралдарын құруға, фискалдық және монетарлық саясатты қолдауға, әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға, қажетті инфрақұрылымды, білім беруді, деңсаулық сақтауды дамытуды қамтамасыз етуге және мықты экономикалық саясат жүргізуге бағытталған құқықтық және нормативтік база жасауды аяқтау көзделіп отыр.

Бірақ нарық дамымаған, нарықтық кеңістік әкімшілік жүйенің қалдықтарына толған жерлерде мемлекет нарықты дамыту мен ол кеңістікті тазарту үшін араласуға тиіс. Экономиканың өзі тұрақсыз дамудың аралық кезеңінде тұрғанда, мемлекеттің реттеуши рөлі мен араласуы барабар болуға тиіс.

Жаңа әлемдік экономикалық үлгілерге сай болу үшін біз мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын едәуір көтеруге, жекеше сектор мен ұлттық капиталға жәрдемдесуге, оларды ынталандыруға және олардың белсенділігін арттыруға тиіспіз.

Осылаймен бір мезгілде мемлекеттің өзі еркін экономиканың кепілі болуы керек. Оның міндеті нарық ережелерін белгілеу, бұл ретте әділ өрі зайыпты іс-қимыл жасай отырып, ол ережелердің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Біз саналы да жігерлі халықпаз. Егер ойын ережелері айқын белгіленіп, олардың орындалуы обьективті негізде қамтамасыз етілсе, онда Қазақстан азаматтарының нарықтық экономикаға тез бейімделетініне менде күмән болмайды.

Дамыған рыноктарда мемлекет рөлінің шектеулі болатынына қарап, ол еркі мен қайратынан айрылып, енжар байқаушыға айналады деген түсінік тумауға тиіс. Керісінше, ол зандардың орындалуы үшін өте күшті, конъюнктураның өзгерістеріне даяр болу үшін құзыретті, әлемдік және отандық рыноктарды білетін, босаң және шашыранқы болмау үшін өз жұмысын белсенді жоспарлайтын болуға тиіс. Ол халықтың әр түрлі топтарының мұдделерін анықтауға, даму басымдықтарын айқындауға, жекеше сектормен тығыз ынтымақтастықта болуға және сол арқылы қоғамды біріктіре, беріктете түсуге тиіс.

Ал бүгін мемлекет қажетсіз жерлерде зор әкімшілік билікке ие болып, керісінше, рөлі жоғары болуға тиісті жерлерде енжар қалып отыр. Алайда істің мұндай күйі біздің дамуымызға кедергі болып отырғаны барған сайын айқын көрініп келеді.

Екінші жағынан алып қарағанда, салықтар мен баждарды толық ала алмай, жалақы мен зейнетакыны уақытында төлемей отырып, зандар мен жарлықтар көбінесе орындалмай отырғанда, өзімізді күшті мемлекет деп санай аламыз ба? Осылай байланысты саналы салық төлеушілер мен кәсіпорындардың адаптациясын сондай-ақ халықтың аз қорғалған жіктері үнемі зиян шеғіп отырады. Ал кәсіпорындардың осладарсыз басшылары мен салық төлемейтіндер алшаң басуда.

Бұл проблемаларды шешудің стратегиясы белгілі. Біз:

- үкіметтің әлі де орын алғып отырған сауда мен өндіріске әкімгершілік араласуын жоюға;
- жылжымайтын мүлікті, қалған ұсақ және орта көсіпорындар мен агроенеркәсіп кешенін қоса алғанда, жекешелендіру процесін аяқтауға;
- орталық үкіметті және жергілікті әкімет орындарын парасатты үйымдастыру мен оңтайландыруға, олардың рөлін, әкілеттігі мен жауапкершілігін байсалды ой елегінен өткізуге;
- сот билігі мен құқық қорғау органдарын реформалауды жандандыра түсуге;
- заңның шекіз ұстемдігін белгілеуге және заңды орындаитын азаматтарды қылмыстан қорғауға тиіспіз.

Бұған көрісінше, билік пен заңның бар күшін заңсыз жолмен, шалқып өмір сүретіндерге қарсы қолдану керек.

Соңғы үш жылдың ішінде біздің экономикалық стратегиямыз макроэкономиканы тұрақтандыру болды, бұл мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қысқарту мен қатал монетарлық және несие саясатын дәйекті жүргізуі білдіреді. Бұған біз осы мәселені шешуге бұрынғыдан да жақын тұрмыз. Бірақ бұғаңға табыстарымыз тоқмейілсуге негіз бола алмайды.

Егер елдегі инфляция асып кетсе, ұлттық валютаның бағамы экономиканың жалпы жағдайы мен біздің стратегиялық ұмтылыстарымызға сай келмесе, ал өсім ставкалары нақты сектор үшін жоғары болып, оған қол жеткізу мүмкін болмай қалса немесе нақты сипатында теріс болып отыrsa, біз алға қойған мақсаттарды іске асыра алмайдыз.

Халықаралық тәжірибелі сабактары айқын. Экономикалық жоғары табыстарға қол жеткізген кез келген ел жедел экономикалық өрлеудің алдындағы кезеңде жоғары инфляцияны жою жөнінде барлық шараларды міндетті түрде қолданған және кейін макроэкономикалық көрсеткіштерді белгіленген шекте ұстап тұруды қатаң қадағалаған. Бұл жолдан ауытқығандар сәтсіздікке ұшырады.

Бірінші Азиялық Барыс болу үшін біздің басымдықтарымыздың қатарына макроэкономикалық көрсеткіштер саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе енгізілуге тиіс.

Ол инфляция мен бюджет тапшылығының төмен болуын, ұлттық валютаның күшеюін, жинақтау нормасының жоғары болуын көздейді. Бұл рецепт Жапонияда, Кореяда, Индонезияда, Тайвань мен Чилиде іске асты. Қазақстанда да іске асады.

Біздің алдымызға не инфляция, не экономикалық өрлеу деген тандау қойылған жоқ және қойылмайды да. Түпкілікті мақсат экономикалық өрлеу екенін және макротұрақтандыру осы мақсатқа жетудің құралы ғана екенін біз назарда ұстаяуға тиіспіз. Әрине, басқа процестерге қарағанда қаржылық

тұрактанудың көптеген әлеуметтік топтардың жағдайын қындарданы белгілі. Бірақ жүйелі және құрылымдық қайта құру жағдайында басқаша болуы мүмкін де емес еді. Нарық – қатаң қаржылық жауапкершілікке толы демократия. Халықтың көпшілігі мұны енді түсінді. Әрине, макротұрақтандыруға ауыр тоқырау мен ақшаның жетіспеуі ілесе жүрді. Бірақ нақты секторды құрылымдық қайта құру жүріп жатыр, енді таяу арада ақша және тауар массасы қажетті сәйкестікке жетеді.

Уақыты келгенде өмір мен жұмыстың қын кезеңінде шынықкан адамдар да бұл дағдарыстан шығады. "Таршылышты көрмеген кеншіліктің парсын білмейді" дейді қазақ мақалы.

Инфляцияны қолайлы деңгейге түсіре отырып, біз стратегиялық құшті экономикалық ілгерілеуге бағыттаймыз. Бірақ экономикалық, тіпті жалпы мемлекеттік стратегия монетарлық саясатқа сай келмейді, сондықтан біз бүгін неғұрлым кең және барабар мүмкіндікке иеміз. Бұл орайда, таяудағы жылдарда біз назарымызды экономиканың нақты секторына, оны сауықтыруға, фискальды және монетарлық қатаң шектеулер жағдайындағы есү мен құшті әлеуметтік саясатқа аударамыз.

Ұзақ мерзімді болашақтағы макротұрақтандыру туралы әңгіме болғанда, біз осы салада пайда болатын қауіпті болдырмауға әзір болуға тиіспіз. Пайдалы қазбаларымызды игеруге және экономиканың жекелеген секторларындағы үміт артыл отырған экспорттың үлғаюы біздің валютамыздың бағамын едәуір қындыққа ұшыратып, оны көтеріп жіберуі мүмкін. Ал мұның өзі басқа салаларды, ең алдымен экспорт және қайта өндешілік салаларды "жоғалту" қауіп төндіреді.

Сондықтан валюталық нақты ақша ағымының бір бөлігін импортты кең қолданбастан игере білуіміз керек. Бірақ адам санының аз болуына және қазірше халықтың сатып алу қабілетінің төмен болуына байланысты Қазақстанның ішкі рыногы өте шағын. Сондықтан дүниежүзілік тәжірибелі және инвестициялар нарығындағы жұмыс істеп тұрған тетіктерді мұқият зерттеп алып, шетелдегі қаржы инвестицияларының стратегиясын алдын ала әзірлеу керек.

Біз аяқтаған бағаны ырықтандыруға енді күмән келтірілмейді және өзгеріс болмайды.

Жеке меншік институттары жерге деген құқықтың, сондай-ақ меншік құқықтарын және келісім-шарттардың орындалуын қорғайтын заң жүйесін құрудың есебінен нығайтылады.

Кәсіпорындарды жекешелендіру негізінен аяқталды. Енді оны, ең алдымен, аграрлық кешен мен әлеуметтік салада түпкілікті аяқтау және акциялардың айналымы процесін дәл реттеу керек. Стратегиялық сипаттағы кәсіпорындардағы акциялардың мемлекеттік пакеттері орынды пайдаланылатын болады.

Ырықтандыру жолында біз үлкен жетістіктерге жеттік, бірақ ауыл шаруашылығында, өндірістің бірқатар салалары мен әлеуметтік секторда на-

рыктық қатынастар төмен деңгейде қалып отыр. Өндірістік сектор бүтіндей дерлік меншік иелері алдында есеп бермейтін немесе есеп бергенсітін олақ және жемқор басшылардың іс-әрекетінен туған төлем жүйесі дағдарысынан зардап шегіп отыр.

Көптеген ірі рыноктар арасындағы байланыстыруышы буын ретіндеңі біздің жағдайымыз ашық экономика мен еркін сауда құруды талап етеді.

Тұйықтық пен өз рыногын оқшаулау әрекетінен гөрі мұндай саясат елдер мен құрлықтар арасын әлдеқайда жылдам жалғайды.

Біздің үлттық капиталымыз кішкентайынан бастап шынығып, өз рыноктарында күресуге даяр болуға тиіс. Бұл – ете курделі міндет, бірақ онсыз ол ертең сыртқы рыноктарда жеңіп шыға алмайды. Бірақ қазір ол жас әрі әлсіз болып тұрғанда, жаңадан тәй-тәй басып келе жатқанда қорғансыз жағдайда түр, мемлекет оны қанатының астына алып, жылдам аяғына нық тұруына көмектеседі.

Ішкі рыноктары шағын бола тұрып, аса биік экономикалық нәтижелерге қол жеткізген елдерді өзін-өзі оқшаулау жолын таңдал алған елдермен салыстыру, жабық рыноктары, шектен тыс мемлекеттік реттеу, сондай-ақ шаرعاшылық жағынан даралануға қол жеткізу әрекеттері қысқа мерзімді экономикалық табыстарға алып келгенмен, түбінде сәтсіздікке ұрындырары бізге мысал болып отыр.

Өзіміздің энергетикалық және өзге де табиғи ресурстарымызды игеру жалғаса береді. Оның мақсаты – экспорттан экономикалық өрлеумен қатар, елдің саяси тұрақтылығына, сондай-ақ оның үлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесетін табыс алу.

Шетел инвестицияларын тиісінше қорғауды және пайданы кері қайта-рып алу мүмкіндіктері бұрынғысынша назарда бірінші кезектегі мәселелер қатарында ұсталады. Экономиканың бірнеше секторы бар: табиғи ресурстарды игеру, инфрақұрылым, коммуникациялар және ақпарат, еліміз үшін бұлар тұрақты маңызға ие. Осы салаларды дамыту экономикалық өрлеуге ғана емес, әлеуметтік салаға да, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кіргігіне ықпал етеді. Бұлар капиталды қажет ететін салалар, оларды дамыту үшін шетел капиталымен қатар мемлекеттің қатаң стратегиялық бақылауы қажет. Бірақ тіпті Адам Смиттің де мойындағанындей, жекеше секторды қызықтырмайтын кейбір қоғамдық мұқтаждар да бар. Мұндай жағдайларда және осы мұқтаждарды қамтамасыз етудегі соңғы шара ретінде мемлекет оны өз мойнына алады.

Аймақаралық ірі көлік орталығы ретіндеңі біздің бағытымыз шетел инвестицияларының неғұрлым бәтуәгер режимін орнатуды талап етеді. Тек осылайша ғана біз қаржы мен білімнің қажетті ағынын тартып, өз мүмкіндіктерімізді және шетелдермен тұрақты сауда айырбасын дамыта аламыз.

Әділ әкімшілік бүлжытпай орындастын, анық тиімді және қатаң ұстана-тын заңдары бар ашық және бәтуәгерлік инвестициялық саясат шетел инвестицияларын тартудың барынша қуатты ынталандыру тетігі болып табылады. Мұндай саясатты талдап жасау біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болуға тиіс, өйткені Қазақстанның шетел капиталының, технологиясының және тәжірибесінсіз жедел экономикалық өрлеу мен жаңартуға қалай қол жеткізетінін көз алдымызға келтіру қыын.

Біздің инвестициялық ахуалымыз неғұрлым қолайлы, ал Қазақстан тартылған шетел инвестицияларының көлемі мен сапасы бойынша басты орынға шығуы үшін бізге саяси ерік-жігер мен нақты іс-қимыл қажет. Өлемге әйгілі инвесторларды мүмкіндігінше көтеп тарту үшін біз қажетті тетіктерді пайдалануда асқан шеберлік танытуға да тиіспіз.

Сондықтан да мен өз Жарлығыммен Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетті құрып, оған тікелей инвестицияларды қорғаудағы саясатымызды іске асыру құқығы бар Қазақстандағы бірден-бір мемлекеттік орган мәртебесін бердім. Шетелдің қурделі қаржылары соңындағы құғынның ұзаққа созылатынын өрі ешқашан бітпейтінін есте ұстау керек. Бұл бәйгеде біздің артта қалуға хақымыз жоқ.

Қазақстан үшін индустримальық технологиялық стратегияны қалыптастыры қажеттілігі дүниежүзілік тәжірибеден туындал отыр. Дамушы елдердің барлығы дерлік өнбекті қажет ететін өндірістен капиталды, технология мен ғылымды қажет ететін өндірістерге дейінгі жолдан өтті. Өндірістің инерциялық және ауыр құрылымын құлашты бір сермен түзетуге болмайды. Дүниежүзілік тәжірибе жалпы ұлттық өнімде ауыл шаруашылығының, өндіруші өнеркәсіптің үлесін ұдайы кеміту және, керісінше, өндеуші өндірістің, ең алдымен ғылымды қажет ететін, қосылған құны жоғары өндірістерді, сондай-ақ қызмет көрсету саласының үлесін ұлғайтуға саятын белгілі бір дәйектіліктің қажеттігін көрсетіп отыр.

Қолайлы жағдай туғанда еліміздің тірек саласы болып табылатын мұнай-газ өндіру саласының, сондай-ақ бүкіл өндіруші өнеркәсіптің көлемі айтартықтай артады деп санауға жеткілікті негізіміз бар.

Бұл өз құрылымдық саясатымызды құруда басшылыққа алуымызға тиіс бағдар болады. Бұл ретте біздің индустримальық стратегиямыз жекелеген көсіпорындарды қозғамайды. Біз мемлекеттік саясат тетіктерін Қазақстанға қолайлы салаларды дамытуға жәрдемдесетіндей етіп пайдаланатын боламыз.

Тек шикізатқа бағдарланған ел болып қалмау үшін біз жеңіл және тамақ өнеркәсібін, инфрақұрылымды, мұнай мен газ өндеуді, химия мен мұнай-химиясын, мәшине жасаудың жекелеген шағын салаларын, ғылымды қажет ететін түпкілікті өндірістерді, қызмет көрсету саласын, туризмді бұрынғыдан да ілгері қарқынмен дамытуға тиіспіз.

Тұрақты өрлеуді қамтамасыз етуге бізге өндірісті диверсификациялау көмектеседі. Қазірге бәтуәгер импорт кезіндегі қатаң бәсекелестік жағ-

дайында өндірістер мен бүтіндей салалардың нарыққа бейімделу процесі жүріп жатқан кезде, біздің шикізаттан басқа өнімдеріміз бәсекеге түсे алмайтын кезде біз өндірістің ауыр шикізаттық құрылымына қарай құлдырай береміз, ал бүкіл өркениетті және дамушы әлем бұған тікелей қарама-қарсы бағытта жүріп барады. Өндірістің құлдырауы мен оның керітартпа құрылымы бұдан былай есепке алмауга болмайтын екі есе қауіпті фактор болып табылады. Егер еркін рынок шын мәнінде еркін болса, ол елде жаңа өндірістер туғызады. Біздің міндеттіміз Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастық алдында инвестициялар үшін тартымды жер ретінде көрсетіп, неғұрлым маңызды салаларға инвесторларды пәрменді тарту болып табылады.

Бірақ әзірге тек рыноктың күшіне ғана сенуге болмайды. Үкімет диверсификацияның пәрменді индустріялық саясатына кірісіп, назарды макроденгейден микроденгейге аударуға тиіс.

2010 жылға дейінгі бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктері мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көніл белу керек. Бұл, басымдық тәртібімен айттар болсақ – ауыл шаруашылығы, орман және ағаш өндеу өнеркәсібі, жәніл және тамақ өнеркәсібі, туризм, тұрғын үй құрылышы және инфрақұрылым жасау. Осы салаларды дамыту арқылы біз экономиканың құрылымдық мәселелерін ғана емес, жұмыспен қамту және кедейлік мәселелерін де шешеміз, бұл – қазіргі уақытта ерекше маңызды нәрсе.

Экономикалық өрлеудің еліміздің дамуы үшін қаншалықты маңызды екенін баршамыз түсінеміз. Қарқынды экономика болмайынша, біз мектептер мен ауруханаларды қаржыландыра алмаймыз, қоғамды жемқорлық пен қылмыскерліктен қорғай алмаймыз. Сондықтан бұл басымдық бүгін де, ертең де және алдағы отыз жылдың ішінде де ең маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді.

#### **4-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІК БАСЫМДЫҚ: ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ, БІЛІМІ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ**

*Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі.*

*Қазақтың халық мақалы*

Экономикалық ілгерілеу біздің азаматтарымыздың иғлігіне өздігінен кепілдік бере алмайды. Гүлденген экономика жағдайында-ақ өз денсаулығын дұрыс күтпеуінің және қоршаған ортаның ластануы салдарынан науқас адамдардың саны жылдан-жылға есіп отырғанын көзге елестету қын емес. Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салу керек. Бұл мақсатты іске асырудагы біздің стратегиямыз мынадай құрамдас бөліктерден тұрады:

Ауруды болдырмау және салауатты өмір салтын ынталандыру. Мемлекеттің, бір жағынан, ауруды болдырмау, екінші жағынан, салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі қадамдары халықтың денсаулығына әсер ететін манызды фактор екенін өлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Аурулардың алдын алу дегеніміз таза су мен кенеулі асты пайдалануды, тазарту жүйелерінің болуын, қоршаған ортаны ластайтын және экологиялық зиян келтіретін объектілерді қысқартуды, басқа да қауіпті факторларды тәмендету жөніндегі осыған үқсас шараларды білдіреді.

Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысымызыға, дұрыс тамақтануымызыға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызыға және т.с.с. бағытталған.

Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда, ауруларға қарсы қурес пен денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеуден басталады. Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды, тазалық пен санитария ережелерін насихаттайтын пәрменді ақпараттық іс-шаралар жүргізілуі қажет. Ол мыналарды қамтуға тиіс:

Нашақорлық пен наркобизнеске қарсы қурес. Есірткіні әкелу мен таратуға қолданылатын жазаны қатайту және осыған байланысты бірқатар елдердегідей, оның ішінде Малайзия мен Сингапурдегідей өлім жазасын енгізу керек пе деген мәселені қоғамның талқысына шығару керек. Есірткі – өте ерекше және түпкө жететін сала, сондықтан бұл жерде адамгершілік принциптерінің қандай дәрежеде қолданылуы – үлкен мәселе. Таразының бір басында оны әкеліп, тарататын адамның өмірі тұрса, екінші басында соның "көмегімен" қор болған есірткі тұтынушылардың ғұмыры тұр.

Темекі мен алкогольді тұтынуды қысқарту. Алкоголь мен темекінің адам өміріне зиянды екені дәлелдеуді қажет етпейді. Халықаралық тәжірибе бұл салада мемлекеттік саясатты жүргізудің алкоголь мен темекіге салық енгізу, сондай-ақ маскүнемдіктен емделуге арнайы салық салудан бастап, бірнеше сабағын ұсынып отыр. Біз бұл мәселе де байыпты саясат жүргізуіміз керек. Контрабанданың ағыны мен қылмыскерліктің өсуі сияқты кері нәтижеге душар болмас үшін бұл арада барлығын салмақтап, бірнеше қайтара есептеп шығу керек. Бастапқы кезде алкоголь мен темекіні жарнамалуға барлық жерде және түпкілікті тыйым салынуға тиіс. Шылым шегу терең ойластырылып, асыра сілтеушилікке ұрынбай, біртіндеп қоғамдық орындардан ығыстырылуы қажет. Мұны басқаларға үлгі болу үшін мемлекеттік үйлер мен мемелерден бастау керек. Жалпы, адамдар неліктен өз денсаулықтарын құртып, оны улайтындарға төзіммен қарауға тиіс? Мен барлықтарыңызды шылым шегушілерге ымырасыз болуға шақырамын.

Қоғамдық сана мен мораль алкогольге барынша қарсы болуға тиіс. Мемлекет бұл сезімді тәрбиелеуге тиіс. Кеңес өкіметі жылдарында арақ біздің

тұрмысымызға, әдетімізге, дәстүрімізге тереңдеп енді. Ол ауылдық жерлерде де адам өмірінің ажырамас бөлігі болып алды. Бүгін көшілік қыншылыққа тап боп, құйзеліске түскенде ішкілікке салыну артып отыр.

Көптеген елдер бұл кеселге тыйым салғанмен, табысқа жете алмады. Осыған қарамастан кейбір елдер ұтымды ақпараттық және түсіндіру саясатын жүргізу, мәдениет пен білім арқылы едәуір табыстарға қол жеткізді. Өнеркәсібі дамыған елдерде ішімдікті пайдаланушылар мен темекі тартушылардың саны кеми түсуде, өйткені кәсіпкерлік – денсаулығы мықты жандардың үлесі. Өмір салтын теріс әдептерден спортқа көшіру тиімді жолдардың бірі болып табылады.

Әйел мен баланың денсаулығын жақсарту. Ана мен баланың денсаулығын қорғау біздің мемлекетіміздің, денсаулық сақтау органдарының, жүртшылықтың тікелей назарында болуға тиіс. Уақыт өтіп, қазына кіріс өскенде мемлекет үшін де, отбасын қолдауға тиімді демографиялық саясат үшін де қолайлы нысанда аналар мен балаларға мемлекеттік қолдау көрсетуге қаржат табамыз. Біз бұрынғы уақыттан бері және қындықтарға қарамастан бүгін де осындай көмекті көрсетіп келеміз. Мен балалы болғысы келмейтіндерге салық енгізу туралы ұсынысты қөшілік талқысына саламын. Одан түсken қаржыны көп балалы отбасыларды қолдауға жұмсар едік.

Бізге жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керек. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғызасты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін қүшеттүгө тиіспіз. Ата-аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда, еліміз үшін алаңдамауға да болады. Бұл ұсыныстар Қазақстан халқына қашанда тән болған, оларды жаңдандырып, жан-жақты қорғау қажет. Жүртшылық мұнда дұрыс шешімді көрсетіп, ол отбасы туралы занда бейнеленуге тиіс.

Салауатты тұрмыс құрып, сол арқылы балаларына үлгі көрсетіп отырған ата-аналарды айрықша атап көрсету қажет. Мен компаниялар мен жұмыс берушілерге осы тұрғыдан көтермеледің тиісті нысандарын іздестіруді ұсындар едім.

Елімізде жыл сайын 200 мың аборт жасалады. Қоғамда абортқа тыйым салу керек пе, жоқ па деген мәселе пікірталасына түсіу керек. Мұндай өте нәзік мәселе де, басқа мәселелерде де мен қөшілікті қолдаймын. Қандай жағдайда да, әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп тәндірмейтін отбасын жоспарлаудың өркениетті жолына түсіміз керек.

Жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек үрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көніл бөлуді қүшеттүгө тиіспіз.

Тамақтануды, қоршаған орта мен экологияның тазалығын жақсарту.

Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20 процентіне себеп болып отыр, ал кейбір аймақтарда жағдай мұнан да қыын. Отандастарымыздың үштен бірі сапасыз ауыз суды пайдаланады. Жеткілікті және дұрыс тамақтанбау да теріс демографиялық салдарға әкел соғады.

Сондықтан біздің әрқайсымыз тамақтану мен ауызсуға ерекше көңіл бөлуге тиіспіз. Біздің мамандарымыз қалай дұрыс тамақтану керек екенін, табыс дәрежесіне қарай өз рационын қалай құру керек екенін қазіргі заманғы жеке басының тазалығы ережелерін орындауды, сапасы төмен ауыз судың зиянын қалай тигізбеуді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіруден жалықпауы керек. Экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мен стандарттау органдары қойылған мақсаттардың басымдығына сәйкес жұмыс жүргізуге тиіс. Кез келген сапасыз тамақ өнімдерін өткізушилер мен жасап шығарушыларға, табиғи ортаны ластаушылардың бөріне берік және қат-қабат тосқауыл қойылуы қажет.

Мемлекеттік ведомстволардың басшылары осының бөрінде де үлгі көрсетуге тиіс. Сонымен қатар дінбасылар мен қоғамның басқа да құрметті адамдарын осы процеске қосылуға шақырамын. Бұл – маңызы зор мәселе-лер. Адамдардың денсаулығы мен он мындаған отандастарымыздың өмірі осы шараларға тікелей байланысты.

## 5-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІК БАСЫМДЫҚ: ЭНЕРГЕТИКА РЕСУРСТАРЫ

*Байлық – байлыққа ие болуда емес, оны үқсата білуде.*

*Сервантес*

Қазақстан табиғи ресурстардың, өсіресе энергетика ресурстарының орасан зор қорына ие. Біздің еліміздің аумағында, бағам бойынша мұнайлы алғашқы он елдің қатарына қосарлық мұнай мен газ кен орындары бар. Сонымен қатар Қазақстанда көмірдің, уранның, алтынның және басқа да бағалы минералдардың мол қоры бар.

Соған қарамастан, біз көп жылдар бойы өзіміздің ішкі қажетімізді қамтамасыз ете алмай келеміз. Бұл – кеңестер кезеңінде жасалған бөліс жүйесі, сондай-ақ өзімізде қажетті инфрақұрлық болмауының салдары.

Сайып келгенде, халықаралықрынокқа мұнай мен газ экспорттау үшін қажетті коммуникациялардың болмауы дамуымыздың жоспарларын жүзеге асыруға керекті қаражат алатын мүмкіндігімізді барынша шектеп отыр.

Энергетикалық ресурстарды пайдалану стратегиясы мынадай элементтерді қамтиды:

Біріншісі, біз өз қорларымызды жедел әрі тиімді пайдалану үшін ұздік халықаралық технологиялар, ноу-хау, ірі капиталдар тарту мақсатымен басты халықаралық мұнай компанияларымен ұзақ мерзімді әріптестікке бара-мыз. Біз қазірдің өзінде бірсыныра ірі контрактыларға қол қойдық, ал басқа контрактылар әзірлену үстінде.

Біз ұзақ мерзімді келешекке өзімізге міндеттері сәйкес келетін әріптестер іздейміз. Контрактыларда біз Қазақстанның мұддесін, экологиясын, өз адамдарымыздың жұмыспен қамтылуы мен даярлануын, әлеуметтік міндеттерді шешу қажеттігін қатаң әрі парасат түрғысынан кездестіретін боламыз.

Өзіміздің табиғи ресурстарды пайдалануда біз ұздік әлемдік практикаға сәйкес келетін және Қазақстанның мұдделеріне жауап беретін орнықты келісімдерге мұдделіміз.

Біздің кірістеріміздің тұрақтылығы және контрактыларымыздың әділеттілігі, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтың қолдауының кепілдігі, міне, осында жатыр.

Біздің стратегияммыздың екінші бөлігі – мұнай мен газ экспорты үшін құбыр арналарының жүйесін құру. Тәуелсіз экспорт арналары көп болғандаған біз көршіміздің біріне тәуелді болудан және келесі тұтынушыға баға жөнінен кіріптар болудан құтыламыз.

Үшіншісі – отын ресурстарын пайдалану жөніндегі біздің стратегияммыз әлемдік қауымдастықтың ірі елдерінің мұддесін Қазақстанға, оның әлемдік отын өндіруші ретіндегі рөліне бағыттау. Бұл ретте біздің мұнай-газ бизнесімізді инвестициялауға тиіс компаниялар мен елдер АҚШ-ты, Ресейді, Қытайды, Жапонияны және Батыс Еуропаның мемлекеттерін қамтиды. Бұл елдер мен компаниялардың біздің ресурстарымызды тұрақты және тұrlаулы негізде экспорттауға деген экономикалық мұдделері Қазақстанның тәуелсіз және қарыштап дамуына жәрдемдесетін болады.

Төртіншіден, шетел инвестицияларын тарту арқылы біз ішкі энергетика инфрақұрылымын құру мен дамытуды, ішкі қажеттілік пен тәуелсіз бәсекелестік проблемаларын шешетін боламыз.

Ақыр соңында, бесіншіден, бұл стратегия осы ресурстардан түсетін келешек кірістерді барынша үнемшілдікпен пайдалануды көздейді.

Біз өзіміздің стратегиялық ресурстарымызға қатаң бақылау қоюға, үнемшіл болуға әрі қаражатты ұқыпты жұмсал, олардың бір бөлігін өзіміздің болашақ ұрпақтарымыз үшін жинақтауға тиіспіз.

## **6-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІК БАСЫМДЫҚ: ИНФРАКҮРЫЛЫМ, ӘСІРЕСЕ КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС**

*Адамға абырой әперетін үш іс бар:  
күмда қазылған құдық, өзенге салынған көпір,  
жол жағасына отырғызылған саялы ағаш.*

**Шығыс мақалы**

Тарихи түрғыдан алғанда, еліміздің аумағы арқылы Шығыстан Батысқа және көрі қарай көлік легі тоқтаусыз өтіп жатты, ал олардың жылжу жиілігі бүгінгі күні де саябыrsитын емес. Қазақстанның міндегі отандық көлік-коммуникация кешенінің бәсекелестік қабілетін және аумағымыз арқылы өтетін сауда легінің ұлғайтылуын қамтамасыз етуде жатыр.

Белгілі бір дәрежеде бұл сала біршама дамыған, ал ұзақ мерзімдік келе-шекте жан-жақты өсу стратегиясына ілесуге тиіс, мұның өзі ұлттықрынокты жан-жақты жетілдіруге және біздің көлік және коммуникациялық қызметімізге ден қоятын жаңарыноктар іздеуге саяды. Бұл стратегия автомобиль жасау, туризм, қызмет жүйесі, жол және курделі құрылыш салаларын барған сайын дамыта беруге және отандық өнімнің өзіндік құнындағы көлік шығынын кемітуге жәрдемдесетін болады.

### **Темір жол көлігі**

Аумағымыздың ауқымын және экономикамыздың шикізаттық бағдарын ескерсек, Қазақстанда жүк тасымалының негізгі көлемі темір жол арқылы жүзеге асырылатын болады. Көліктің осы түрінің алдында түрған стратегиялық міндегітерді іске асыру үшін басымдықтар ретінде мыналарды атау керек:

– Халықаралық көлік және сауда байланыстарын, сондай-ақ Трансазия магистралі бойынша транзиттік жүк тасымалының қамтамасыз ететін негізгі темір жол бағыттарын жаңарту;

– Достық стансасын дамыту мен Достық – Ақтогай участесін нығайту-ды аяқтап, оның өткізім қабілетін жылына 10 млн. тонна жүк тасымалына дейін жеткізу;

– Жүк жинақталатын аудандарда көп модульды терминалдар ұйымдастыруға кірісү, сол арқылы көліктің сан түрлерінің технологиялық бірлігін қамтамасыз ететін контейнерлік және бумалық тасымалды қолдана бастау;

– Барлық көліктік-коммуникациялық монополияларды батыл қайта құрылымдауды жүзеге асыру, оларды бейіні сәйкес келмейтін кәсіпорындардан арылту.

### **Автомобиль жолдары және автокөлік**

– Автомобиль жолдарын шапшаң аралықтар қоры арқылы халықаралық тасымалды қамтамасыз ететін бағыттарда дамыту;

- Жекеменшік автомагистральдар салу, қазіргі барларын жекешелендіру мен концессияға беру жөніндегі жұмыстарды бастау. Оларға осы заманғы халықаралық талаптар деңгейінде қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету;
- Ауылдық жерлердегі автожолдардың желісін басымдық тәртібімен дамыту жөне ұзақ мерзімді келешекте олардың қатқыл табанды жолға көшірілуіне жету, автомагистральдар мен көпір конструкцияларының өткізім қабілетін жақсарту.

### **Әуе көлігі**

- Авиацияда тәртіп орнату және ұшақтар паркін лизинг пен жоғары сыйныпты ұшақтардың белгілі бір көлемін сатып алу есебінен толықтыру;
- Әуежайларды қайта жаңартуды қолға алу, қызмет көрсету мен сервисті қамтамасыз ету деңгейін халықаралық стандарттарға дейін жеткізу;
- Қазақстан арқылы өтетін транзиттік әуе желілерін дамыту мақсатында әуе қозғалысын басқару жүйесін қайта үйымдастыру.

### **Су көлігі**

- "Ақтау" айлағын қайта жаңарту және флотты "өзен – теңіз" түріндегі кемелермен толықтыру үшін шетел инвестицияларын тарту;
- Өзен пароходстволарының жұмысын, әсіресе жүк және жолаушы тасымалындағы өзіндік құны төмен кемелерді іске қосып, олардың жұмысын жандандыру.

### **Байланыс және телекоммуникациялар желілітері**

Телекоммуникациялар нарықтық тетіктер қызметін ақпарат алуды кеңейту мен олардың берілуін жүзеге асыру арқылы қуаттап отырады.

Телефондар, факстар мен электрондық поча – осы заманғы бизнесті дамытудың өмірлік маңызды әрі объективті түрғыдан қажетті шарты.

Ақпараттық технологиялар, оның басқа түрлерімен салыстырғанда, өз мәнісі жағынан негұрлым "көпшіл" әрі икемді бола отырып, бизнесті, экспорттық қызметті дамытуға және экономиканы орталықсыздандыруға барынша жәрдемдеседі. Олар үлттық экономикаларды шоғырландырады және аймақтың ауқымын кеңейте отырып, әлемдік экономикалық байланыстарды нығайтады.

Сонымен қатар телекоммуникациялар жана жұмыс орындарын бере отырып, ауылдық және қалалық аймақтардың арасындағы экономикалық көші-қонды азайта отырып, әлеуметтік салалардағы керегарлықтар мен келенсіз құбылыстарды азайтуға барынша жағдай жасай алады. Ақпараттық технологиялардың деңсаулық сақтау мен білім беру салалары үшін, сондай-ақ айналадағы ортаны жақсарту үшін маңызы баға жеткісіз.

Баршаның пайдалануына ортақ әрі толығымен іске қосылған телекоммуникациялық жүйенің келесі бір жақсы жағы – жолдың ауырлығына, жеке-

леген аймақтардың алыстығына және жолаушы тасымалы бағасының қымбаттығына қарамастан, күллі жұртқа ақпарат алуға мүмкіндік беретін көпілдігінде жатыр.

Біздің үкіметіміз шалғайдағы әлсіз дамыған аудандарға, ең кемі, байланыс қызыметінің ең тәмен деңгейін беретін болады. Айтальық, балалар мен жастарға арналған аймақтық оқыту бағдарламаларын таратып отырады. Мұның өзіндік құны өте арзан, әрі алдағы уақытта едөүір пайда келтіреді.

Бұғінгі таңда Қазақстан Республикасының алдында, ең алдымен, болашақта әлемнің дамыған елдерінің осындағы инфрақұрылымдарымен бәсекелесуге қабілетті дербес тәуелсіз және тиімді телекоммуникациялық қызымет көрсету жүйесін құру міндеті тұр.

Қазақстан телекоммуникацияларының қазіргі жай-куйі басқа елдермен салыстырғанда өз желілерінің жетерліктері тығыздығына қарамастан, елеулі экономикалық проблемаға айналып отыр.

## 7-ҰЗАҚ МЕРЗІМЛІК БАСЫМДЫҚ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛЕТІН ҚЕСІПҚОЙ МЕМЛЕКЕТ

*Бастығы көп ел заңнан таяды.*

**Соломон**

Қазір мемлекеттік аппаратты қайта үйімдастыру мен жетілдіру қолға алынды, алайда бул процеске неғұрлым қуатты қарқын беру қажет. Менің биылғы жылдың басынан бері үкіметіміз бен оның дербес құрамын тубегейлі реформалау стратегиясын іске асыруға кірісуім де сондықтан. Үкімет орталық және аймақтық деңгейлерде қысқартыла бастады және бұл процесс жалғаса береді.

Біздің міндет – Қазақстанда нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызымет пен басқару құрылымының осы заманғы, тиімді жүйесін жасау, басым мақсаттарды іске асыруға қабілетті үкімет құру; ұлттық мұдделердің сақшысы бола алатын мемлекет қалыптастыру.

Кеңестік әміршілдік экономика дәүірінде мемлекет бастан-аяқ бәрін бақылауға тырысты. Соның салдарынан ол көптеген қайталанатын қызымет буындары көп ебедейсіз құрылымға айналды. Қалыпты дамыған елдерде кеңес мемлекеті бақылауына алуға әрекеттенген міндеттердің 80 проценті мемлекеттердің функциясына жатпайды.

